Бекітемін:_____
«Алпамыс» бөбекжай-
бақшасы» МКҚК меңгерушісі
М.К. Сабитова
«1» 09 2025 ж.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының негізінде 2025- 2026 оқу жылына арналған ұйымдастырылған қызметтің перспективалық жоспары

«Алпамыс» бөбекжай-бақшасы» МКҚК
Мектепалды топ: «Ботақан»

ПЕТРОПАВЛ, 2025-2026

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының негізінде 2025-2026 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Мектепке дейінгі ұйым: «Алпамыс» бөбекжай-бақшасы» МКҚК
Топ: «Ботақан» мектепалды тобы
Балалардың жасы: 5 жастағы балалар
Қандай кезеңге жасалды: 2025-2026 оқу жылы, қыркүйек айы

Ай	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
қыркүйек	**Дене тәрбиесі**	**Жүру:** Сапта бір-бірден, екеуден, үшеуден жүруге; аяқтың ұшымен, аяқтың ішкі және сыртқы қырымен жүруге; тізені жоғары көтеріп жүруге, заттардан бір қырымен аттап жүруге; белгі бойынша басқа бағытқа бұрылып жүруге, қолдың бастапқы қалыптарын өзгерте отырып, әртүрлі қарқында секіргіштен аттап жүруге үйрету. **Тепе-теңдікті сақтау:** Заттардан аттап жүруге, шектелген жазықтықтың үстімен қосалқы қадаммен, аяқтың ұшымен жүруге; скамейканың үстіне қойылған текшелерден аттап жүруге, арқан бойымен бір қырымен, қосалқы қадаммен (өкшені арқанға, аяқ ұшын еденге қою) жүруге үйрету. **Жүгіру:** Шашырап, жұппен, қатармен бір-бірден, екеуден, үшеуден тізені жоғары көтеріп жүгіруге; бір сызыққа қойылған заттардың арасымен, кедергілердің арасымен өту арқылы «жыланша» жүгіруге; кедергілерден өту арқылы әртүрлі жылдамдықпен (баяу, жылдам, орташа қарқынмен) 1,5–2 минут тоқтамай жүгіруге үйрету. **Еңбектеу, өрмелеу:** Жүру мен жүгіруді алмастырып, заттардың арасымен «жыланша» төрттағандап еңбектеуге, кедергілер арасынан еңбектеуге; допты басымен итеріп, төрттағандап еңбектеуге (арақашықтығы 3–4 метр); гимнастикалық скамейка бойымен қолымен тартылып, иықтары мен тізелеріне сүйене отырып, етпетімен өрмелеуге үйрету. **Секіру:** Бір орында тұрып, алға қарай 3–4 метр қашықтыққа жылжу арқылы секіруге; екі тізенің арасына қапшықты қысып алып, түзу бағытта (арақашықтығы 6 метр) қос аяқпен секіруге; қос аяқпен заттардың арасымен (арақашықтығы 4 метр), оң және сол аяқты алмастырып заттардың арасымен (арақашықтығы 3 метр) секіруге, бір орында тұрып биіктікке секіруге үйрету **Лақтыру, қағып алу, домалату:** Допты жоғары, жіптің үстінен лақтыруға және екі қолымен, бір қолымен (оң және сол қолын алмастыру) қағып алуға; допты бір қатарға қойылған заттардың арасымен домалатуға, допты қабырғаға лақтыруға және екі қолымен қағып алуға үйрету. **Сапқа тұру, сап түзеу, қайта тұру:** Сапқа бір, екі, үш қатармен тұруға, бір-бірінің жанына және бір-бірінің артынан сапқа тұруға үйрету; орнында айналуға, оңға, солға бұрылуға үйрету; сап түзеп, бір, екі, үш қатармен қайта тұруға үйрету. **Жалпы дамыту жаттығулары** **Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар:** Қолды кеуде тұсына қою, екі жаққа созу; қолды жоғары көтеру және екі жаққа созу, қолды желкеге қоюға үйрету. Саусақтарды

		айқастырып, алға-жоғары көтеру (қолды сыртқы жағымен ішке қарай бұру). Қолды кезекпен жоғары-артқа көтеруге үйрету. **Кеудеге арналған жаттығулар:** Қолды алға көтеріп, солға (оңға) бұрылуға үйрету. **Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындауға үйрету. **Спорттық жаттығулар мен ойындар** Спорт залында және спорт алаңында қауіпсіздікті сақтауға баулу. Велосипед, самокат тебуге үйрету. Шеңбер бойымен және тура жолмен өз бетінше екі дөңгелекті велосипед тебуге, оңға және солға бұрылуға үйрету. **Баскетбол элементтері:** Кеуде тұсынан екі қолымен допты бір-біріне лақтыруға үйрету. Допты оң және сол қолмен алып жүруге жаттықтыру. **Бадминтон:** Воланды ракеткамен белгілі бір жаққа бағыттай отырып лақтыруға үйрету. **Футбол элементтері:** Берілген бағытқа допты оң және сол аяқпен тебуге үйрету. Допты заттарды айналдыра жүргізуге, допты қақпаға тебуге үйрету. Допты бірнеше рет аяқпен қабырғаға тебуге үйрету. **Салауатты өмір салтын қалыптастыру** Адам ағзасы және оның қызметінің ерекшеліктері туралы түсініктерді кеңейту. Балалардың назарын ағзасы мен денсаулығының ерекшеліктеріне аудару. Салауатты өмір салтының маңызды компоненттері: дұрыс тамақтану, қимыл-қозғалыс, ұйқы және күн тәртібі, ауа мен су, сондай-ақ денсаулыққа зиян келтіретін факторлар туралы түсініктерді кеңейту. **Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру:** Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. **Жеке гигиена ережелері:** Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын қадағалау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртінуге үйрету. **Сауықтыру-шынықтыру шаралары:** Су температурасын біртіндеп төмендете отырып, қарапайым шараларды өз бетінше жүргізуге дағдыландыру; балалардың денсаулығын, шынықтыру құралдарының әсеріне бейімделу деңгейін ескеріп, қарама-қарсы температурадағы сумен шайынуға үйрету; таңертеңгі жаттығуларды орындауға қызығушылық тудыру, дене бітімін қалыптастыру және табанды (өкшені) нығайту.
	Тіл дамыту	**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті** Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз б-п, г-ғ, к-қ дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету. Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтауға үйрету (басы, ортасы, соңы). Артикуляциялық жаттығулар жасауға үйрету. **Сөздік қор** Балалардың сөздік қорын тұрмыстық заттарды білдіретін зат есімдермен, заттардың қасиеттері мен сапасын сипаттайтын

		сын есімдермен, адамдардың қарым-қатынасын, олардың еңбекке қатынасын білдіретін үстеулермен байыту. Сөйлегенде көп мағыналы сөздерді, синонимдер мен антонимдерді қолдану, белгілі бір затқа белгілерді, әрекеттерді және берілген әрекетке заттарды таңдай білуге үйрету. **Тілдің грамматикалық құрылымы** Сөйлемдердегі сөздерді: зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру. **Байланыстырып сөйлеу:** Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру, әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу, әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстауға, әдепті және сабырлы болуға үйрету. Негізгі ойды дұрыс жеткізе білуге үйрету, монологты байланыстырып құра білуге, әңгімені бірізді айтуға, шағын логикалық және хабарлау сипатындағы әңгімелерді құрастыруға үйрету. Ойыншықтарды, заттарды, сюжеттік суреттерді, табиғат құбылыстарын сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдауға, сын есімдер мен үстеулерді қолдануға үйрету. **Шығармашылықпен сөйлеу қызметі** Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығару, бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау және хабарлау әңгімелерін құрастыру, өзара байланысты бірізді сюжет құрастыруға, сөйлегенде бейнелі сөздерді, эпитеттерді, салыстыруларды қолдануға үйрету
	Көркем әдебиет	**Кітап мәдениетіне және театрға қызығушылығын қалыптастыру** Балаларды қол жетімді көркем шығармалар мен фольклорға, театр әлеміне баулу, кітапқа деген қызығушылығын дамыту. Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету, олардың мазмұнын түсінуге, себеп-салдарлық байланыстарды, жанрларды (ертегі, әңгіме, өлең) ажыратуға үйрету, **Шығарманы қабылдау және әдеби талдау дағдылары** Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, эмоциямен, қисынды қайталап айтып беруге, диалогтік сөйлеуді дамыту, кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіруге үйрету. Әдеби кейіпкердің белгілі бір әрекетін өзінің қалай қабылдағаны туралы айтуға үйрету. кейіпкерлердің жасырын әрекетін түсінуге үйрету **Мазмұндау және диалогтік сөйлеуді дамыту** Көркем шығарманы рөлдерге бөліп, сахналауға үйрету, рөлдерде кейіпкердің көңіл күйі мен мінезін, бейненің қимылын, интонациясы мен мимикасын беруге үйрету, қойылымдағы өзінің рөлін мәнерлі дербес орындауға үйрету. **Мәнерлеп оқу және сахналық бейнелеу өнері** Өленді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айтуға үйрету. **Эстетикалық қабылдау (иллюстрациямен жұмыс)** Балалардың назарын кітаптың безендірілуіне, иллюстрацияларына аудару. **Коммуникативтік дағдылар және ақпаратпен алмасу** Баланың басқа құрдастарымен және ересектермен түрлі дереккөздерден: ғаламтордан, теледидардан, жақындарының әңгімесінен алған ақпараттарымен, әсерлерімен бөлісуіне

		мүмкіндік беру. Айналасында болып жатқан оқиғаларға өзінің көзқарасын білдіруге құлшынысын дамыту, сөйлегенде мақал-мәтелдерді қолдануға баулу. **Ауыз әдебиеті және шешендік өнерге баулу** Сөйлегенде мақал-мәтелдерді қолдануға баулу. Шешендікке, сөз өнеріне баулу. **Шығармашылық дербестік пен актерлік шеберлік** Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу, онда рөлді, сюжетті таңдауда бастамашылық пен дербестік танытуға ынталандыру, белгілі образды сомдауда эксперимент жасауға, түрлендіруге мүмкіндік беру.
	Сауат ашу негіздері	**Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру,** сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу. Сөздерді дыбыстық талдауға үйрету: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтауға үйрету **Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру,** сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтауға үйрету. Буындардан сөздер құрастыруға (ауызша) үйрету. **Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру** (грамматикалық анықтамасыз), сөйлем сөздерден тұратынын түсіндіру. Сөйлемді ауызша талдауға үйрету: жай сөйлемдерді сөздерге бөлуге, сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтауға. берілген сөзге сөйлем құрастыруға үйрету. **Қолды жазуға дайындау.** Жазу кезінде арқаны дұрыс ұстау ережелерімен таныстыру. Жазу парағында бағдарлай білуге үйрету, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуге үйрету.
	Қазақ тілі	**Тілдік дамытушы орта** Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту. Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен, киім-кешегімен, азық-түлік өндірудегі тұрмыстық кәсібімен, тұрмыста, аң аулауда, мал өсіруде және егіншілікке қажетті құрал жабдықтары, туған өлкенің көрнекі жерлері, әсем табиғаты, тарихи орындары туралы суреттер, фотолар, альбомдармен жабдықталған орта құру. **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті** Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, ң, h дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру. Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтауға үйрету (басы, ортасы, соңы). **Сөздік қор** Қазақ халқы қолөнер шеберлерімен жасалған киіз үйдің заттарын және тұрмыстық заттарды білдіретін (кереге, уық, шаңырақ), азық-түлік атауларын (бидай, күріш, арпа, жүгері) сөздермен толықтыруға үйрету. Шағын өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтар жаттату, жұмбақтар шешу дағдыларын пысықтау. Балаларды шешендік өнерге, айтыс өнеріне баулуды жалғастыру. **Тілдің грамматикалық құрылымы** Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуге үйрету. **Байланыстырып сөйлеу** Өз бетінше қарым-қатынас жасауға, әңгімелесуге, әңгімелесушінің сөзін мұқият тыңдауға, сұрақтарды дұрыс қоюға, оған қысқа және толық нақты жауап беруге

		баулу.Таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға, тыңдалған көркем шығарма мазмұнын ретімен жүйелі түрде жеткізуге, кейіпкерлердің диалогын мәнерлі интонациямен беруге, шығарманы рөлдерге бөліп сомдауға, кейіпкерлердің мінез-құлқын жеткізуге баулу, шығарманы еркін талқылауға мүмкіндік беру.
	Математика негіздері	**Жиын** Жиынды сапасы бойынша әртүрлі элементтерден (түсі, өлшемі, пішіні, дыбысы, қимылы, қолданылуы бойынша заттардан) құруға үйретуді жалғастыру, жиындарды бөліктерге бөлуге және оларды қайта біріктіруге үйрету, бүтін жиын мен оның әр бөлігі арасында байланыс орнатуға үйрету. "Бір" сөзінің мағынасы, ол тек бір затты ғана емес, сондай-ақ жиынның бір бөлігі ретінде заттардың тобын білдіретінін түсіндіру. **Сан және санау** 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға жаттықтыру. Көрнекілік арқылы 6, 7, 8, 9, 10 сандарының пайда болуымен, 0 ден 9-ға дейінгі цифрмен таныстыру. "Қанша?", "Нешінші?" сұрақтарын ажырату, оларға дұрыс жауап беруге үйрету. **Шама.** Заттардың (5 және одан артық) ұзындығын, биіктігін, ені мен жуандығын анықтай білуге үйрету, заттарды шамасына қарай өсу және кему ретімен орналастыруға үйрету. Шамасы бойынша заттардың арасындағы қатынастарды білдіретін математикалық терминдерді қолдануға үйрету. **Геометриялық фигуралар** Шеңбермен және тіктөртбұрышпен салыстыру арқылы сопақша пішінмен таныстыру. Геометриялық фигуралар (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) мен денелерді (шар, текше, цилиндр) дұрыс атап, оларды ажырата білуге жаттықтыру **Кеңістікті бағдарлау** Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: Сөйлеуде белгілі бір заттың өзіне немесе басқа затқа қатысты орнын көрсете білуге үйрету. Берілген бағытта, оны белгі бойынша өзгерте отырып, бағдарлауын қалыптастыру. Қағаз парағын бағдарлай білуді бекіту. **Уақытты бағдарлау** Әртүрлі оқиғалардың, апта күндерінің, тәулік бөліктерінің реті туралы білімді бекіту. Айлар, жыл мезгілдері туралы түсініктерді қалыптастыру, олардың ретін білу және атау, циферблат бойынша уақытты анықтауға үйрету Заттар мен құбылыстардың математикалық мәнін тануға қызығушылық пен эмоционалды көзқарасты, ойлау мәдениетін, таным процесін ерікті реттеу, шыдамдылық, ұқыптылық, өзіне деген сенімділікті қалыптастыруға баулу
	Сурет салу	**Заттық және сюжеттік сурет салу:** Заттардың, ертегі кейіпкерлерінің бейнесін өзіне тән ерекшеліктерімен салуға үйрету. Геометриялық пішіндегі заттарды салуға үйрету. **Декоративті сурет салу:**

		Түзу, ирек, жіңішке, жалпақ сызықтарды, түрлі көлемдегі дөңгелектерді, жақпаларды, нүктелерді ырғақты орналастыра отырып, қарапайым пішінді өрнектерді құрастыра білуді бекіту мақсатында үйретуді жалғастыру **Техникалық дағдылар:** Суретті қарапайым қаламның көмегімен жеңіл ырғақпен, үстінен қатты баспай, бейненің сұлбасын салуға үйрету Бояумен сурет салу кезінде қылқаламды бояуға батыруға үйрету.
	Мүсіндеу	**Заттық мүсіндеу** Сазбалшық, ермексаз және пластикалық массадан мүсіндеудің алғашқы ерекшеліктерін тануды пысықтау. Күзгі өнімдерді (көгөністер мен жемістерді) шынайы бейнесіне қарап, пішіндері мен өлшемдерін сақтай отырып мүсіндеуге үйрету. **Сюжеттік мүсіндеу** Біртекті заттардан қарапайым сюжеттер құру және бірнеше пішінді бір тұғырға орналастырудың алғашқы қадамдарымен таныстыру. **Декоративті мүсіндеу** Халық шеберлерінің шағын мүсіндерімен, ойыншықтарымен таныстыру және қарапайым ыдыстарды (табақ, тостаған) мүсіндеуге баулу. **Техникалық дағдылар** Мүсіндеудің құрылымдық әдісін (жеке бөліктерден жинау) қолдану және бөліктердің біріккен жерлерін тегістеуге үйрету. Жұмысты ұқыпты орындауға, құралдарды жинауға және қауіпсіздік ережелерін сақтауға дағдыландыру
	Жапсыру	**Бастапқы қию дағдылары және қауіпсіздік** **Қайшымен жұмыс және қию тәсілдері** Қайшы мен желімді дұрыс қолдану, еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтау дағдыларын пысықтау. Жолақтардан тікбұрышты пішіндерді, шаршылардан үшбұрышты пішіндерді тура қиып алуды үйрету. **Ұлттық бұйымдар және материалдармен жұмыс** Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен (жастық, көрпе) таныстыру, олардың пішінін ажыратуға дағдыландыру. Дайын үлгілер мен шаблондарды пайдаланып, қағаздан қарапайым тұрмыстық заттардың бейнесін жапсыру. **Сюжеттік композиция және кеңістік** Шаблондармен, трафареттермен жұмыс істеудің бастапқы тәсілдерін қалыптастыру. Жапсыру барысында парақ бетінде заттарды дұрыс орналастыру, қарапайым композиция ережелерін сақтау.
	Құрастыру	**Бастапқы дағдыларды қалыптастыру және танысу** **Құрылыс материалдары мен конструкторлар** Балаларды құрылыс материалдарымен және конструктор бөлшектерімен таныстыру, олардың атын, түсін, пішінін ажыратуға үйрету Ауызша сипаттау бойынша қарапайым тақырыптарға (жол, қоршау) құрастыру дағдыларын қалыптастыру. **Қағаздан құрастыру** Қайшыны қауіпсіз ұстау, дайын үлгілермен жұмыс істеу және бейнені кескіні бойынша қию тәсілдерін үйрету.

		Қағаз парағын бүктеу арқылы қарапайым жазық материалды көлемді пішінге өзгерте білуді үйрету **Табиғи және қалдық материалдар** Табиғи материалдардың түрлерімен (ағаш, мақта, жүн, асық) таныстыру, олардың қасиеттерін зерттеу. Дайын табиғи материалдарды (жапырақтар, бұтақтар) пайдаланып, көрнекілікке сүйене отырып қарапайым бейнелер жасауға баулу.
	Музыка	**Музыка тыңдау** Балаларды шығармалардың эмоционалды мазмұнын, олардың сипатын, көңіл-күйін, динамикалық ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету. Әннің қарқынының өзгеруін байқау, шығармаларды сипаттай білуге дағдыландыру. Музыкалық шығармаға көзқарасын білдіру, оның сипаты, мазмұны туралы айтуды үйрету. Музыканың сипатын бейненің мазмұнымен, оның көңіл-күйімен байланыстыра білуді қалыптастыру. **Ән айту** Ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді үйрету. Ән айту дағдыларын қалыптастыру, бірінші октаваның «ре», екінші октаваның «до» диапазонда жеңіл дауыспен ән айту, ән айтар алдында, музыкалық фразалар арасында тыныс алу, әннің сөздерін анық айту, орташа, қатты және ақырын дауыспен ән айтуды үйрету. **Музыкалық-ырғақтық қимылдар** Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету: марш сипатын анық ырғақты жүрумен; музыканың қимыл сипатын жеңіл және ырғақпен жүгіру, жүрелеп отыру арқылы бере білуді үйрету. Би қимылдарын: қосалқы және ауыспалы қадам жасауды, әртүрлі бағытта жүгіруді және секіруді үйрету. **Билер** Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білу; би қимылдарының элементтерін жеңіл, еркін орындау; қозғалыс бағытын музыкалық фразаларға сәйкес өзгертуге үйрету. Қазақ халқының би өнерімен таныстыру, қазақтың халықтық би өнері ерте заманнан қалыптасқандығын, ол халқымыздың аса бай ауыз әдебиетімен, ән-күйлерімен, дәстүрлі тұрмыс салтымен біте қайнасып келе жатқан ел мұрасы екенін, би өнері өзінің эстетикалық болмысында қазақ жұртының жалпы дүниетанымына сай арман-мұраттарын бейнелейтін қимылдар жүйесін құрайтынын түсіндіру, балаларға «Қаражорға» биін үйрету. **Би шығармашылығы** Таныс би қимылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығару, мәтінге сәйкес әнді сахналау; шығармашылық тапсырмаларды орындауға үйрету. **Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау** Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету, балалар шығармашылығын дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке үйрету. Музыкалық (дауылпаз, асатаяқ) және шулы аспаптарда ойнау тәсілдерімен таныстыру.
	Қоршаған әлеммен таныстыру	**Бала, оның отбасы, үйі** Өзінің жасына сәйкес өмірінде болатын өзгерістерді, балабақшаға баруы, мектепке баруы, ересек азамат болып ер жетуі мен еңбек етуі, болашақта табысты болуы үшін білімнің қажеттігін түсінуіне, болашақта мектепте оқуға ынтасын арттыру, жаңаны тануға, өз өміріне қажетті дағдыларды игеруге ықпал ету. **Заттық әлем, кеңістікті бағдарлау**

		Заттар, олардың белгілерін нақтылау және бейтаныс заттардың қолданылуын түсіну. **Көлік, байланыс құралдары** Арнайы көлік құралдарының түрлерін, белгілі бір жұмыс түрін орындау үшін олардың жабдықталуын түсіндіру. **Еңбекке баулу** Әртүрлі мамандықтар, балабақша қызметкерлерінің еңбегі туралы түсініктерін кеңейту, еңбектің мазмұны, сипаты және нәтижесінің маңызын, түсінуге және бағалауға үйрету. Шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, дербестік пен жауапкершілікке баулуға жалғастыру. **Адамгершілік және патриоттық тәрбие** Балаларды адамгершілік құндылықтарға, өз іс-әрекеттері мен басқа адамдардың іс-әрекеттерін бағалай білуге, өзінің іс-әрекетіне басқалар пікірін білдірген жағдайда ол пікірді дұрыс қабылдауға, өз ісіне адал болуға, еңбек етуде, шығармашылық әрекеттерде нәтижеге жетуге ұмтылуға үйрету **Жол қозғалысы ережелері** Жолда қауіпсіздік ережелерін сақтауға үйрету. Жол белгілерін (жүру бөлігі, жаяу жүргіншілер өткелі, тротуар, велосипед, электросамокат, гироскутер, сигвейге арналған жол) білу, бағдаршамның белгілеріне сәйкес жолдан өтуге үйрету **Табиғатпен таныстыру** Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту. "Өлі табиғат" ұғымымен таныстыру (су, ауа, күн, бұлт, тастар, жел, жаңбыр); өлі табиғат заттарын адамның қолымен жасалған заттардан ажырата білуге үйрету **Өсімдіктер әлемі** Туған өлкенің өсімдіктері (ағаштар, бұталар, гүлдер, шөпті өсімдіктер) туралы түсініктерін кеңейту, "орман", "шалғын" және "бақша" ұғымдарымен таныстыру. **Жануарлар әлемі** Қазақстан аумағын мекендейтін жануарлар мен олардың төлдерін атау және олардың өздеріне тән белгілері бойынша ажыратуға үйрету **Қарапайым экологиялық ұғымдарды,** адамның табиғаттың бір бөлігі екенін және оны қорғау, сақтау керек екенін, күн мен ауаның адам, жануарлар мен өсімдіктер өміріндегі маңызы туралы, табиғатпен қарым-қатынас барысында денсаулықты нығайтуды, табиғатты сақтауда жауапкершілікті сезіне білуге үйрету **Қоғамдық орындарда мінез-құлық ережелері** туралы; үйдегі, балабақша тобындағы міндеттері туралы түсініктерін кеңейту. Ненің "дұрыс" немесе "дұрыс емес", "жақсы" немесе "жаман" екенін түсінуге және ажырата білуге үйрету

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының негізінде 2025-2026 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Мектепке дейінгі ұйым: «Алпамыс» бөбекжай-бақшасы» МКҚК
Топ: «Ботақан» мектепалды тобы
Балалардың жасы: 5 жастағы балалар
Қандай кезеңге жасалды: 2025-2026 оқу жылы, қазан айы

Ай	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
қазан	**Дене тәрбиесі**	**Жүру:** ересектің белгісімен тоқтап, қозғалыс бағытын өзгертіп, шашырап жүруге; заттардың, кегльдердің арасымен, жіптерден аттап жүруге; қосалқы қадаммен алға қарай жүруге үйрету **Тепе-теңдікті сақтау:** қосалқы қадаммен (өкшені арқанға, аяқ ұшын еденге қою) жүруге үйретуді жалғастыру; әр қадам сайын допты алдынан немесе артынан қолдан-қолға ауыстыра отырып, кедір-бұдыр тақтай, гимнастикалық скамейка бойымен жүруге; гимнастикалық скамейканың бойымен екі қадам қашықтықта орналасқан іші толтырылған доптардан аттап өтуге; қолдарынан ұстап, жұптарымен айналуға үйрету. **Жүгіру:** шашырап, жұппен, қатармен бір-бірден, екеуден, үшеуден тізені жоғары көтеріп жүгіруге; бір сызыққа қойылған заттардың арасымен, кедергілердің арасымен өту арқылы «жыланша» жүгіруге; кедергілерден өту арқылы әртүрлі жылдамдықпен – баяу, жылдам, орташа қарқынмен 1,5–2 минут тоқтамай жүгіруге үйретуді жалғастыру; жүру мен жүгіруді алмастыра отырып, 100-120 метр арақашықтықта жүгіруге; белгіленген жерге дейін жылдамдыққа (ұзындығы 20 метр) жүгіруге үйрету. **Еңбектеу, өрмелеу:** жүру мен жүгіруді алмастырып, заттардың арасымен «жыланша» төрттағандап еңбектеуге, кедергілер арасынан еңбектеуге; допты басымен итеріп, төрттағандап еңбектеуге (арақашықтығы 3-4 метр); гимнастикалық скамейка бойымен қолымен тартылып, иықтары мен тізелеріне сүйене отырып, етпетімен өрмелеуге үйретуді жалғастыру; бірнеше заттардан еңбектеп өту, әртүрлі тәсілдермен құрсаудың ішіне еңбектеп өту, гимнастикалық қабырғамен өрмелеуге және бір гимнастикалық қабырғадан екіншісіне ауысып өрмелеуге үйрету. **Секіру:** бір орында тұрып, алға қарай 3–4 метр қашықтыққа жылжу арқылы секіруге; екі тізенің арасына қапшықты қысып алып, түзу бағытта (арақашықтығы 6 метр) қос аяқпен секіруге; қос аяқпен заттардың арасымен (арақашықтығы 4 метр), оң және сол аяқты алмастырып заттардың арасымен (арақашықтығы 3 метр) секіруге, бір орында тұрып биіктікке секіруге үйретуді жалғастыру; бір аяқпен және қос аяқпен құрсаудан құрсауға секіруге (арақашықтығы 40 сантиметр), алға айналдыра отырып, ұзын және қысқа секіргіштен секіруге үйрету. **Лақтыру, қағып алу, домалату:** допты жоғары, жіптің үстінен лақтыруға және екі қолымен, бір қолымен (оң және сол қолын алмастыру) қағып алуға; допты бір қатарға

		қойылған заттардың арасымен домалатуға, допты қабырғаға лақтыруға және екі қолымен қағып алуға үйретуді жалғастыру; 2–2,5 метр арақашықтықтағы нысанаға құм салынған қапшықты, асықты лақтыруға, допты екі қолымен бір-біріне (арақашықтығы 1,5–2 метр) басынан асыра лақтыруға, допты екі қолымен заттардың арасымен (арақашықтығы 4 метр) жүргізу, допты лақтыруға және алға қарай жылжып, екі қолымен қағып алуға үйрету. **Сапқа тұру, сап түзеу, қайта тұру:** сапқа бір, екі, үш қатармен тұруға, бір-бірінің жанына және бір-бірінің артынан сапқа тұруға, орнында айналуға, оңға, солға бұрылуға, сап түзеп, бір, екі, үш қатармен қайта тұруға үйретуді жалғастыру. **Жалпы дамыту жаттығулары:** **Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар:** қолды кеуде тұсына қою, екі жаққа созу; қолды жоғары көтеру және екі жаққа созу, қолды желкеге қоюға, саусақтарды айқастырып, алға-жоғары көтеруге (қолды сыртқы жағымен ішке қарай бұру), қолды кезекпен жоғары-артқа көтеруге үйретуді жалғастыру. **Қолдың күшін жетілдіруге арналған жаттығулар:** 3-5 метр қашықтықта екі қолын жерге қойып, жүруге (бір бала екінші баланы аяғынан ұстайды) үйрету. **Іштің бұлшық еттеріне арналған жаттығулар:** екі бала жұптасып жасауды: бірінші бала қолын желкесіне қойып, шалқасынан жатып, денесін көтереді, екінші бала оның аяғына отырады (5-6 рет); гимнастикалық қабырғада қолдарымен тартылып тұрып, аяқтарын көтеруге үйрету. **Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындауға үйретуді жалғастыру; қимылдардың ырғағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіруді жалғастыру. **Спорттық жаттығулар мен ойындар:** Спорт залында және спорт алаңында қауіпсіздікті сақтауға баулуды жалғастыру. Велосипед, самокат тебуге, шеңбер бойымен және тура жолмен өз бетінше екі дөңгелекті велосипед тебуге, оңға және солға бұрылуға үйретуді жалғастыру. **Баскетбол элементтері:** кеуде тұсынан екі қолымен допты бір-біріне лақтыруға үйретуді жалғастыру. Допты оң және сол қолмен алып жүруге жаттықтыруды жалғастыру. **Бадминтон:** воланды ракеткамен белгілі бір жаққа бағыттай отырып лақтыруға үйретуді жалғастыру. **Футбол элементтері:** берілген бағытқа допты оң және сол аяқпен тебуге, допты заттарды айналдыра жүргізуге, допты қақпаға тебуге, допты бірнеше рет аяқпен қабырғаға тебуге үйретуді жалғастыру. **Салауатты өмір салтын қалыптастыру:** Адам ағзасы және оның қызметінің ерекшеліктері туралы түсініктерді кеңейту. Балалардың назарын ағзасы мен денсаулығының ерекшеліктеріне аудару. Салауатты өмір салтының маңызды компоненттері: дұрыс тамақтану, қимыл-қозғалыс, ұйқы және күн тәртібі, ауа мен су, сондай-ақ денсаулыққа зиян келтіретін факторлар туралы түсініктерді кеңейтуді жалғастыру. Өзінің көңіл-күйін сипаттай білуге

		үйрету. Балаларды дені сау адамның мүмкіндіктерімен таныстыру, олардың салауатты өмір салтына деген қажеттілігін қалыптастыруды жалғастыру. **Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру:** Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіруді жалғастыру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға үйрету, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру. Жеке гигиена ережелері: жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын қадағалау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртінуге үйретуді жалғастыру. **Сауықтыру-шынықтыру шаралары:** Су температурасын біртіндеп төмендете отырып, қарапайым шараларды өз бетінше жүргізуге дағдыландыру; балалардың денсаулығын, шынықтыру құралдарының әсеріне бейімделу деңгейін ескеріп, қарама-қарсы температурадағы сумен шайынуға, таңертеңгі жаттығуларды орындауға үйретуді жалғастыру; қызығушылық тудыру, дене бітімін қалыптастыруды және табанды (өкшені) нығайтуды жалғастыру.
	Тіл дамыту	**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті** Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз б-п, г-ғ, к-қ дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйретуге жалғастыру. Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтауға үйретуді жалғастыру (басы, ортасы, соңы). Артикуляциялық жаттығулар жасауға машықтандыру. **Сөздік қор** Балалардың сөздік қорын тұрмыстық заттарды білдіретін зат есімдермен, заттардың қасиеттері мен сапасын сипаттайтын сын есімдермен, адамдардың қарым-қатынасын, олардың еңбекке қатынасын білдіретін үстеулермен байытуды жалғастыру. Сөйлегенде көп мағыналы сөздерді, синонимдер мен антонимдерді қолдану, белгілі бір затқа белгілерді, әрекеттерді және берілген әрекетке заттарды таңдай білуге үйретуді жалғастыру. **Тілдің грамматикалық құрылымы** Сөйлемдердегі сөздерді: зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен үйлестіре білуді жетілдіруді жалғастыру. **Байланыстырып сөйлеу:** Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру, әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу, әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстауға, әдепті және сабырлы болуға үйретуді жалғастыру. Негізгі ойды дұрыс жеткізе білуге үйретуді жалғастыру, монологты байланыстырып құра білуге, әңгімені бірізді айтуға, шағын логикалық және хабарлау сипатындағы әңгімелерді құрастыруға үйретуді жалғастыру.

		Ойыншықтарды, заттарды, сюжеттік суреттерді, табиғат құбылыстарын сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдауға, сын есімдер мен үстеулерді қолдануға үйретуді жалғастыру. **Шығармашылықпен сөйлеу қызметі** Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығару, бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау және хабарлау әңгімелерін құрастыру, өзара байланысты бірізді сюжет құрастыруға, сөйлегенде бейнелі сөздерді, эпитеттерді, салыстыруларды қолдануға үйретуді жалғастыру.
	Көркем әдебиет	**Кітап мәдениетіне және театрға қызығушылығын қалыптастыру** Балаларды қол жетімді көркем шығармалар мен фольклорға, театр әлеміне баулу, кітапқа деген қызығушылығын дамытуды жалғастыру. Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету, олардың мазмұнын түсінуге, себеп-салдарлық байланыстарды, жанрларды (ертегі, әңгіме, өлең) ажыратуға үйретуді жалғастыру **Шығарманы қабылдау және әдеби талдау дағдылары** Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, эмоциямен, қисынды қайталап айтып беруге, диалогтік сөйлеуді дамыту, кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіруге үйретуді жалғастыру. Әдеби кейіпкердің белгілі бір әрекетін өзінің қалай қабылдағаны туралы айтуға үйретуді жалғастыру. Кейіпкерлердің жасырын әрекетін түсінуге үйретуді жалғастыру **Мазмұндау және диалогтік сөйлеуді дамыту** Көркем шығарманы рөлдерге бөліп, сахналауға үйретуді жалғастыру, рөлдерде кейіпкердің көңіл күйі мен мінезін, бейненің қимылын, интонациясы мен мимикасын беруге үйретуді жалғастыру, қойылымдағы өзінің рөлін мәнерлі дербес орындауға үйретуді жалғастыру **Мәнерлеп оқу және сахналық бейнелеу өнері** Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айтуға үйретуді жалғастыру. **Эстетикалық қабылдау (иллюстрациямен жұмыс)** Балалардың назарын кітаптың безендірілуіне, иллюстрацияларына аудару **Коммуникативтік дағдылар және ақпаратпен алмасу** Баланың басқа құрдастарымен және ересектермен түрлі дереккөздерден: ғаламтордан, теледидардан, жақындарының әңгімесінен алған ақпараттарымен, әсерлерімен бөлісуіне мүмкіндік беру. Айналасында болып жатқан оқиғаларға өзінің көзқарасын білдіруге құлшынысын дамытуды жалғастыру, сөйлегенде мақал-мәтелдерді қолдануға баулуды жалғастыру. **Ауыз әдебиеті және шешендік өнерге баулу** Сөйлегенде мақал-мәтелдерді қолдануға баулуды жалғастыру. Шешендікке, сөз өнеріне баулуды жалғастыру. **Шығармашылық дербестік пен актерлік шеберлік**

		Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу, онда рөлді, сюжетті таңдауда бастамашылық пен дербестік танытуға ынталандыру, белгілі образды сомдауда эксперимент жасауға, түрлендіруге мүмкіндік беру.
	Сауат ашу негіздері	**Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру,** сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу. Сөздерді дыбыстық талдауға үйретуді жалғастыру: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтауға үйретуді жалғастыру. **Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру,** сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтауға үйрету. Буындардан сөздер құрастыруға (ауызша) үйретуді жалғастыру **Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру** (грамматикалық анықтамасыз), сөйлем сөздерден тұратынын түсіндіруді жалғастыру. Сөйлемді ауызша талдауға үйретуді жалғастыру: жай сөйлемдерді сөздерге бөлуге, сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтауға. берілген сөзге сөйлем құрастыруға үйретуді жалғастыру. **Қолды жазуға дайындау.** Жазу кезінде арқаны дұрыс ұстау ережелерімен таныстыруды жалғастыру. Жазу парағында бағдарлай білуге үйретуді жалғастыру, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуге үйретуді жалғастыру. Геометриялық фигуралардың, көгөністер, жеміс-жидектердің дайын суреттерінің сыртын шетке шығармай бастыруды, бояуды үйрету.
	Қазақ тілі	**Тілдік дамытушы орта** Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамытуды жалғастыру. Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен, киім-кешегімен, азық-түлік өндірудегі тұрмыстық кәсібімен, тұрмыста, аң аулауда, мал өсіруде және егіншілікке қажетті құрал жабдықтары, туған өлкенің көрнекі жерлері, әсем табиғаты, тарихи орындары туралы суреттер, фотолар, альбомдармен жабдықталған орта құруды жалғастыру. **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті** Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, ң, h дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыруды жалғастыру. Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтауға үйретуді жалғастыру (басы, ортасы, соңы). **Сөздік қор** Қазақ халқы қолөнер шеберлерімен жасалған киіз үйдің заттарын және тұрмыстық заттарды білдіретін (кереге, уық, шаңырақ), азық-түлік атауларын (бидай, күріш, арпа, жүгері, талқан, тары) сөздермен толықтыруды жалғастыру. Шағын өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтар жаттату, жұмбақтар шешу дағдыларын пысықтау. Балаларды шешендік өнерге, айтыс өнеріне баулуды жалғастыру. **Тілдің грамматикалық құрылымы** Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуге үйретуді жалғастыру. **Байланыстырып сөйлеу** Өз бетінше қарым-қатынас жасауға, әңгімелесуге, әңгімелесушінің сөзін мұқият тыңдауға, сұрақтарды дұрыс

		қоюға, оған қысқа және толық нақты жауап беруге баулуды жалғастыру.Таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға, тыңдалған көркем шығарма мазмұнын ретімен жүйелі түрде жеткізуге, кейіпкерлердің диалогын мәнерлі интонациямен беруге, шығарманы рөлдерге бөліп сомдауға, кейіпкерлердің мінез-құлқын жеткізуге баулуды жалғастыру, шығарманы еркін талқылауға мүмкіндік беру.
	Математика негіздері	**Жиын** Жиынды сапасы бойынша әртүрлі элементтерден (түсі, өлшемі, пішіні, дыбысы, қимылы, қолданылуы бойынша заттардан) құруға үйретуді жалғастыру, жиындарды бөліктерге бөлуге және оларды қайта біріктіруге үйретуді жалғастыру, бүтін жиын мен оның әр бөлігі арасында байланыс орнатуға үйретуді жалғастыру. "Бір" сөзінің мағынасы, ол тек бір затты ғана емес, сондай-ақ жиынның бір бөлігі ретінде заттардың тобын білдіретінін түсіндіруді жалғастыру. **Сан және санау** 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға жаттықтыруды жалғастыру. Көрнекілік арқылы 6, 7, 8, 9, 10 сандарының пайда болуымен, 0 ден 9-ға дейінгі цифрмен таныстыруды жалғастыру. "Қанша?", "Нешінші?" сұрақтарын ажырату, оларға дұрыс жауап беруге үйретуді жалғастыру. **Шама.** Заттардың (5 және одан артық) ұзындығын, биіктігін, ені мен жуандығын анықтай білуге үйрету, заттарды шамасына қарай өсу және кему ретімен орналастыруға үйрету. Шамасы бойынша заттардың арасындағы қатынастарды білдіретін математикалық терминдерді қолдануға үйретуді жалғастыру. **Геометриялық фигуралар** Шеңбермен және тіктөртбұрышпен салыстыру арқылы сопақша пішінмен таныстыруды жалғастыру. Геометриялық фигуралар (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) мен денелерді (шар, текше, цилиндр) дұрыс атап, оларды ажырата білуге жаттықтыруды жалғастыру. **Кеңістікті бағдарлау** Кеңістік туралы түсініктерді бекітуді жалғастыру: Сөйлеуде белгілі бір заттың өзіне немесе басқа затқа қатысты орнын көрсете білуге үйретуді жалғастыру. Берілген бағытта, оны белгі бойынша өзгерте отырып, бағдарлауын қалыптастыруды жалғастыру. Қағаз парағын бағдарлай білуді бекітуді жалғастыру. **Уақытты бағдарлау** . Айлар, жыл мезгілдері туралы түсініктерді қалыптастыруды жалғастыру, олардың ретін білу және атау, циферблат бойынша уақытты анықтауға үйретуді жалғастыру. Заттар мен құбылыстардың математикалық мәнін тануға қызығушылық пен эмоционалды көзқарасты, ойлау мәдениетін, таным процесін ерікті реттеу, шыдамдылық, ұқыптылық, өзіне деген сенімділікті қалыптастыруға баулу
	Сурет салу	**Заттық сурет салу** Парақта кеңістіктегі заттардың қалпын беруге, заттардың жазықтықта әртүрлі орналасуы мүмкін екендігін түсіндіру

		(тұрады, жатады және қалпын өзгерте алады) негізінде сурет салуға үйрету. Заттардың пішіндеріне, бөліктердің салыстырмалы өлшеміне және олардың орналасуына сүйене отырып, түстер мен олардың реңктерін беруге үйрету. Бірнеше заттардың өлшеміндегі айырмашылықтарды беруге үйрету. **Декоративтік сурет салу** Түрлі өлшемді өрнектерді біріктіруді, ақ және түрлі-түсті фондарды қолдана отырып, түсті таңдауды үйретуді жалғастыру **Техникалық дағдылар** Суреттерді бояғанда бір бағытта солдан оңға қарай, жоғарыдан төмен қарай, қиғашынан жүргізуге үйрету.
	Мүсіндеу	**Заттық мүсіндеу** Таныс ойыншықтар мен ыдыстарды шынайы бейнесіне қарап және ойдан мүсіндеуді, оларға тән ерекшеліктерді беруді пысықтау. Заттардың ұзын-қысқа, жуан-жіңішке белгілерін ажыратып, мүсінде көрсетуге үйрету. **Сюжеттік мүсіндеу** Күзгі өнімдер жинау тақырыбында біртекті заттардан сюжеттер құруды және пішіндерді тұғырға бекітуді пысықтау. **Декоративті мүсіндеу** Қазақтың дәстүрлі тұрмыстық заттарымен (үстел, ошақ, кебеже) таныстыру және оларды өз қалауы бойынша мүсіндеуге баулу. **Техникалық дағдылар** Пішіннің бетін дымқыл шүберекпен тегістеу және жұмыс барысында кескішті (стека) дұрыс пайдалануды пысықтау. Жұмыс орнын таза ұстау, материалды үнемдеу және қауіпсіздік ережелерін сақтауды пысықтау.
	Жапсыру	**Бұрыштарды дөңгелету және геометриялық жапсыру** **Қайшымен жұмыс және қию тәсілдері** Шаршы немесе тікбұрыштың бұрыштарын қию арқылы дөңгелек және сопақша пішіндерді қиып алуға баулу. Қайшымен қисық қию тәсілдерін қолдану және қол бұлшықеттерінің икемділігін дағдыландыру. **Ұлттық бұйымдар және материалдармен жұмыс** Халқымыздың құрақ көрпе, алаша сияқты бұйымдарымен таныстыру, оларды түсі мен пішініне қарай үйлестіруді үйрету. Қиып алынған геометриялық пішіндерден (шаршы, үшбұрыш) алашаның суретін құрастырып, жапсыруды **пысықтау**. **Сюжеттік композиция және кеңістік** Заттардың өлшеміне қарай арақатынасын (үлкен-кіші) сюжетте дұрыс көрсетуге баулу. Жапсырудың тура қию тәсілдерін қолдана отырып, таныс бейнелерден қарапайым сюжеттер құрастыру.
	Құрастыру	**Қарапайым композициялар және ұлттық құндылықтар** **Құрылыс материалдары мен конструкторлар** Құрастырылған құрылысы (мысалы үй) мен оның шынайы бейнесі арасында байланыс орнатуға үйрету.

		Өз бетінше қарапайым ойдан құрастыру дағдыларын дамыту және дербестікті қолдау. **Қағаздан құрастыру** Қағаз цилиндрлерді шиыршықтап бүктеуді және олардан қазақ халқының ұлттық бас киімі — **тақияны** құрастыруды үйрету. Құрастырылған тақияны жіппен, қарапайым ою-өрнектермен безендіру және пішіндерді композицияға біріктіру. **Табиғи және қалдық материалдар** Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен, киіз үй жасауларымен таныстыруды жалғастыру. Мақта мен жіпті пайдалана отырып, қарапайым қолдан бұйымдар жасау, өзінің әрекетін жоспарлауға дағдыландыру.
	Музыка	**Музыка тыңдау** Балаларды шығармалардың эмоционалды мазмұнын, олардың сипатын, көңіл-күйін, динамикалық ерекшеліктерін ажырата білуге үйретуді жалғастыру. Музыкалық шығармаға көзқарасын білдіру, оның сипаты, мазмұны туралы айтуға үйретуді жалғастыру. Музыканың сипатын бейненің мазмұнымен, оның көңіл-күйімен байланыстыра білуді қалыптастыруға үйретуді жалғастыру. **Ән айту** Ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруге үйретуді жалғастыру. Ән айту дағдыларын қалыптастыру, бірінші октаваның «ре», екінші октаваның «до» диапазонда жеңіл дауыспен ән айту, ән айтар алдында, музыкалық фразалар арасында тыныс алу, әннің сөздерін анық айту, орташа, қатты және ақырын дауыспен ән айтуға үйретуді жалғастыру. **Музыкалық-ырғақтық қимылдар** Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйретуді жалғастыру: марш сипатын анық ырғақты жүрумен; музыканың қимыл сипатын жеңіл және ырғақпен жүгіру, жүрелеп отыру арқылы бере білуді үйретуді жалғастыру. Би қимылдарын: қосалқы және ауыспалы қадам жасауды, әртүрлі бағытта жүгіруді және секіруді үйретуді жалғастыру. **Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау** Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету, балалар шығармашылығын дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке үйретуге жалғастыру. Музыкалық (сазсырнай) және шулы аспаптарда ойнау тәсілдерімен таныстыру. **Билер** Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білу; би қимылдарының элементтерін жеңіл, еркін орындау; қозғалыс бағытын музыкалық фразаларға сәйкес өзгертуге үйретуді жалғастыру. Қазақ халқының би өнерімен таныстыру, қазақтың халықтық би өнері ерте заманнан қалыптасқандығын, ол халқымыздың аса бай ауыз әдебиетімен, ән-күйлерімен, дәстүрлі тұрмыс салтымен біте қайнасып келе жатқан ел мұрасы екенін, би өнері өзінің эстетикалық болмысында қазақ жұртының жалпы дүниетанымына сай арман-мұраттарын бейнелейтін

		қимылдар жүйесін құрайтынын түсіндіру, балаларға «Қаражорға» биін үйретуді жалғастыру. **Би шығармашылығы:** Таныс би қимылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығару, мәтінге сәйкес әнді сахналау; шығармашылық тапсырмаларды орындауға үйретуді жалғастыру.
	Қоршаған әлеммен таныстыру	**Бала, оның отбасы, үйі**. Өзінің жасына сәйкес өмірінде болатын өзгерістерді, балабақшаға баруы, мектепке баруы, ересек азамат болып ер жетуі мен еңбек етуі, болашақта табысты болуы үшін білімнің қажеттігін түсінуіне, болашақта мектепте оқуға ынтасын арттыру, жаңаны тануға, өз өміріне қажетті дағдыларды игеруге ықпал етуге жалғастыру. **Заттық әлем, кеңістікті бағдарлау** Заттар, олардың белгілерін нақтылау және бейтаныс заттардың қолданылуын түсіндіруді жалғастыру. Заттардың қандай материалдардан жасалғанын өз бетінше анықтау және талдау, олардың сапалары мен қасиеттерін сипаттауға үйрету. **Көлік, байланыс құралдары** Арнайы көлік құралдарының түрлерін, белгілі бір жұмыс түрін орындау үшін олардың жабдықталуын түсіндіруді жалғастыру. **Еңбекке баулу** Әртүрлі мамандықтар, балабақша қызметкерлерінің еңбегі туралы түсініктерін кеңейту, еңбектің мазмұны, сипаты және нәтижесінің маңызын, түсінуге және бағалауға үйретуді жалғастыру. Шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, дербестік пен жауапкершілікке баулуға жалғастыру. **Адамгершілік және патриоттық тәрбие** Балаларды адамгершілік құндылықтарға, өз іс-әрекеттері мен басқа адамдардың іс-әрекеттерін бағалай білуге, өзінің іс-әрекетіне басқалар пікірін білдірген жағдайда ол пікірді дұрыс қабылдауға, өз ісіне адал болуға, еңбек етуде, шығармашылық әрекеттерде нәтижеге жетуге ұмтылуға, сеніп тапсырған тапсырмаларды жауапкершілікпен орындауға үйретуді жалғастыру. **Жол қозғалысы ережелері** Жолда қауіпсіздік ережелерін сақтауға үйретуді жалғастыру. Жол белгілерін (жүру бөлігі, жаяу жүргіншілер өткелі, тротуар, велосипед, электросамокат, гироскутер, сигвейге арналған жол) білу, бағдаршамның белгілеріне сәйкес жолдан өтуге үйретуді жалғастыру **Табиғатпен таныстыру** Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту. "Өлі табиғат" ұғымымен таныстыру (су, ауа, күн, бұлт, тастар, жел, жаңбыр); өлі табиғат заттарын адамның қолымен жасалған заттардан ажырата білуге үйретуді жалғастыру **Өсімдіктер әлемі** Туған өлкенің өсімдіктері (ағаштар, бұталар, гүлдер, шөпті өсімдіктер) туралы түсініктерін кеңейту, "орман", "шалғын" және "бақша" ұғымдарымен таныстыруды жалғастыру. **Жануарлар әлемі**

		Қазақстан аумағын мекендейтін жануарлар мен олардың төлдерін атау және олардың өздеріне тән белгілері бойынша ажыратуға үйретуді жалғастыру **Қарапайым экологиялық ұғымдарды,** адамның табиғаттың бір бөлігі екенін және оны қорғау, сақтау керек екенін, күн мен ауаның адам, жануарлар мен өсімдіктер өміріндегі маңызы туралы, табиғатпен қарым-қатынас барысында денсаулықты нығайтуды, табиғатты сақтауда жауапкершілікті сезіне білуге үйретуді жалғастыру **Қоғамдық орындарда мінез-құлық ережелері** туралы; үйдегі, балабақша тобындағы міндеттері туралы түсініктерін кеңейту. Ненің "дұрыс" немесе "дұрыс емес", "жақсы" немесе "жаман" екенін түсінуге және ажырата білуге үйретуді жалғастыру

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының негізінде 2025-2026 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Мектепке дейінгі ұйым: «Алпамыс» бөбекжай-бақшасы» МКҚК
Топ: «Ботақан» мектепалды тобы
Балалардың жасы: 5 жастағы балалар
Қандай кезеңге жасалды: 2025-2026 оқу жылы, қараша айы

Ай	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
қараша	**Дене тәрбиесі**	**Негізгі қимылдар:** **Жүру:** Ересектің белгісімен тоқтап, қозғалыс бағытын өзгертіп, шашырап жүруге; заттардың, кегльдердің арасымен, жіптерден аттап жүруге; қосалқы қадаммен алға қарай жүруге үйретуді жалғастыру. **Тепе-теңдікті сақтау:** Қосалқы қадаммен (өкшені арқанға, аяқ ұшын еденге қою) жүруге, әр қадам сайын допты алдынан немесе артынан қолдан-қолға ауыстыра отырып, кедір-бұдыр тақтай, гимнастикалық скамейка бойымен жүруге; гимнастикалық скамейканың бойымен екі қадам қашықтықта орналасқан іші толтырылған доптардан аттап өту; қолдарынан ұстап, жұптарымен айналуға үйретуді жалғастыру. **Жүгіру:** Жүру мен жүгіруді алмастыра отырып, 100-120 метр арақашықтықта жүгіруге; белгіленген жерге дейін жылдамдыққа (ұзындығы 20 метр) жүгіруге үйрету. **Еңбектеу, өрмелеу:** Гимнастикалық скамейка бойымен қолымен тартылып, иықтары мен тізелеріне сүйене отырып, етпетімен өрмелеуге; бірнеше заттардан еңбектеп өту, әртүрлі тәсілдермен құрсаудың ішіне еңбектеп өту, гимнастикалық қабырғамен өрмелеуге және бір гимнастикалық қабырғадан екіншісіне ауысып өрмелеуге үйрету. **Секіру:** Биіктіктен секіру (6-8 см); бір аяқпен және қос аяқпен құрсаудан құрсауға секіруге (арақашықтығы 40 сантиметр), алға айналдыра отырып, ұзын және қысқа секіргіштен секіруге үйрету. **Лақтыру:** 2–2,5 метр арақашықтықтағы нысанаға құм салынған қапшықты, асықты лақтыруға, допты екі қолымен бір-біріне (арақашықтығы 1,5–2 метр) басынан асыра лақтыруға, допты екі қолымен заттардың арасымен (арақашықтығы 4 метр) жүргізу, допты лақтыруға және алға қарай жылжып, екі қолымен қағып алуға үйретуді жалғастыру (арақашықтығы 4–5 метр) **Сапқа тұру**, сап түзеу, сапқа қайта тұруға: сапқа бір, екі, үш қатармен тұруға , бір-бірінің жанына және бір-бірінің артынан сапқа тұруға , орнында айналу, оңға, солға бұрылуға , сап түзеп, бір және екі, үш қатармен қайта тұруға үйретуді жалғастыру . **Жалпы дамыту жаттығулары.** Қолдың күшін жетілдіруге арналған жаттығулар. 3-5 метр қашықтықта екі қолын жерге қойып, жүруге (бір бала екінші баланы аяғынан ұстайды) үйрету. Іштің бұлшық еттеріне арналған жаттығулар: екі бала жұптасып жасауды: бірінші бала қолын желкесіне қойып, шалқасынан жатып, денесін көтереді, екінші бала оның аяғына отырады (5-6 рет); гимнастикалық қабырғада қолдарымен тартылып тұрып, аяқтарын көтеруге үйрету (5-6 рет).

		Музыкалық ырғақтық қимылдар: Қимылдардың ырғағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіруді жалғастыру. **Спорттық жаттығулар:** Велосипед, самокат тебуге үйретуді жалғастыру. Шеңбер бойымен және тура жолмен өз бетінше екі дөңгелекті велосипед тебуге үйретуді жалғастыру. **Спорттық ойындар.** Баскетбол элементтері. Кеуде тұсынан екі қолымен допты бір-біріне лақтыруға. Допты оң және сол қолмен алып жүруге жаттықтыруды жалғастыру. Бадминтон. Воланды ракеткамен белгілі бір жаққа бағыттай отырып лақтыруға үйретуді жалғастыру. Футбол элементтері. Берілген бағытқа допты оң және сол аяқпен тебуге. Допты заттарды айналдыра жүргізуге үйретуді жалғастыру. Допты қақпаға тебуге үйретуді жалғастыру Допты бірнеше рет аяқпен қабырғаға тебуге үйретуді жалғастыру. **Салауатты өмір салтын қалыптастыруды жалғастыру.** Өзінің көңіл-күйін сипаттай білуге үйрету. Балаларды дені сау адамның мүмкіндіктерімен таныстыру, олардың салауатты өмір салтына деген қажеттілігін қалыптастыруды жалғастыру. **Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру.** Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға үйрету, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру. **Сауықтыру-шынықтыру шаралары.** Су температурасын біртіндеп төмендете отырып, қарапайым шараларды өз бетінше жүргізуге дағдыландыру, балалардың денсаулығын, шынықтыру құралдарының әсерлеріне бейімделу деңгейін ескеріп, қарама-қарсы температурадағы сумен шайыну, таңертеңгі жаттығуды орындауға , қызығушылық тудыру, дене бітімін қалыптастыруды жалғастыру және өкшелерді нығайтуды жалғастыру.
		сын есімдермен, адамдардың қарым-қатынасын, олардың еңбекке қатынасын білдіретін үстеулермен байытуды жалғастыру. Сөйлегенде көп мағыналы сөздерді, синонимдер мен антонимдерді қолдану, белгілі бір затқа белгілерді, әрекеттерді және берілген әрекетке заттарды таңдай білуге үйретуді жалғастыру. Алуан түрлі заттарды сипаттауға машықтандыру, қарым-қатынас жасауға қажетті сөздерді қолдану және түсіну, оларды сөйлегенде белсенді қолдану дағдыларын қалыптастыруға жалғастыру. Зат есімдер мен жалпылаушы сөздерді дұрыс қолдануға машықтандыру. Балаларға сөздерді мағынасына сәйкес қолдануға машықтандыру. **Тілдің грамматикалық құрылымы** Сөйлемдердегі сөздерді: зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен үйлестіруге машықтандыру. Түбірлес сөздерді жасау және қолдана білу, етістіктерді жалғаулармен қолдану, сөйлеу әдебін, жай және жайылма сөйлемдерді қолдануға машықтандыру. **Байланыстырып сөйлеу:** Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру, әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге машықтандыру, әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстауға, әдепті және сабырлы болуға үйретуді жалғастыру. Негізгі ойды дұрыс жеткізуге машықтандыру, монологты байланыстырып құра білуге, әңгімені бірізді айтуға, шағын логикалық және хабарлау сипатындағы әңгімелерді құрастыруға машықтандыру. Ойыншықтарды, заттарды, сюжеттік суреттерді, табиғат құбылыстарын сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдауға, сын есімдер мен үстеулерді қолдануды машықтандыру. **Шығармашылықпен сөйлеу қызметі** Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығару, бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау және хабарлау әңгімелерін құрастыруға үйретуді жалғастыру, өзара байланысты бірізді сюжет құрастыруға, сөйлегенде бейнелі сөздерді, эпитеттерді, салыстыруларды қолдануға машықтандыру.
	Көркем әдебиет	**Кітап мәдениетіне және театрға қызығушылығын қалыптастыру** Балаларды қол жетімді көркем шығармалар мен фольклорға, театр әлеміне баулу, кітапқа деген қызығушылығын дамытуды жалғастыру. **Шығарманы қабылдау және әдеби талдау дағдылары** Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету, олардың мазмұнын түсіну, себеп-салдарлық байланыстарды ажырату, тілдің көркемдігін сезіну (эпитеттер, сипаттамалар, образды сөздер), шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалауға машықтандыру. **Мазмұндау және диалогтік сөйлеуді дамыту**

		Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, эмоциямен, қисынды қайталап айтып беру, диалогтік сөйлеуді дамыту, кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіруге машықтандыру. Әдеби кейіпкердің белгілі бір әрекетін өзінің қалай қабылдағаны туралы айтуға машықтандыру, кейіпкерлердің жасырын әрекетін түсіндіруді жалғастыру. **Мәнерлеп оқу және сахналық бейнелеу өнері** Өленді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айтуға машықтандыру. Көркем шығарманы рөлдерге бөліп, сахналау, рөлдерде кейіпкердің көңіл күйі мен мінезін, бейненің қимылын, интонациясы мен мимикасын беруге машықтандыру. **Эстетикалық қабылдау (иллюстрациямен жұмыс)** Балалардың назарын кітаптың безендірілуіне, иллюстрацияларына аударуға жалғастыру. **Коммуникативтік дағдылар және ақпаратпен алмасу** Баланың басқа құрдастарымен және ересектермен түрлі дереккөздерден: ғаламтордан, теледидардан, жақындарының әңгімесінен алған ақпараттарымен, әсерлерімен бөлісуіне мүмкіндік беру, Айналасында болып жатқан оқиғаларға өзінің көзқарасын білдіруге құлшынысын дамыту, сөйлегенде мақал-мәтелдерді қолдануға машықтандыру. **Ауыз әдебиеті және шешендік өнерге баулу** Шешендікке, сөз өнеріне баулу, санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулуға жалғастыру. **Шығармашылық дербестік пен актерлік шеберлік** Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу, онда рөлді, сюжетті таңдауда бастамашылық пен дербестік танытуға ынталандыру, белгілі образды сомдауда эксперимент жасауға, түрлендіруге машықтандыру.
	Сауат ашу негіздері	**Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру,** сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу. Сөздерді дыбыстық талдауға үйретуді жалғастыру: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтауға машықтандыру. **Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру,** сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтауға машықтандыру. Буындардан сөздер құрастыруға (ауызша) машықтандыру. **Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру** (грамматикалық анықтамасыз), сөйлем сөздерден тұратынын түсіндіруді жалғастыру. Сөйлемді ауызша талдауға үйретуді жалғастыру: жай сөйлемдерді сөздерге бөлуге, сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтауға. берілген сөзге сөйлем құрастыруға машықтандыру. **Қолды жазуға дайындау.** Жазу кезінде арқаны дұрыс ұстау ережелерімен таныстыруды жалғастыру. Жазу парағында бағдарлай білуге машықтандыру, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуге машықтандыру. Геометриялық фигуралардың, көгөністер, жеміс-жидектердің дайын суреттерінің сыртын шетке шығармай бастыруды, бояуды машықтандыру.

		Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа, ұзын, толқынды, ирек сызықтарды, нүктелерді, тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі бойынша және кейіннен өз бетінше жазуға мүмкіндік беру. Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарындашты дұрыс, еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салуға машықтандыру.
	Қазақ тілі	**Тілдік дамытушы орта** Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамытуды жалғастыру. Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен, киім-кешегімен, азық-түлік өндірудегі тұрмыстық кәсібімен, тұрмыста, аң аулауда, мал өсіруде қажетті құрал жабдықтары, туған өлкенің көрнекі жерлері, әсем табиғаты, тарихи орындары туралы суреттер, фотолар, альбомдармен жабдықталған орта құруды жалғастыру. Балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге машықтандыру, ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді, көркем сөздерді қолдануына қолдау көрсету, ынталандыруға жалғастыру. **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті** Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, ң, h дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға машықтандыру. Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтауға машықтандыру (басы, ортасы, соңы). **Сөздік қор** Қазақ халқы қолөнер шеберлерімен жасалған киіз үйдің заттарын және тұрмыстық заттарды білдіретін (кілем, сырмақ, алаша), сөздермен толықтыруды жалғастыру. аңшылық кәсіпті (аң, аңшы, орманшы, қорықшы), мал өсіруге байланысты (қора, жайлау, қыстау, жем, астау, соғым, сыбаға) Туыстық қарым-қатынасты ("бауыр", "немере", "шөбере", "ағайын", "туысқан", "жеті ата") білдіретін сөздерді үйрету. Өзінің бауырлары, туыстары, ағайындары, татулық, жақындық, отбасылық мерекелер, салт-дәстүрлер туралы айтуға баулу. Шағын өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтар жаттату, жұмбақтар шешуге машықтандыру. Балаларды шешендік өнерге, айтыс өнеріне баулуды жалғастыру. **Тілдің грамматикалық құрылымы** Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуге машықтандыру. Интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді машықтандыру. Өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру. **Байланыстырып сөйлеу** Өз бетінше қарым-қатынас жасауға, әңгімелесуге, әңгімелесушінің сөзін мұқият тыңдауға, сұрақтарды дұрыс қоюға, оған қысқа және толық нақты жауап беруге машықтандыру. Таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша

		қайталап айтуға машықтандыру, тыңдалған көркем шығарма мазмұнын ретімен жүйелі түрде жеткізуге, кейіпкерлердің диалогын мәнерлі интонациямен беруге, шығарманы рөлдерге бөліп сомдауға, кейіпкерлердің мінез-құлқын жеткізуге машықтандыру, шығарманы еркін талқылауға мүмкіндік беру
	Математика негіздері	**Жиын** Жиынды сапасы бойынша әртүрлі элементтерден (түсі, өлшемі, пішіні, дыбысы, қимылы, қолданылуы бойынша заттардан) құруға үйретуді жалғастыру, жиындарды бөліктерге бөлуге және оларды қайта біріктіруге үйретуді жалғастыру, бүтін жиын мен оның әр бөлігі арасында байланыс орнатуға үйретуді жалғастыру, жиынның бөліктен үлкен екенін, бөліктің жиыннан кіші екенін, жиынның бөліктерін санау және элементтердің (заттардың) бір-біріне қатынасы негізінде салыстыруға үйрету. "Бір" сөзінің мағынасы, ол тек бір затты ғана емес, сондай-ақ жиынның бір бөлігі ретінде заттардың тобын білдіретінін түсіндіруді жалғастыру. **Сан және санау** 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға жаттықтыруды жалғастыру. Көрнекілік арқылы 6, 7, 8, 9, 10 сандарының пайда болуымен, 0 ден 9-ға дейінгі цифрмен таныстыру. "Қанша?", "Нешінші?" сұрақтарын ажырату, оларға дұрыс жауап беруге үйретуді жалғастыру. 10 көлеміндегі сандарды салыстыру, саны кем затқа бір зат қосу арқылы теңсіздіктен теңдік немесе саны көп заттан біреуін алып тастау арқылы теңдіктен теңсіздік шығаруға үйрету **Шама.** Заттардың (5 және одан артық) ұзындығын, биіктігін, ені мен жуандығын анықтай білуге үйрету, заттарды шамасына қарай өсу және кему ретімен орналастыруға үйрету. Шамасы бойынша заттардың арасындағы қатынастарды білдіретін математикалық терминдерді қолдануға үйретуді жалғастыру. **Геометриялық фигуралар** Шеңбермен және тіктөртбұрышпен салыстыру арқылы сопақша пішінмен таныстыруды жалғастыру. Геометриялық фигуралар (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) мен денелерді (шар, текше, цилиндр) дұрыс атап, оларды ажырата білуге жаттықтыруды жалғастыру. Танымдық-зерттеушілік қызығушылықты, ойлауды, алдына қойылған міндетті шешуде не істеу, қалай істеу керек екенін түсінуге, күрделі формадағы заттарды өз бетінше зерттеуге мүмкіндік беру. **Кеңістікті бағдарлау** Кеңістік туралы түсініктерді бекітуді жалғастыру: Сөйлеуде белгілі бір заттың өзіне немесе басқа затқа қатысты орнын көрсете білуге үйретуді жалғастыру. Берілген бағытта, оны белгі бойынша өзгерте отырып, бағдарлауын қалыптастыруды жалғастыру. Қағаз парағын бағдарлай білуді бекітуді жалғастыру. Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: заттарды кеңістікте орналастыруды жалғастыру (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде); қозғалыс бағыттарын: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға, артқа. пысықтау

		Уақытты бағдарлау Әртүрлі оқиғалардың, апта күндерінің, тәулік бөліктерінің реті туралы білімді бекітуді жалғастыру. Айлар, жыл мезгілдері туралы түсініктерді қалыптастыруды жалғастыру, олардың ретін білу және атау, циферблат бойынша уақытты анықтауға үйретуді жалғастыру. Тәулік бөліктерінің ауысуын ("кеше", "бүгін", "ертең"), оқиғалардың ретін ("алдымен – содан кейін", "бұрын – кейінірек") анықтауға үйрету**.** Заттар мен құбылыстардың математикалық мәнін тануға қызығушылық пен эмоционалды көзқарасты, ойлау мәдениетін, таным процесін ерікті реттеу, шыдамдылық, ұқыптылық, өзіне деген сенімділікті қалыптастыруға баулу
	Сурет салу	**Заттық және сюжеттік сурет салу** Балалардың суретте қарапайым сюжеттерді: қоршаған өмірдегі оқиғалардың желісін жеткізе білуін жетілдіру. Парақтың ортасын, бұрыштарын, жоғарғы, төменгі, оң және сол жақтарын ажыратуға үйрету. **Декоративтік сурет салу** Қазақ ою-өрнектерінің түрлері ("түйетабан", "құсқанаты", "құстұмсық", "жапырақ", "жауқазын", "жетігүл", "жұлдызгүл") туралы түсінігін кеңейту арқылы бейнелеуге үйретуді жалғастыру. Қазақ ою-өрнектерінің сипатын, колоритін жеткізе отырып, көлемді пішіндерді бояуға үйрету **Техникалық дағдылар** Жаңа түстер (күлгін) және реңктерді (көк, қызғылт, қою жасыл) бояуды араластыру арқылы шығаруға (гуашпен сурет салу кезінде) үйрету. Бейнелеу әдістерін (штрихтар, бояуларды араластырып, кляксография, жіппен) қолдануды үйретуді жалғастыру, дағдыландыру. Түсті қанық беру үшін қағаздың фонын таңдау және бояуларды үйлестіруді дағдыландыру.
	Мүсіндеу	**Заттық мүсіндеу** Жабайы жануарлардың пішіндерін, олардың дене мүшелерінің салыстырмалы көлемдерін сақтай отырып мүсіндеуге баулу. Бақылаған заттың бейнесін ойдан және есте сақтау бойынша бере білу дағдыларын дамыту. **Сюжеттік мүсіндеу** Жануарлар қатысқан сюжеттік композицияларды қосымша заттар мен элементтердің (ағаш, қоршау) көмегімен көркемдеп жеткізуге үйрету. **Декоративті мүсіндеу** Тұрмыстық бұйымдарды (диірмен, кебеже) мүсіндеу және оларды ұлттық ою-өрнектермен безендіруге баулу. **Техникалық дағдылар** Тұтас кесектен мүсіндік әдіспен (негізгі бөліктерді созып, тартып шығару) жасау тәсілін үйрету. Жұмыс соңында материалдарды сұрыптап, өз орындарына ұқыпты жинауды дағдыландыру.
	Жапсыру	**Сұлбалы жапсыру және табиғи материалдар** **Қайшымен жұмыс және қию тәсілдері**

		Қағаздан ойдан әртүрлі бейнелерді еркін қию, сұлбалы (силуэтті) қию әдісін қолдануды үйрету. Дөңгелек, сопақша пішіндердің бұрыштарын тегіс, қисық сызық бойымен дәл қиюды жетілдіру. **Ұлттық бұйымдар және материалдармен жұмыс** Жапсырудың жаңа түрі — флористика элементтерін (кептірілген жапырақтар, гүлдер) қолдану тәсілдерін үйрету. Табиғи материалдар мен қағазды араластыра отырып, қазақ халқының кілем, ши бұйымдарының макетін жапсыруды пысықтау. **Сюжеттік композиция және кеңістік** Композиция ережелеріне, перспективаға (жақын және алыс орналасу) сәйкес бейнелерді құрастыруға баулу. Трафареттермен жұмыс істеу және дайын үлгілерге сүйеніп күрделі сюжеттер құру дағдысын бекіту.
	Құрастыру	**Талдау және тиімді шешімдерді табу** **Құрылыс материалдары мен конструкторлар** Өзінің құрастырған құрылысын талдау арқылы тиімді конструктивті шешімдерді табуға үйрету. Құрылыстың шынайы бейнесі мен оның макеті арасындағы сәйкестікті логикалық тұрғыдан анықтауды пысықтау. **Қағаздан құрастыру** Қағаз цилиндрлерді күрделірек тәсілмен бүктеп, ұлттық бас киім — **кимешектің** негізін құрастыруға баулу. Құрастырылған бұйымдарды ұлттық ою-өрнектермен (қошқармүйіз т.б.) үйлесімді безендіруге дағдыландыру. **Табиғи және қалдық материалдар** Асық, жіп және ағаш материалдарын араластыра отырып, шығармашылық қиял бойынша ойыншықтар құрастыру. Табиғи материалдармен жұмыс кезінде дербестік пен бастамашылықты, мақсатты түрде жұмыс жасауды қолдау.
	Музыка	**Музыка тыңдау:** Балалардың музыкалық эстетикалық талғамын дамыту мақсатында әлемдік және отандық классикалық шығармаларды тыңдату, олардың стилі мен мазмұнындағы ерекшеліктерді ажыратуға баулу. Музыкалық шығарманың көркемдік бейнесін талдау барысында әуеннің дамуын, оның динамикалық және тембрлік бояуларын сезінуді және өз әсерін дәлелді түрде сипаттап беруді қалыптастыру. Бағдарламалық музыканы тыңдау арқылы бейнелеу өнері мен әдебиет арасындағы байланысты (мысалы, музыкадағы қыс суреті) сезінуге үйрету. **Ән айту:** Вокалдық дағдыларды жоғары деңгейге жеткізу: демді дұрыс бөле отырып, ұзақ музыкалық фразаларды үзбей орындау, жоғары және төмен дыбыстарды таза интонациямен айту. Әнді сүйемелдеусіз (а капелла) айту барысында дыбыс биіктігін сақтай білуге және ансамбльдік үйлесімділікте (бірін-бірі тыңдау) бір мезгілде бастап, аяқтауға баулу. Ән айту кезінде артикуляциялық аппаратты дұрыс қолданып, мәтін сөздерін анық, мәнерлі және эмоционалды тұрғыдан жоғары деңгейде жеткізуді бекіту. **Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** Би қимылдарының техникалық күрделілігін арттыру: вальс қадамы, ауыспалы қадам, полька секірулерін музыка ырғағымен дәл үйлестіру. Би композицияларында кеңістікті бағдарлау (диагональ, шахматтық ретпен тұру, шеңберді өзгерту) және

		қимылдардың пластикалық мәнерлілігі мен әдемілігіне қол жеткізу. Музыкалық-ойындық инсценировкаларда (сахналау) өз кейіпкерінің бейнесін дербес құрастыруға, шығармашылық қиялын қолданып, әрекеттерді музыка сипатына сай орындауға баулу. **Қимылдарды музыкалық аспаптармен орындау**: Балалар оркестрінде екі және үш бөлімді ырғақтық партияларды (полиритмия) сенімді орындау дағдыларын қалыптастыру. Музыкалық аспаптарда (металлофон, домбыра, сазсырнай) кішігірім әуендерді өз бетінше таңдап ойнауға, музыкалық шығарманың сипатын аспаптық сүйемелдеу арқылы аша білуге үйрету. Ансамбльде ойнау мәдениетін бекіту: дирижердің нұсқауына бағыну және басқа аспаптар тобымен үйлесімділікте болу. **Би:** Балаларды музыканың құрылымы мен ырғағына сәйкес күрделі би элементтерін (вальс қадамы, айқас адым, полька секірулері) жеңіл әрі мәнерлі орындауға баулу. Қимылдардың үйлесімділігі мен пластикалық икемділігін дамыта отырып, дене бітімін тік ұстау, бастың бұрылуы мен қолдың әсем қозғалысын қалыптастыру. **Би шығармашылығы**: Музыкалық шығарманың сипатын (көңілді, лирикалық, драматикалық) сезіне отырып, өз бетінше би композицияларын құрастыруға талпындыру. Балалардың қиялын дамыту мақсатында таныс емес әуенге импровизация жасауға, яғни музыканың көңіл-күйіне сай келетін өзіндік қимыл-қозғалыстарды ойлап табуға жағдай жасау.
	Қоршаған әлеммен таныстыру	**Бала, оның отбасы, үйі** Өзінің жасына сәйкес өмірінде болатын өзгерістерді, балабақшаға баруы, мектепке баруы, ересек азамат болып ер жетуі мен еңбек етуі, болашақта табысты болуы үшін білімнің қажеттігін түсінуіне, болашақта мектепте оқуға ынтасын арттыруға жалғастыру, жаңаны тануға, өз өміріне қажетті дағдыларды игеруге ықпал етуге жалғастыру. Өзінің болашағына, біліміне, денсаулығына, қызметіне, жетістіктеріне сенімді болуға, қоғамға пайдасын тигізуге машықтандыру. Еңбекқорлық пен жауапкершіліктің маңызын түсіну, өзін-өзі құрметтеу, өз күші мен мүмкіндіктеріне деген сенімділікті арттыру. **Заттық әлем, кеңістікті бағдарлау** Заттар, олардың белгілерін нақтылау және бейтаныс заттардың қолданылуын машықтандыру. Заттардың қандай материалдардан жасалғанын өз бетінше анықтау және талдау, олардың сапалары мен қасиеттерін сипаттауға үйретуді жалғастыру. Үй-жайларда, балабақша ауласында, жақын маңдағы шағын ауданда еркін бағдарлауларын машықтандыру. **Көлік, байланыс құралдары** Арнайы көлік құралдарының түрлерін, белгілі бір жұмыс түрін орындау үшін олардың жабдықталуын түсіндіруді жалғастыру. Ұялы телефон, смартфон, қолданылуын білу, оларды қолдануда қауіпсіздікті сақтауға үйрету **Еңбекке баулу** Әртүрлі мамандықтар, балабақша қызметкерлерінің еңбегі туралы түсініктерін пысықтау, еңбектің мазмұны, сипаты

		және нәтижесінің маңызын, түсінуге және бағалауға машықтандыру. Ата-ана еңбегін түсіндіру, адамдардың еңбектеріндегі өзара байланыстарды байқау. Еңбек ардагерлерін, қарттарды құрметтеу, үлкенді сыйлау, олардың еңбегін бағалауға үйретуді жалғастыру. Шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, дербестік пен жауапкершілікке баулуға жалғастыру **Адамгершілік және патриоттық тәрбие** Балаларды адамгершілік құндылықтарға, өз іс-әрекеттері мен басқа адамдардың іс-әрекеттерін бағалай білуге, өзінің іс-әрекетіне басқалар пікірін білдірген жағдайда ол пікірді дұрыс қабылдауға, өз ісіне адал болуға, еңбек етуде, шығармашылық әрекеттерде нәтижеге жетуге ұмтылуға үйретуді жалғастыру. Айналасындағыларға әрқашан әділ болуға, оларға қолдау көрсетуге, көмек беруге, жалған сөйлемеуге, өзінің педагогтерін, үлкендерді сыйлауға, кішіге қамқор болуға баулу. Өз құрдастарын тарта отырып, ұлттық ойындар ойнау, Қазақстан мемлекетінің рәміздеріне құрмет көрсетуге үйрету. Туған өлке, ел, Отан, мемлекеттік және халықтық мерекелер, еліміздің рәміздері, оның маңызы туралы білімдерін кеңейту. Қазақстан Республикасының Президенті, оның халық үшін атқаратын қызметінің маңыздылығын түсіндіруді жалғастыру. **Жол қозғалысы ережелері** Жолда қауіпсіздік ережелерін сақтауға машықтандыру. Жол белгілерін (жүру бөлігі, жаяу жүргіншілер өткелі, тротуар, велосипед, электросамокат, гироскутер, сигвейге арналған жол) білу, бағдаршамның белгілеріне сәйкес жолдан өтуге машықтандыру. Жол қозғалысының қарапайым ережелерін, жаяу жүргіншілер мен велосипедшілердің қозғалыс ережелерін сақтауға үйрету. **Табиғатпен таныстыру** Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту. "Өлі табиғат" ұғымымен таныстыру (су, ауа, күн, бұлт, қар, тастар, жел, жаңбыр); өлі табиғат заттарын адамның қолымен жасалған заттардан ажыратуға машықтандыру. Тірі және өлі табиғат, табиғат құбылыстары (маусым, адам еңбегі) арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және түсіндіру. **Өсімдіктер әлемі** Туған өлкенің өсімдіктері (ағаштар, бұталар, гүлдер, шөпті өсімдіктер) туралы түсініктерін кеңейту, "орман", "шалғын" және "бақша" ұғымдарымен таныстыруды жалғастыру. Өсімдіктердің тірі тіршілік иесі екендігін бақылау және себеп-салдарлық байланыстарды ажырату: өсімдік жапырақтары, сабақтарының қозғалуы, гүлдердің күн шыққанда жапырақтарының ашылуы және кешке жабылуы, тамырдың суды сорып, сабағы арқылы су өткізіп, басқа бөліктерін қоректендіруі туралы түсіндіру. **Жануарлар әлемі** Қазақстан аумағын мекендейтін жануарлар мен олардың төлдерін атау және олардың өздеріне тән белгілері бойынша

		ажыратуға үйретуді жалғастыру. Бақылау арқылы төрт түліктің пайдасын білу, оларды күтіп-баптау, жылдың әр мезгілінде олардың сыртқы түрі мен тіршілік ету ерекшеліктерін сипаттау, жыл құстары мен қыстайтын құстарды ажырата білу, құстардың пайдасы туралы білу, оларға қамқорлық жасау. **Қарапайым экологиялық ұғымдарды,** адамның табиғаттың бір бөлігі екенін және оны қорғау, сақтау керек екенін, күн мен ауаның адам, жануарлар мен өсімдіктер өміріндегі маңызы туралы, табиғатпен қарым-қатынас барысында денсаулықты нығайтуды, табиғатты сақтауда жауапкершілікті сезіне білуге үйретуді жалғастыру **Қоғамдық орындарда мінез-құлық ережелері** туралы; үйдегі, балабақша тобындағы міндеттері туралы түсініктерін кеңейту. Ненің "дұрыс" немесе "дұрыс емес", "жақсы" немесе "жаман" екенін түсінуге және ажыратуларын машықтандыру.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының негізінде 2025-2026 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Мектепке дейінгі ұйым: «Алпамыс» бөбекжай-бақшасы» МКҚК
Топ: «Ботақан» мектепалды тобы
Балалардың жасы: 5 жастағы балалар
Қандай кезеңге жасалды: 2025-2026 оқу жылы, ақпан айы

Ай	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
ақпан	**Дене тәрбиесі**	**Жүру:** сапта бір-бірден, екеуден, үшеуден жүруге; аяқтың ұшымен, аяқтың ішкі және сыртқы қырымен жүруге; тізені жоғары көтеріп жүруге, заттардан бір қырымен аттап жүруге; белгі бойынша басқа бағытқа бұрылып жүруге, қолдың бастапқы қалыптарын өзгерте отырып, әртүрлі қарқында секіргіштен аттап жүруге дағдыландыру. **Тепе-теңдікті сақтау:** заттардан аттап жүруге, шектелген жазықтықтың үстімен қосалқы қадаммен, аяқтың ұшымен жүруге; скамейканың үстіне қойылған текшелерден аттап жүруге, арқан бойымен бір қырымен, қосалқы қадаммен (өкшені арқанға, аяқ ұшын еденге қою) жүруге дағдыландыру. **Жүгіру:** шашырап, жұппен, қатармен бір-бірден, екеуден, үшеуден тізені жоғары көтеріп жүгіруге; бір сызыққа қойылған заттардың арасымен, кедергілердің арасымен өту арқылы «жыланша» жүгіруге, кедергілерден өту арқылы әртүрлі жылдамдықпен – баяу, жылдам, орташа қарқынмен 1,5–2 минут тоқтамай жүгіруге дағдыландыру **Еңбектеу, өрмелеу:** жүру мен жүгіруді алмастырып, заттардың арасымен «жыланша» төрттағандап еңбектеуге, кедергілер арасынан еңбектеуге; допты басымен итеріп, төрттағандап еңбектеуге (арақашықтығы 3–4 метр); гимнастикалық скамейка бойымен қолымен тартылып, иықтары мен тізелеріне сүйене отырып, етпетімен өрмелеуге дағдыландыру. **Секіру:** бір орында тұрып, алға қарай 3–4 метр қашықтыққа жылжу арқылы секіруге, екі тізенің арасына қапшықты қысып алып, түзу бағытта (арақашықтығы 6 метр) қос аяқпен секіруге; қос аяқпен заттардың арасымен (арақашықтығы 4 метр), оң және сол аяқты алмастырып заттардың арасымен (арақашықтығы 3 метр), бір орында тұрып биіктікке (6–8 сантиметр) секіруге дағдыландыру. **Лақтыру, қағып алу, домалату:** допты жоғары, жіптің үстінен лақтыруға және екі қолымен, бір қолымен (оң және сол қолын алмастыру) қағып алуға; допты бір қатарға қойылған заттардың арасымен домалатуға, допты қабырғаға лақтыруға және екі қолымен қағып алуға дағдыландыру. **Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру:** сапқа бір, екі, үш қатармен тұруға, бір-бірінің жанына және бір-бірінің артынан сапқа тұруға, орнында айналуға, оңға, солға бұрылуға, сап түзеп, бір, екі, үш қатармен қайта тұруға дағдыландыру. **Жалпы дамыту жаттығулары:** **Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар:** қолды

		кеуде тұсына қою, екі жаққа созу; қолды жоғары көтеру және екі жаққа созу, қолды желкеге қоюға дағдыландыру. **Саусақтарды айқастырып**, алға-жоғары көтеру (Қолды сыртқы жағымен ішке қарай бұру), қолды кезекпен жоғары-артқа көтеруге дағдыландыру. **Кеудеге арналған жаттығулар:** гимнастикалық қабырғаға арқасымен сүйеніп тұрып, белінің деңгейіндегі рейкадан ұстап, аяқты кезектестіре бүгу және тік көтеруге үйрету. **Алға еңкейіп**, алақанын еденге тигізуге; қолдарын айқастырып желкеге қоюға, қолды жазып, екі жаққа созуға үйрету. **Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындауға, қимылдардың ырғағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіруге, түзу бағытта адымдап жүруге және жұбымен шеңбер бойымен жүруге дағдыландыру. **Спорттық жаттығулар:** **Шанамен сырғанау:** бір-бірін шанамен сырғанатуға, төбешіктен бір-бірлеп және екі-екіден шанамен сырғанауға үйрету. **Сырғанау:** өз бетінше мұзды жолмен сырғанауға, жүгіріп келіп сырғанауға **дағдыландыру**. **Шаңғымен жүру:** бірінің артынан бірі ауыспалы қадаммен алға жылжуға, оң және сол аяқтармен сырғанауға, бір орнында тұрып оңға, солға бұрылуға, айналуға дағдыландыру. **Спорттық ойындар:** **Хоккей элементтері:** берілген бағытта қақпаға хоккей таяғымен шайбаны сырғанатуға, оны қақпаға кіргізуге **дағдыландыру**. **Дербес қимыл белсенділігі:** Қыс мезгілінде мұзды жолдармен сырғанауға, шаңғымен жүруге **дағдыландыру**. **Салауатты өмір салтын қалыптастыру:** Өзінің көңіл-күйін сипаттай білуге дағдыландыру. Балаларды дені сау адамның мүмкіндіктерімен таныстыруға, олардың салауатты өмір салтына деген қажеттілігін қалыптастыруға дағдыландыру. **Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру:** Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға дағдыландыру, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыруға дағдыландыру. **Сауықтыру-шынықтыру шаралары:** Су температурасын біртіндеп төмендете отырып, қарапайым шараларды өз бетінше жүргізуге дағдыландыру; Балалардың денсаулығын, шынықтыру құралдарының әсерлеріне бейімделу деңгейін ескеріп, қарама-қарсы температурадағы сумен шайынуға, таңертеңгі жаттығуды орындауға қызығушылық тудыруға, дене бітімін қалыптастыруды және өкшелерді нығайтуды жалғастыруға дағдыландыру.
	Тіл дамыту	**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті** Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас

		дауыссыз б-п, г-ғ, к-қ, ж-ш, з-с, дыбыстарды дұрыс, анық айтуға машықтандыру. Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтауға машықтандыру (басы, ортасы, соңы). Артикуляциялық жаттығулар жасауға машықтандыру. Сөйлеуде интонациялық мәнерлілік құралдарын қолдану: дауыс қарқынын, логикалық үзіліс пен екпінді реттеуге машықтандыру **Сөздік қор** Балалардың сөздік қорын тұрмыстық заттарды білдіретін зат есімдермен, заттардың қасиеттері мен сапасын сипаттайтын сын есімдермен, адамдардың қарым-қатынасын, олардың еңбекке қатынасын білдіретін үстеулермен байытуды жалғастыру. Сөйлегенде көп мағыналы сөздерді, синонимдер мен антонимдерді қолдану, белгілі бір затқа белгілерді, әрекеттерді және берілген әрекетке заттарды таңдай білуге машықтандыру. Алуан түрлі заттарды сипаттауға машықтандыру, қарым-қатынас жасауға қажетті сөздерді қолдану және түсіну, оларды сөйлегенде белсенді қолдану дағдыларын қалыптастыруға жалғастыру. Зат есімдер мен жалпылаушы сөздерді дұрыс қолдануға машықтандыру. Балаларға сөздерді мағынасына сәйкес қолдануға машықтандыру. **Тілдің грамматикалық құрылымы** Сөйлемдердегі сөздерді: зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен үйлестіруге машықтандыру. Түбірлес сөздерді жасау және қолдана білу, етістіктерді жалғаулармен қолдану, сөйлеу әдебін, жай және жайылма сөйлемдерді қолдануға машықтандыру. Интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді дамыту **Байланыстырып сөйлеу:** Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру, әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге машықтандыру, әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстауға, әдепті және сабырлы болуға үйретуді жалғастыру. Негізгі ойды дұрыс жеткізуге машықтандыру, монологты байланыстырып құра білуге, әңгімені бірізді айтуға, шағын логикалық және хабарлау сипатындағы әңгімелерді құрастыруға машықтандыру. Ойыншықтарды, заттарды, сюжеттік суреттерді, табиғат құбылыстарын сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдауға, сын есімдер мен үстеулерді қолдануды машықтандыру. **Шығармашылықпен сөйлеу қызметі** Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығару, бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау және хабарлау әңгімелерін құрастыру, өзара байланысты бірізді сюжет құрастыруға, сөйлегенде бейнелі сөздерді, эпитеттерді, салыстыруларды қолдануға машықтандыру.

	Көркем әдебиет	**Кітап мәдениетіне және театрға қызығушылығын қалыптастыру** Балаларды қол жетімді көркем шығармалар мен фольклорға, театр әлеміне баулу, кітапқа деген қызығушылығын дамытуды жалғастыру. **Шығарманы қабылдау және әдеби талдау дағдылары** Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету, олардың мазмұнын түсіну, себеп-салдарлық байланыстарды ажырату, тілдің көркемдігін сезіну (эпитеттер, сипаттамалар, образды сөздер), шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалауға машықтандыру. **Мазмұндау және диалогтік сөйлеуді дамыту** Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, эмоциямен, қисынды қайталап айтып беру, диалогтік сөйлеуді дамыту, кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіруге машықтандыру. Әдеби кейіпкердің белгілі бір әрекетін өзінің қалай қабылдағаны туралы айтуға машықтандыру, кейіпкерлердің жасырын әрекетін түсіндіруді жалғастыру. **Мәнерлеп оқу және сахналық бейнелеу өнері** Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айтуға машықтандыру. Көркем шығарманы рөлдерге бөліп, сахналау, рөлдерде кейіпкердің көңіл күйі мен мінезін, бейненің қимылын, интонациясы мен мимикасын беруге машықтандыру. **Эстетикалық қабылдау (иллюстрациямен жұмыс)** Балалардың назарын кітаптың безендірілуіне, иллюстрацияларына аударуға жалғастыру. **Коммуникативтік дағдылар және ақпаратпен алмасу** Баланың басқа құрдастарымен және ересектермен түрлі дереккөздерден: ғаламтордан, теледидардан, жақындарының әңгімесінен алған ақпараттарымен, әсерлерімен бөлісуіне мүмкіндік беру, Айналасында болып жатқан оқиғаларға өзінің көзқарасын білдіруге құлшынысын дамыту, сөйлегенде мақал-мәтелдерді қолдануға машықтандыру. **Ауыз әдебиеті және шешендік өнерге баулу** Шешендікке, сөз өнеріне баулу, санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулуға жалғастыру. **Шығармашылық дербестік пен актерлік шеберлік** Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу, онда рөлді, сюжетті таңдауда бастамашылық пен дербестік танытуға ынталандыру, белгілі образды сомдауда эксперимент жасауға, түрлендіруге машықтандыру.
	Сауат ашу негіздері	**Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру,** сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу. Сөздерді дыбыстық талдауға үйретуді жалғастыру: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтауға машықтандыру. **Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру,** сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтауға машықтандыру. Буындардан сөздер құрастыруға (ауызша) машықтандыру. **Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру** (грамматикалық анықтамасыз), сөйлем сөздерден тұратынын

		түсіндіруді жалғастыру. Сөйлемді ауызша талдауға үйретуді жалғастыру: жай сөйлемдерді сөздерге бөлуге, сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтауға. берілген сөзге сөйлем құрастыруға машықтандыру. **Қолды жазуға дайындау.** Жазу кезінде арқаны дұрыс ұстау ережелерімен таныстыруды жалғастыру. Жазу парағында бағдарлай білуге машықтандыру, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуге машықтандыру. Геометриялық фигуралардың, көгөністер, жеміс-жидектердің дайын суреттерінің сыртын шетке шығармай бастыруды, бояуды машықтандыру. Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа, ұзын, толқынды, ирек сызықтарды, нүктелерді, тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі бойынша және кейіннен өз бетінше жазуға мүмкіндік беру. Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарындашты дұрыс, еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салуға машықтандыру.
	Қазақ тілі	**Тілдік дамытушы орта** Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамытуды жалғастыру. Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен, киім-кешегімен, азық-түлік өндірудегі тұрмыстық кәсібімен, тұрмыста, аң аулауда, мал өсіруде қажетті құрал жабдықтары, туған өлкенің көрнекі жерлері, әсем табиғаты, тарихи орындары туралы суреттер, фотолар, альбомдармен жабдықталған орта құруды жалғастыру. Балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге машықтандыру, ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді, көркем сөздерді қолдануына қолдау көрсету, ынталандыруға жалғастыру. **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті** Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, ң, h дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға машықтандыру. Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтауға машықтандыру (басы, ортасы, соңы). **Сөздік қор** Қазақ халқы қолөнер шеберлерімен жасалған киіз үйдің заттарын және тұрмыстық заттарды білдіретін (ши, бау, басқұр, арқан, жіп), азық-түлік атауларын (жент, құрт, сүзбе, шұбат, қымыз, айран) сөздермен толықтыруды жалғастыру. аңшылық кәсіпті (аң, аңшы, орманшы, қорықшы), мал өсіруге байланысты (қора, жайлау, қыстау, жем, астау, соғым, сыбаға) Туыстық қарым-қатынасты ("бауыр", "немере", "шөбере", "ағайын", "туысқан", "жеті ата") білдіретін сөздерді үйрету. Өзінің бауырлары, туыстары, ағайындары, татулық, жақындық, отбасылық мерекелер, салт-дәстүрлер туралы айтуға баулу. Шағын өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтар жаттату, жұмбақтар шешуге машықтандыру. Балаларды шешендік өнерге, айтыс өнеріне баулуды жалғастыру.

		Тілдің грамматикалық құрылымы Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуге машықтандыру. Интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді машықтандыру. Өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру. **Байланыстырып сөйлеу** Өз бетінше қарым-қатынас жасауға, әңгімелесуге, әңгімелесушінің сөзін мұқият тыңдауға, сұрақтарды дұрыс қоюға, оған қысқа және толық нақты жауап беруге машықтандыру. Таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға машықтандыру, тыңдалған көркем шығарма мазмұнын ретімен жүйелі түрде жеткізуге, кейіпкерлердің диалогын мәнерлі интонациямен беруге, шығарманы рөлдерге бөліп сомдауға, кейіпкерлердің мінез-құлқын жеткізуге машықтандыру, шығарманы еркін талқылауға мүмкіндік беру Балалардың түрлі әрекеттерінде бір-бірімен еркін диалог құруға мүмкіндік беру, өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыруға, ойыншықтар мен заттарды 5-6 сөйлеммен сипаттауға, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу.
	Математика негіздері	**Жиын** Жиынды сапасы бойынша әртүрлі элементтерден (түсі, өлшемі, пішіні, дыбысы, қимылы, қолданылуы бойынша заттардан) құруға үйретуді жалғастыру, жиындарды бөліктерге бөлуге және оларды қайта біріктіруге үйретуді жалғастыру, бүтін жиын мен оның әр бөлігі арасында байланыс орнатуға үйретуді жалғастыру, жиынның бөліктен үлкен екенін, бөліктің жиыннан кіші екенін, жиынның бөліктерін санау және элементтердің (заттардың) бір-біріне қатынасы негізінде салыстыруды машықтандыру "Бір" сөзінің мағынасы, ол тек бір затты ғана емес, сондай-ақ жиынның бір бөлігі ретінде заттардың тобын білдіретінін түсіндіруді жалғастыру. **Сан және санау** 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға машықтандыру. Көрнекілік арқылы 6, 7, 8, 9, 10 сандарының пайда болуымен, 0 ден 9-ға дейінгі цифр туралы білімдерін пысықтау. "Қанша?", "Нешінші?" сұрақтарын ажырату, оларға дұрыс жауап беруге үйретуді жалғастыру. 10 көлеміндегі сандарды салыстыруға машықтандыру, саны кем затқа бір зат қосу арқылы теңсіздіктен теңдік немесе саны көп заттан біреуін алып тастау арқылы теңдіктен теңсіздік шығаруға машықтандыру. Теңдік туралы түсінік қалыптастыру, әртүрлі заттардан тұратын топтардың санын анықтауға машықтандыру, топтарды санау және салыстыру негізінде сандық мәндерді дұрыс жалпылауға машықтандыру **Шама.** Заттардың (5 және одан артық) ұзындығын, биіктігін, ені мен жуандығын анықтауға машықтандыру, заттарды шамасына қарай өсу және кему ретімен орналастыруға машықтандыру. Шамасы бойынша заттардың арасындағы қатынастарды білдіретін математикалық терминдерді қолдануға үйретуді

		жалғастыру. Заттарды әртүрлі белгілері бойынша (түсі, пішіні, өлшемі, материалы, қолданылуы) салыстыруға машықтандыру **Геометриялық фигуралар** Шеңбермен және тіктөртбұрышпен салыстыру арқылы сопақша пішінмен таныстыруды жалғастыру. Геометриялық фигуралар (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) мен денелерді (шар, текше, цилиндр) дұрыс атап, оларды ажыратуға машықтандыру. Танымдық-зерттеушілік қызығушылықты, ойлауды, алдына қойылған міндетті шешуде не істеу, қалай істеу керек екенін түсінуге, күрделі формадағы заттарды өз бетінше зерттеуге мүмкіндік беру, қоршаған ортадан геометриялық фигураларға ұқсас заттарды табу, олардың пішіндерін анықтауға машықтандару. **Кеңістікті бағдарлау** Кеңістік туралы түсініктерді бекітуді жалғастыру: Сөйлеуде белгілі бір заттың өзіне немесе басқа затқа қатысты орнын көрсетуге машықтандыру. Берілген бағытта, оны белгі бойынша өзгерте отырып, бағдарлауын қалыптастыруды жалғастыру. Қағаз парағын бағдарлауға машықтандыру. Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: заттарды кеңістікте орналастыруға машықтандыру (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде); қозғалыс бағыттарын: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға, артқа. пысықтау **Уақытты бағдарлау** Әртүрлі оқиғалардың, апта күндерінің, тәулік бөліктерінің реті туралы білімді бекітуді жалғастыру. Айлар, жыл мезгілдері туралы түсініктерді қалыптастыруды жалғастыру, олардың ретін білуге және атауға машықтандыру, циферблат бойынша уақытты анықтауға машықтандыру. Тәулік бөліктерінің ауысуын ("кеше", "бүгін", "ертең"), оқиғалардың ретін ("алдымен – содан кейін", "бұрын – кейінірек") анықтауға машықтандыру**.** Заттар мен құбылыстардың математикалық мәнін тануға қызығушылық пен эмоционалды көзқарасты, ойлау мәдениетін, таным процесін ерікті реттеу, шыдамдылық, ұқыптылық, өзіне деген сенімділікті қалыптастыруға баулу
	Сурет салу	**Заттық және сюжеттік сурет салу** Балалардың суретте қарапайым сюжеттерді: әлеуметтік оқиғаларды, қоршаған өмірдегі оқиғаларды жеткізе білуін жетілдіру Парақта кеңістіктегі заттардың қалпын беруге, заттардың жазықтықта әртүрлі орналасуы мүмкендігін түсіндіру (тұрады, жатады және қалпын өзгерте алады) негізінде сурет салуға үйрету. **Декоративтік сурет салу** Ою-өрнектермен қазақтың ұлттық киімдерін (орамал, шапан, қамзол) салуға үйрету. Қазақ ою-өрнектерінің сипатын, колоритін жеткізе отырып, көлемді пішіндерді бояуға үйретуді жалғастыру. Ою-өрнекті өз бетінше ойдан салуға мүмкіндік беру арқылы шеберлігін дағдыландыру. **Техникалық дағдылар**

		Ою өрнектерді пішіндердің ортасында және шеттерінде орналастыруға үйрету. Өз жұмысының нәтижелерін бағалауды дағдыландыру
	Мүсіндеу	**Заттық мүсіндеу** Адам мен жануарлардың қимылдарын, қол-аяқтарының қалпын (жүгіру, секіру) дұрыс бейнелеуге үйрету. Сазбалшық, ермексаз және пластикалық массадан мүсіндеудің техникалық айырмашылықтарын қолдануды пысықтау. **Сюжеттік мүсіндеу** Өз бетінше ұжымдық жұмыстарды орындауға, сюжеттерді бірлесіп жоспарлауға баулу. **Декоративті мүсіндеу** Қазақтың дәстүрлі көлік құралы — ер-тұрманды және ат әбзелдерін мүсіндеу ерекшеліктерімен таныстыру. **Техникалық дағдылар** Пішіннің бетін дымқыл шүберекпен мұқият тегістеу және әртүрлі пішінді кескіштерді қолдануды бекіту. Ұжымдық жұмыс барысында қауіпсіздік ережелерін және өзара көмек дағдыларын дағдыландыру.
	Жапсыру	**Күрделі оюлау және сыңарлы симметрия** **Қайшымен жұмыс және қию тәсілдері** Жапсырудың түрлі әдістерінің ішінен сыңарлы симметриялы және сұлбалы қию тәсілдерін бекіту. Қайшымен жұмыс жасау кезіндегі еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтауды нығайту. **Ұлттық бұйымдар және материалдармен жұмыс** Киіз үйдің есігі — сықырлауық және оны қоршайтын басқұр жабдықтарымен таныстыру. Аталған заттарды қалауы бойынша қиып жапсыру, оларды күрделірек ою-өрнектермен безендіруге дағдыландыру. **Сюжеттік композиция және кеңістік** Балалардың өз өміріндегі немесе әлеуметтік оқиғаларды («Менің отбасым», «Балабақшада») бейнелейтін сюжеттер жасауын қолдау. Композицияны ұсақ сәнді бөлшектермен дербес толықтыру және қиялды дамыту.
	Құрастыру	**Келісіп орындау және қиялды дамыту** **Құрылыс материалдары мен конструкторлар** Бірлескен жұмыс кезінде балалардың бір-бірімен келісіп орындау, өзара көмектесу дағдыларын машықтандыру. Өз бетінше ойдан құрастыруда дербестікті, шығармашылықты және жаңа идеяларды қолдау. **Қағаздан құрастыру** Сызба бойынша күрделірек фигураларды қию, қайшымен жұмыс істеудің шеберлігін арттыру. Өзінің құрастырған қағаз бұйымын талдау арқылы оның беріктігін, тиімділігін арттыру жолдарын табу. **Табиғи және қалдық материалдар** Мата, кенеп және жүн қалдықтарын пайдаланып, киіз үйдің ішкі жасауларының (текемет, кілемше) шағын үлгілерін құрастыру. Көрнекілікке сүйене отырып, елестетуі мен ойлауы бойынша қолдан күрделі бұйымдар жасай білуді бекіту.
	Музыка	**Музыка тыңдау**

		Балалардың музыкалық талғамын қалыптастыра отырып, күрделірек шығармалардың эмоционалды-бейнелі мазмұнын, олардың жанрлық ерекшеліктерін (марш, би, ән) тереңірек ұғынуға үйрету. Музыкалық шығарманың құрылымын, оның динамикалық реңктері мен темптік өзгерістерінің (баяу, орташа, жылдам) мағыналық жүктемесін ажырата білу дағдыларын жетілдіру. Қысқы табиғат көріністерін суреттейтін классикалық және заманауи композиторлардың шығармаларына талдау жасау арқылы эстетикалық қабылдауды дамыту. Музыкалық шығарма туралы өз пікірін толық сөйлемдермен, бейнелі теңеулермен жеткізе білуді және шығарманың көңіл-күйі мен адамның ішкі тебіренісі арасындағы байланысты сезінуді қалыптастыру. **Ән айту**: Дауыс аппаратын дұрыс қалыптастыру мақсатында вокалдық-хор дағдыларын, соның ішінде тыныстыдұрыс алу мен оны фраза соңына дейін үнемді жұмсауды жүйелі түрде үйрету. Бірінші октаваның «ре» – екінші октаваның «до» диапазонында дыбыстың тазалығын, жұмсақтығын және жаңғырықтылығын сақтай отырып, ансамбльмен бірге жинақы ән айтуға баулу. Ән айту барысында дикцияның анықтығын, дауысты дыбыстардың дұрыс қалыптасуын және мәтіндегі сөздердің мағыналық екпінін сақтауды қадағалау. Түрлі сипаттағы (лирикалық, патриоттық, ойнақы) әндерді орындау кезінде көркемдік бейнені аша білу және музыкалық фразалар арасында дер кезінде тыныс алу дағдыларын бекіту. **Музыкалық-ырғақтық қимылдар**: Музыканың құрылымына (кіріспе, бөлімдер, фразалар) сәйкес қимылдарды нақты және үйлесімді орындау қабілетін арттыру. Ритмикалық жаттығулар арқылы дене бітімінің икемділігін, кеңістікті бағдарлай білуін және қимылдардың мәнерлілігін дамыту. Марш сипатындағы нық қадамдарды, жеңіл және екпінді жүгірулерді, сондай-ақ музыка ырғағының өзгеруіне жедел әрекет ету дағдыларын қалыптастыру. Ойын іс-әрекеттері кезінде берілген тапсырманы музыкамен ұштастырып, ұжымдық жұмыста бір-біріне кедергі жасамай, кеңістікті еркін пайдалануды үйрету. **Билер**: Қазақтың ұлттық би өнеріне деген қызығушылығын арттыра отырып, би қимылдарының элементтерін («айшық», «қос мүйіз», «айналу») техникалық тұрғыдан дұрыс және әсем орындауға үйрету. Би композицияларындағы жұптасып жұмыс істеу мәдениетін, серіктесіне деген құрмет пен қимылдардың синхрондылығын дамыту. Халықтық және заманауи билердің стилистикалық ерекшеліктерін түсіндіру, би арқылы белгілі бір кейіпкердің мінез-құлқын немесе тақырыптық мазмұнды ашып көрсету дағдыларын қалыптастыру. Денені түзу ұстау, қол мен аяқ қимылдарының үйлесімділігін және сахналық мәдениетті меңгерту. **Би шығармашылығы**: Балалардың қиялы мен шығармашылық бастамаларын қолдай отырып, таныс би қимылдарын жаңа комбинацияларда қолдана білуге баулу. Берілген музыкалық образға (мәселен, қар ұшқындары, аққала, орман аңдары) сәйкес өз бетінше мәнерлі қимылдар ойлап табуды және оны эмоция арқылы жеткізуді дамыту. Музыкалық ойындар мен этюдтер барысында баланың жеке тұлғалық ерекшелігін айқындауға, импровизация жасауға

		және сахналық бейнелерді сомдауға шығармашылық жағдай жасау. **Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау:** Музыкалық аспаптардың (дауылпаз, асатаяқ, қоңырау, металлофон) дыбысталу ерекшеліктерін ажырата білу және оларда ойнаудың қарапайым тәсілдерін меңгерту. Шағын топтармен және оркестр құрамында бірігіп ойнау кезінде бір-бірін тыңдау, ырғақты дәл сақтау және жеке партияларды жауапкершілікпен орындау дағдыларын қалыптастыру. Таныс әуендерді аспаптардың көмегімен сүйемелдеу арқылы балалардың есту қабілетін, ырғақ сезімін және ұсақ моторикасын дамыту.
	Қоршаған әлеммен таныстыру	**Бала, оның отбасы, үйі** Өзінің жасына сәйкес өмірінде болатын өзгерістерді, балабақшаға баруы, мектепке баруы, ересек азамат болып ер жетуі мен еңбек етуі, болашақта табысты болуы үшін білімнің қажеттігін түсінуіне, болашақта мектепте оқуға ынтасын арттыруға жалғастыру, жаңаны тануға, өз өміріне қажетті дағдыларды игеруге ықпал етуге жалғастыру. Өзінің болашағына, біліміне, денсаулығына, қызметіне, жетістіктеріне сенімді болуға, қоғамға пайдасын тигізуге машықтандыру. Еңбекқорлық пен жауапкершіліктің маңызын түсіну, өзін-өзі құрметтеу, өз күші мен мүмкіндіктеріне деген сенімділікті арттыру. **Заттық әлем, кеңістікті бағдарлау** Заттар, олардың белгілерін нақтылау және бейтаныс заттардың қолданылуын машықтандыру. Заттардың қандай материалдардан жасалғанын өз бетінше анықтау және талдау, олардың сапалары мен қасиеттерін сипаттауға үйретуді жалғастыру. Үй-жайларда, балабақша ауласында, жақын маңдағы шағын ауданда еркін бағдарлауларын машықтандыру. **Көлік, байланыс құралдары** Арнайы көлік құралдарының түрлерін, белгілі бір жұмыс түрін орындау үшін олардың жабдықталуын түсіндіруді жалғастыру. Ұялы телефон, смартфон, қолданылуын білу, оларды қолдануда қауіпсіздікті сақтауға үйрету **Еңбекке баулу** Әртүрлі мамандықтар, балабақша қызметкерлерінің еңбегі туралы түсініктерін пысықтау, еңбектің мазмұны, сипаты және нәтижесінің маңызын, түсінуге және бағалауға машықтандыру. Ата-ана еңбегін түсіндіру, адамдардың еңбектеріндегі өзара байланыстарды байқау. Еңбек ардагерлерін, қарттарды құрметтеу, үлкенді сыйлау, олардың еңбегін бағалауға үйретуді жалғастыру Шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, дербестік пен жауапкершілікке дағдырландыру. **Адамгершілік және патриоттық тәрбие** Балаларды адамгершілік құндылықтарға, өз іс-әрекеттері мен басқа адамдардың іс-әрекеттерін бағалай білуге, өзінің іс-әрекетіне басқалар пікірін білдірген жағдайда ол пікірді дұрыс қабылдауға, өз ісіне адал болуға, еңбек етуде, шығармашылық әрекеттерде нәтижеге жетуге ұмтылуға үйретуді жалғастыру.

		Айналасындағыларға әрқашан әділ болуға, оларға қолдау көрсетуге, көмек беруге, жалған сөйлемеуге, өзінің педагогтерін, үлкендерді сыйлауға, кішіге қамқор болуға баулу. Өз құрдастарын тарта отырып, ұлттық ойындар ойнау, Қазақстан мемлекетінің рәміздеріне құрмет көрсетуге үйрету. Туған өлке, ел, Отан, мемлекеттік және халықтық мерекелер, еліміздің рәміздері, оның маңызы туралы білімдерін кеңейту. Қазақстан Республикасының Президенті, оның халық үшін атқаратын қызметінің маңыздылығын түсіндіруді жалғастыру. Қазақстан Республикасының бас қаласы – Астана, республикадағы қалалар мен ауылдардың атаулары, олардың көрікті жерлері, ауыл мен қала өмірінің ерекшеліктері туралы ұғымдарын байыту. **Жол қозғалысы ережелері** Жолда қауіпсіздік ережелерін сақтауға машықтандыру. Жол белгілерін (жүру бөлігі, жаяу жүргіншілер өткелі, тротуар, велосипед, электросамокат, гироскутер, сигвейге арналған жол) білу, бағдаршамның белгілеріне сәйкес жолдан өтуге машықтандыру. Жол қозғалысының қарапайым ережелерін, жаяу жүргіншілер мен велосипедшілердің қозғалыс ережелерін сақтауға үйрету. **Табиғатпен таныстыру** Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту. "Өлі табиғат" ұғымымен таныстыру (су, ауа, күн, бұлт, қар, тастар, жел, жаңбыр); өлі табиғат заттарын адамның қолымен жасалған заттардан ажыратуға машықтандыру. Тірі және өлі табиғат, табиғат құбылыстары (маусым, адам еңбегі) арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және түсіндіру. Балалардың зерттеу әрекеті үшін жағдай жасау, табиғатпен таныстыру барысында заттар мен құбылыстардың өзіне тән, сипаттамалық белгілерін бақылау, талдау, салыстыру, ажырату. **Өсімдіктер әлемі** Туған өлкенің өсімдіктері (ағаштар, бұталар, гүлдер, шөпті өсімдіктер) туралы түсініктерін кеңейту, "орман", "шалғын" және "бақша" ұғымдарымен таныстыруды жалғастыру. Өсімдіктердің тірі тіршілік иесі екендігін бақылау және себеп-салдарлық байланыстарды ажырату: өсімдік жапырақтары, сабақтарының қозғалуы, гүлдердің күн шыққанда жапырақтарының ашылуы және кешке жабылуы, тамырдың суды сорып, сабағы арқылы су өткізіп, басқа бөліктерін қоректендіруі туралы түсіндіру. Өсімдіктердің өсуі үшін ылғалдың, жарықтың, жылу мен тыңайтқыштың қажеттігі олардың жылуды, суықты, күнді немесе бұлтты ауа-райын сезуі, олардың өсуі және көбеюі. **Жануарлар әлемі** Қазақстан аумағын мекендейтін жануарлар мен олардың төлдерін атау және олардың өздеріне тән белгілері бойынша ажыратуға үйретуді жалғастыру. Бақылау арқылы төрт түліктің пайдасын білу, оларды күтіп-баптау, жылдың әр мезгілінде олардың сыртқы түрі мен тіршілік ету ерекшеліктерін сипаттау, жыл құстары мен қыстайтын құстарды ажырата білу, құстардың пайдасы туралы білу, оларға қамқорлық жасау. Жануарлардың тірі тіршілік иесі

		екендігін бақылау және себеп-салдарлық байланыстарды ажырату: жануарлар қозғалады (жүреді, жүгіреді, секіреді, ұшады, қозғалады); қоректенеді (өсімдіктердің жапырақтары, сабағы, бұтақтары, қабығы, шырыны, тұқымдарымен, етпен, жәндіктермен); өседі және көбейеді, қоршаған ортаны көз, мұрын, тіл, құлақ, тері көмегімен сезе білуге үйрету. **Қарапайым экологиялық ұғымдарды,** адамның табиғаттың бір бөлігі екенін және оны қорғау, сақтау керек екенін, күн мен ауаның адам, жануарлар мен өсімдіктер өміріндегі маңызы туралы, табиғатпен қарым-қатынас барысында денсаулықты нығайтуды, табиғатты сақтауда жауапкершілікті сезіне білуге үйретуді жалғастыру **Қоғамдық орындарда мінез-құлық ережелері** туралы; үйдегі, балабақша тобындағы міндеттері туралы түсініктерін кеңейту. Ненің "дұрыс" немесе "дұрыс емес", "жақсы" немесе "жаман" екенін түсінуге және ажыратуларын машықтандыру. Балаларды жалпы қабылданған нормалар мен ережелерді саналы түрде орындауға баулуды жалғастыру. Ережелер барлығына жақсы болуы (қарапайым, жайлы, қауіпсіз) үшін жасалатынын балалардың түсінуі маңыздылығын түсіндіру.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының негізінде 2025-2026 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Мектепке дейінгі ұйым: «Алпамыс» бөбекжай-бақшасы» МКҚК
Топ: «Ботақан» мектепалды тобы
Балалардың жасы: 5 жастағы балалар
Қандай кезеңге жасалды: 2025-2026 оқу жылы, наурыз айы

Ай	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
наурыз	**Дене тәрбиесі**	**Негізгі қимылдар:** **Жүру:** сапта бір-бірден, екеуден, үшеуден жүруге; аяқтың ұшымен, аяқтың ішкі және сыртқы қырымен жүруге; тізені жоғары көтеріп жүруге, заттардан бір қырымен аттап жүруге дағдыландыру. **Тепе-теңдікті сақтау:** қосалқы қадаммен (өкшені арқанға, аяқ ұшын еденге қою) жүруге, әр қадам сайын допты алдынан немесе артынан қолдан-қолға ауыстыра отырып, кедір-бұдыр тақтай, гимнастикалық скамейка бойымен жүруге; гимнастикалық скамейканың бойымен екі қадам қашықтықта орналасқан іші толтырылған доптардан аттап өтуге; қолдарынан ұстап, жұптарымен айналуға дағдыландыру. **Жүгіру:** жүру мен жүгіруді алмастыра отырып, 100–120 метр арақашықтықта жүгіруге; белгіленген жерге дейін жылдамдыққа (ұзындығы 20 метр) жүгіруге дағдыландыру. **Еңбектеу, өрмелеу:** гимнастикалық скамейка бойымен қолымен тартылып, иықтары мен тізелеріне сүйене отырып, етпетімен өрмелеуге; бірнеше заттардан еңбектеп өтуге, әртүрлі тәсілдермен құрсаудың ішіне еңбектеп өтуге, гимнастикалық қабырғамен өрмелеуге және бір гимнастикалық қабырғадан екіншісіне ауысып өрмелеуге дағдыландыру. **Секіру:** бір орында тұрып биіктікке секіруге (6–8 сантиметр); бір аяқпен және қос аяқпен құрсаудан құрсауға секіруге (арақашықтығы 40 сантиметр), алға айналдыра отырып, ұзын және қысқа секіргіштен секіруге дағдыландыру. **Лақтыру:** 2–2,5 метр арақашықтықтағы нысанаға құм салынған қапшықты, асықты лақтыруға, допты екі қолымен бір-біріне (арақашықтығы 1,5–2 метр) басынан асыра лақтыруға, допты екі қолымен заттардың арасымен (арақашықтығы 4 метр) жүргізуге, допты лақтыруға және алға қарай жылжып, екі қолымен қағып алуға (арақашықтығы 4–5 метр) дағдыландыру. **Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру:** сапқа бір, екі, үш қатармен тұруға, бір-бірінің жанына және бір-бірінің артынан сапқа тұруға, орнында айналуға, оңға, солға бұрылуға, сап түзеп, бір, екі, үш қатармен қайта тұруға дағдыландыру. **Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындауға, түзу бағытта адымдап жүруге, жұбымен шеңбер бойымен жүруге дағдыландыру.

		Жалпы дамыту жаттығулары: **Қолдың күшін жетілдіруге арналған жаттығулар:** 3–5 метр қашықтықта екі қолын жерге қойып, жүруге (бір бала екінші баланы аяғынан ұстайды) дағдыландыру. **Іштің бұлшықеттеріне арналған жаттығулар:** екі бала жұптасып жасайды: бірінші бала қолын желкесіне қойып, шалқасынан жатып, денесін көтереді, екінші бала оның аяғына отырады (5–6 рет); гимнастикалық қабырғада қолдарымен тартылып тұрып, аяқтарын көтеруге (5–6 рет) дағдыландыру. **Кеудеге арналған жаттығулар:** гимнастикалық қабырғаға арқасымен сүйеніп тұрып, белінің деңгейіндегі рейкадан ұстап, аяқты кезектестіре бүгу және тік көтеруге дағдыландыру. **Спорттық жаттығулар:** Велосипед, самокат тебуге, шеңбер бойымен және тура жолмен өз бетінше екі дөңгелекті велосипед тебуге дағдыландыру. **Спорттық ойындар:** **Баскетбол элементтері:** кеуде тұсынан екі қолымен допты бір-біріне лақтыруға дағдыландыру, допты оң және сол қолмен алып жүруге жаттықтыру. **Бадминтон:** воланды ракеткамен белгілі бір жаққа бағыттай отырып лақтыруға дағдыландыру. **Футбол элементтері:** берілген бағытқа допты оң және сол аяқпен тебуге, допты заттарды айналдыра жүргізуге, допты бірнеше рет аяқпен қабырғаға тебуге дағдыландыру. **Дербес қимыл белсенділігі:** Балалардың дербес қимыл белсенділігін ұйымдастыруда меңгерген қимыл дағдыларын жетілдіру үшін серуен өткізілетін орынды жабдықтауға, ойын алаңында балалардың жүруіне арналған кедергі жолдар жасауға үйрету. **Салауатты өмір салтын қалыптастыру:** Адам ағзасы және оның қызметінің ерекшеліктері туралы түсініктерді кеңейтуді жалғастыру; балалардың назарын ағзасы мен денсаулығының ерекшеліктеріне аудару; салауатты өмір салтының маңызды компоненттері: дұрыс тамақтану, қимылдар, ұйқы және күн тәртібі, ауа мен су және денсаулыққа зиян келтіретін факторлар туралы түсініктерді кеңейтуге дағдыландыру. **Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру:** Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіруге дағдыландыру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртінуге дағдыландыру. **Сауықтыру-шынықтыру шаралары:** Су температурасын біртіндеп төмендете отырып, қарапайым шараларды өз бетінше жүргізуге, балалардың денсаулығын, шынықтыру құралдарының әсерлеріне бейімделу деңгейін ескеріп, қарама-қарсы температурадағы сумен шайынуға, таңертеңгі жаттығуды орындауға дағдыландыру;

		қызығушылық тудыру, дене бітімін қалыптастыруды жалғастыру және өкшелерді нығайту.
	Тіл дамыту	**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті** Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз б-п, г-ғ, к-қ, ж-ш, з-с, н-ң, р-л дыбыстарды дұрыс, анық айтуға машықтандыру. Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтауға машықтандыру (басы, ортасы, соңы). Артикуляциялық жаттығулар жасауға машықтандыру. Сөйлеуде интонациялық мәнерлілік құралдарын қолдану: дауыс қарқынын, логикалық үзіліс пен екпінді реттеуге машықтандыру **Сөздік қор** Балалардың сөздік қорын тұрмыстық заттарды білдіретін зат есімдермен, заттардың қасиеттері мен сапасын сипаттайтын сын есімдермен, адамдардың қарым-қатынасын, олардың еңбекке қатынасын білдіретін үстеулермен байытуды жалғастыру. Сөйлегенде көп мағыналы сөздерді, синонимдер мен антонимдерді қолдану, белгілі бір затқа белгілерді, әрекеттерді және берілген әрекетке заттарды таңдай білуге машықтандыру. Алуан түрлі заттарды сипаттауға машықтандыру, қарым-қатынас жасауға қажетті сөздерді қолдану және түсіну, оларды сөйлегенде белсенді қолдану дағдыларын қалыптастыруға жалғастыру. Зат есімдер мен жалпылаушы сөздерді дұрыс қолдануға машықтандыру. Балаларға сөздерді мағынасына сәйкес қолдануға машықтандыру. Қазақ халқының салт-дәстүрлерімен таныстыруды жалғастыру, "Асар", "Сүйінші сұрау" дәстүрлерінің мәнін түсіндіру, балаларды бір-біріне көмек қолын созуға, бірлесіп, келісіп ойнауға, тапсырманы орындауға, бір-бірінің қуанышына ортақтаса білуге, бір-біріне қамқор болуға баулу. **Тілдің грамматикалық құрылымы** Сөйлемдердегі сөздерді: зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен үйлестіруге машықтандыру. Түбірлес сөздерді жасау және қолдана білу, етістіктерді жалғаулармен қолдану, сөйлеу әдебін, жай және жайылма сөйлемдерді қолдануға машықтандыру. Интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдануға машықтандыру **Байланыстырып сөйлеу:** Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру, әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге машықтандыру, әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстауға, әдепті және сабырлы болуға үйретуді жалғастыру. Негізгі ойды дұрыс жеткізуге машықтандыру, монологты байланыстырып құра білуге, әңгімені бірізді айтуға, шағын логикалық және хабарлау сипатындағы әңгімелерді құрастыруға машықтандыру. Ойыншықтарды, заттарды, сюжеттік суреттерді, табиғат құбылыстарын сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді

		дұрыс таңдауға, сын есімдер мен үстеулерді қолдануды машықтандыру. **Шығармашылықпен сөйлеу қызметі** Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығару, бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау және хабарлау әңгімелерін құрастыру, өзара байланысты бірізді сюжет құрастыруға, сөйлегенде бейнелі сөздерді, эпитеттерді, салыстыруларды қолдануға машықтандыру.
	Көркем әдебиет	**Кітап мәдениетіне және театрға қызығушылығын қалыптастыру** Балаларды қол жетімді көркем шығармалар мен фольклорға, театр әлеміне баулу, кітапқа деген қызығушылығын дамытуды жалғастыру. **Шығарманы қабылдау және әдеби талдау дағдылары** Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету, олардың мазмұнын түсіну, себеп-салдарлық байланыстарды ажырату, тілдің көркемдігін сезіну (эпитеттер, сипаттамалар, образды сөздер), шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалауға машықтандыру. **Мазмұндау және диалогтік сөйлеуді дамыту** Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, эмоциямен, қисынды қайталап айтып беру, диалогтік сөйлеуді дамыту, кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіруге машықтандыру. Әдеби кейіпкердің белгілі бір әрекетін өзінің қалай қабылдағаны туралы айтуға машықтандыру, кейіпкерлердің жасырын әрекетін түсіндіруді жалғастыру. **Мәнерлеп оқу және сахналық бейнелеу өнері** Өленді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айтуға машықтандыру. Көркем шығарманы рөлдерге бөліп, сахналау, рөлдерде кейіпкердің көңіл күйі мен мінезін, бейненің қимылын, интонациясы мен мимикасын беруге машықтандыру. **Эстетикалық қабылдау (иллюстрациямен жұмыс)** Балалардың назарын кітаптың безендірілуіне, иллюстрацияларына аударуға жалғастыру. **Коммуникативтік дағдылар және ақпаратпен алмасу** Баланың басқа құрдастарымен және ересектермен түрлі дереккөздерден: ғаламтордан, теледидардан, жақындарының әңгімесінен алған ақпараттарымен, әсерлерімен бөлісуіне мүмкіндік беру, Айналасында болып жатқан оқиғаларға өзінің көзқарасын білдіруге құлшынысын дамыту, сөйлегенде мақал-мәтелдерді қолдануға машықтандыру. **Ауыз әдебиеті және шешендік өнерге баулу** Шешендікке, сөз өнеріне баулу, санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулуға жалғастыру. **Шығармашылық дербестік пен актерлік шеберлік** Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу, онда рөлді, сюжетті таңдауда бастамашылық пен дербестік танытуға ынталандыру, белгілі образды сомдауда эксперимент жасауға, түрлендіруге машықтандыру.
	Сауат ашу негіздері	**Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру,** сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу.

		Сөздерді дыбыстық талдауға үйретуді жалғастыру: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтауға машықтандыру. **Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру,** сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтауға машықтандыру. Буындардан сөздер құрастыруға (ауызша) машықтандыру. **Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру** (грамматикалық анықтамасыз), сөйлем сөздерден тұратынын түсіндіруді жалғастыру. Сөйлемді ауызша талдауға үйретуді жалғастыру: жай сөйлемдерді сөздерге бөлуге, сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтауға. берілген сөзге сөйлем құрастыруға машықтандыру. **Қолды жазуға дайындау.** Жазу кезінде арқаны дұрыс ұстау ережелерімен таныстыруды жалғастыру. Жазу парағында бағдарлай білуге машықтандыру, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуге машықтандыру. Геометриялық фигуралардың, көгөністер, жеміс-жидектердің дайын суреттерінің сыртын шетке шығармай бастыруды, бояуды машықтандыру. Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа, ұзын, толқынды, ирек сызықтарды, нүктелерді, тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі бойынша және кейіннен өз бетінше жазуға мүмкіндік беру. Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарындашты дұрыс, еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салуға машықтандыру.
	Қазақ тілі	**Тілдік дамытушы орта** Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамытуды жалғастыру. Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен, киім-кешегімен, азық-түлік өндірудегі тұрмыстық кәсібімен, тұрмыста, аң аулауда, мал өсіруде және егіншілікке қажетті құрал жабдықтары, туған өлкенің көрнекі жерлері, әсем табиғаты, тарихи орындары туралы суреттер, фотолар, альбомдармен жабдықталған орта құруды жалғастыру. Балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге машықтандыру, ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді, көркем сөздерді қолдануына қолдау көрсету, ынталандыруға жалғастыру. **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті** Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, ң, h дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға машықтандыру. Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтауға машықтандыру (басы, ортасы, соңы). **Сөздік қор** Қазақ халқы қолөнер шеберлерімен жасалған киіз үйдің заттарын және тұрмыстық заттарды білдіретін (ши, бау, басқұр, арқан, жіп), азық-түлік атауларын (жент, құрт, сүзбе, шұбат, қымыз, айран) сөздермен толықтыруды жалғастыру. аңшылық кәсіпті (аң, аңшы, орманшы, қорықшы), мал өсіруге байланысты (қора, жайлау, қыстау, жем, астау, соғым,

		сыбаға), Туыстық қарым-қатынасты ("бауыр", "немере", "шөбере", "ағайын", "туысқан", "жеті ата") білдіретін сөздерді үйрету. Өзінің бауырлары, туыстары, ағайындары, татулық, жақындық, отбасылық мерекелер, салт-дәстүрлер туралы айтуға баулу. Шағын өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтар жаттату, жұмбақтар шешуге машықтандыру. Балаларды шешендік өнерге, айтыс өнеріне баулуды жалғастыру. **Тілдің грамматикалық құрылымы** Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуге машықтандыру. Интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді машықтандыру. Өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру. **Байланыстырып сөйлеу** Өз бетінше қарым-қатынас жасауға, әңгімелесуге, әңгімелесушінің сөзін мұқият тыңдауға, сұрақтарды дұрыс қоюға, оған қысқа және толық нақты жауап беруге машықтандыру. Таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға машықтандыру, тыңдалған көркем шығарма мазмұнын ретімен жүйелі түрде жеткізуге, кейіпкерлердің диалогын мәнерлі интонациямен беруге, шығарманы рөлдерге бөліп сомдауға, кейіпкерлердің мінез-құлқын жеткізуге машықтандыру, шығарманы еркін талқылауға мүмкіндік беру Балалардың түрлі әрекеттерінде бір-бірімен еркін диалог құруға мүмкіндік беру, өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыруға, ойыншықтар мен заттарды 5-6 сөйлеммен сипаттауға, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға машықтандыру. Заттар мен ойыншықтар, сюжетті суреттерді зат, сын, сан есімдерді қолдана отырып, сипаттауда сөздерді дәл және дұрыс қолдануға, берілген мәтіннің басталуын және соңын ойдан құрастыруға баулу.
	Математика негіздері	**Жиын** Жиынды сапасы бойынша әртүрлі элементтерден (түсі, өлшемі, пішіні, дыбысы, қимылы, қолданылуы бойынша заттардан) құруға үйретуді жалғастыру, жиындарды бөліктерге бөлуге және оларды қайта біріктіруге үйретуді жалғастыру, бүтін жиын мен оның әр бөлігі арасында байланыс орнатуға үйретуді жалғастыру, жиынның бөліктен үлкен екенін, бөліктің жиыннан кіші екенін, жиынның бөліктерін санау және элементтердің (заттардың) бір-біріне қатынасы негізінде салыстыруды машықтандыру "Бір" сөзінің мағынасы, ол тек бір затты ғана емес, сондай-ақ жиынның бір бөлігі ретінде заттардың тобын білдіретінін түсіндіруді жалғастыру. **Сан және санау** 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға машықтандыру. Көрнекілік арқылы 6, 7, 8, 9, 10 сандарының пайда болуымен, 0 ден 9-ға дейінгі цифр туралы білімдерін пысықтау. "Қанша?", "Нешінші?" сұрақтарын ажырату, оларға дұрыс жауап беруге үйретуді жалғастыру. 10 көлеміндегі сандарды салыстыруға машықтандыру, саны кем

		затқа бір зат қосу арқылы теңсіздіктен теңдік немесе саны көп заттан біреуін алып тастау арқылы теңдіктен теңсіздік шығаруға машықтандыру. Теңдік туралы түсінік қалыптастыру, әртүрлі заттардан тұратын топтардың санын анықтауға машықтандыру, топтарды санау және салыстыру негізінде сандық мәндерді дұрыс жалпылауға машықтандыру **Шама.** Заттардың (5 және одан артық) ұзындығын, биіктігін, ені мен жуандығын анықтауға машықтандыру, заттарды шамасына қарай өсу және кему ретімен орналастыруға машықтандыру. Шамасы бойынша заттардың арасындағы қатынастарды білдіретін математикалық терминдерді қолдануға үйретуді жалғастыру. Заттарды әртүрлі белгілері бойынша (түсі, пішіні, өлшемі, материалы, қолданылуы) салыстыруға машықтандыру **Геометриялық фигуралар** Шеңбермен және тіктөртбұрышпен салыстыру арқылы сопақша пішінмен таныстыруды жалғастыру. Геометриялық фигуралар (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) мен денелерді (шар, текше, цилиндр) дұрыс атап, оларды ажыратуға машықтандыру. Танымдық-зерттеушілік қызығушылықты, ойлауды, алдына қойылған міндетті шешуде не істеу, қалай істеу керек екенін түсінуге, күрделі формадағы заттарды өз бетінше зерттеуге мүмкіндік беру, қоршаған ортадан геометриялық фигураларға ұқсас заттарды табу, олардың пішіндерін анықтауға машықтандару Пішіннің бір формасынан екіншісін қалай жасау керектігі туралы ұғымдарды дамыту **Кеңістікті бағдарлау** Кеңістік туралы түсініктерді бекітуді жалғастыру: Сөйлеуде белгілі бір заттың өзіне немесе басқа затқа қатысты орнын көрсетуге машықтандыру. Берілген бағытта, оны белгі бойынша өзгерте отырып, бағдарлауын қалыптастыруды жалғастыру. Қағаз парағын бағдарлауға машықтандыру. Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: заттарды кеңістікте орналастыруға машықтандыру (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде); қозғалыс бағыттарын: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға, артқа. пысықтау **Уақытты бағдарлау** Әртүрлі оқиғалардың, апта күндерінің, тәулік бөліктерінің реті туралы білімді бекітуді жалғастыру. Айлар, жыл мезгілдері туралы түсініктерді қалыптастыруды жалғастыру, олардың ретін білуге және атауға машықтандыру, циферблат бойынша уақытты анықтауға машықтандыру. Тәулік бөліктерінің ауысуын ("кеше", "бүгін", "ертең"), оқиғалардың ретін ("алдымен – содан кейін", "бұрын – кейінірек") анықтауға машықтандыру**.** Заттар мен құбылыстардың математикалық мәнін тануға қызығушылық пен эмоционалды көзқарасты, ойлау мәдениетін, таным процесін ерікті реттеу, шыдамдылық, ұқыптылық, өзіне деген сенімділікті қалыптастыруға баулу.
	Сурет салу	**Заттық және сюжеттік сурет салу**

		Балалардың суретте қарапайым сюжеттерді: әлеуметтік оқиғаларды, қоршаған өмірдегі оқиғаларды жеткізе білуін жетілдіру Мерекелерді, адамдардың еңбегін суретте бейнелеуге үйрету. Ертегілердің, өлеңдердің, әндердің желісін жеткізе білуін жетілдіру негізінде дағдыландыру. **Декоративтік сурет салу** Ою-өрнектермен қазақтың ұлттық киімдерін (орамал, шапан, қамзол) салуға дағдыландыру. Ою-өрнекті өз бетінше ойдан салуға мүмкіндік беру арқылы шеберлігін дағдыландыру. **Техникалық дағдылар** Бояумен сурет салу кезінде қылқаламды тігінен және көлденең ұстап, жіңішке және жуан сызықтарды салуды дағдыландыру. Бірнеше заттардың өлшеміндегі айырмашылықтарды парақ бетінде дұрыс бейнелеуді дағдыландыру. Ұжыммен бірге жұмыс істеуді, міндеттерді өзара келісіп орындауды дағдыландыру.
	Мүсіндеу	**Заттық мүсіндеу** Ұлттық киімдегі адам пішінін (мысалы, әже, батыр) қарапайым пропорцияларын сақтап мүсіндеуді пысықтау. Шынайы заттар мен халық шеберлерінің бұйымдарына қарап мүсіндеу дағдыларын жетілдіру. **Сюжеттік мүсіндеу** "Наурыз тойы" тақырыбында біртекті және әртекті заттардан күрделі сюжеттер құруды үйрету. **Декоративті мүсіндеу** Ұлттық ыдыстарды (күбі, торсық, кершен) мүсіндеп, олардың бетін бедерлі ою-өрнектермен, дәнмен безендіруге баулу. **Техникалық дағдылар** Мүсіндеудің екі әдісін (құрылымдық және мүсіндік) аралас қолдану дағдыларын жетілдіру. Әсемдікке баулу, дайын жұмыстарды ұқыпты сақтау және қауіпсіздікті пысықтау.
	Жапсыру	**Ұлттық нақыштағы сюжеттер және матамен жұмыс** **Қайшымен жұмыс және қию тәсілдері** Қағаздан таныс немесе ойдан әртүрлі күрделі бейнелерді (құстар, жануарлар) қиып алу шеберлігін жетілдіру. Қатпарланып бүктелген қағаздан бірнеше бірдей пішінді тез және ұқыпты қиюды пысықтау. **Ұлттық бұйымдар және материалдармен жұмыс** Матадан жапсыру әдісін қолдану мата бөліктерін қию, оларды қағаз бетіне желімдеу ерекшеліктерін үйрету. Мата, қағаз, табиғи материалдарды араластырып, «Наурыз тойы» тақырыбында ұлттық бұйымдар көрмесін жапсыруға **дағдыландыру**. **Сюжеттік композиция және кеңістік** Топпен бірлесіп үлкен сюжеттік композиция жасау, онда ұжымдық міндеттерді өзара келісіп атқаруды машықтандыру. «Алыс пен жақынның өлшемдік айырмашылықтарын ескере отырып, заттарды қағаз бетіндегі алдыңғы және артқы көріністерге дұрыс орналастыруды дағдыландыру»
	Құрастыру	**Ұлттық бұйымдар және күрделі композициялар** **Құрылыс материалдары мен конструкторлар**

		Құрылыс материалдарынан қазақ үйдің (киіз үйдің) қаңқасын құрастыруды ауызша сипаттау және сызба арқылы үйрету. Дайын құрылыспен ұжымдық ойындар ұйымдастыруға және шығармашылық ойлауды дамытуға мүмкіндік беру. **Қағаздан құрастыру** Көлемді қағаз цилиндрлер мен конустардан қазақ халқының салтанатты бас киімі — **сәукелені** құрастыруға баулу. Сәукелені моншақтармен, жіптермен және күрделі ою-өрнектермен безендіру, пішіндердің түрлі қалыптарын бере білу. **Табиғи және қалдық материалдар** Табиғи материалдардан (ағаш бұтақтары, мата) киіз үйдің тұрмыстық заттары мен ыдыстарының (ожау, астау) макетін құрастыру. Өз әрекетін алдын ала кезең-кезеңімен жоспарлау және мақсатты түрде нәтижеге жету дағдысын пысықтау.
	Музыка	**Музыка тыңдау:** Қазақ халқының бай музыкалық мұрасымен таныстыруды жалғастыру, күй өнерінің жанрлық ерекшеліктерін (төкпе және шертпе күйлер) ажырата білуге баулу. Құрманғазы, Тәттімбет сияқты ұлы күйшілердің шығармаларындағы негізгі ой мен бейнелі мазмұнды ұғыну, домбыра аспабының үніндегі бояуларды сезіну қабілетін дамыту. Табиғаттың оянуын, көктемгі гүлденуді суреттейтін музыкалық шығармаларды тыңдау арқылы балалардың эстетикалық талғамын және музыканы эмоционалды қабылдау деңгейін арттыру. Музыкалық шығарманың сипаты мен көңіл-күйін талдау кезінде өз ойын кәсіби терминдермен (тембр, регистр, екпін) жеткізуге дағдыландыру. **Ән айту**: Көктем және Наурыз мерекесіне арналған әндерді орындау барысында вокалдық-хор дағдыларын кешенді түрде жетілдіру. Дауыстың тазалығын, интонациялық дәлдігін және тыныс фразалар арасында дұрыс бөлуді қалыптастыру. Ән айту кезіндегі дикциялық анықтыққа, әсіресе қазақ тіліне тән төл дыбыстардың (ә, ө, қ, ң, ғ) дұрыс артикуляциясына ерекше көңіл бөлу. Хормен айту кезінде ансамбльдік біркелкілікті сақтау, бір-бірінің дауысын ести отырып, әуенді жайлы, жұмсақ дауыспен орындауға үйрету. Мерекелік әндерді сахналық мәдениетке сай, көтеріңкі көңіл-күймен және мәнерлі орындау дағдыларын бекіту. **Музыкалық-ырғақтық қимылдар**: Ұлттық нақыштағы музыка ырғағына сәйкес қимыл-қозғалыстарды үйлестіру қабілетін дамыту. Қазақ халқының ұлттық ойындарының (көкпар, бәйге) элементтерін музыкалық-ырғақтық жаттығуларға енгізе отырып, балалардыңептілігін, реакциясын және кеңістікті бағдарлауын арттыру. Музыканың құрылымдық бөліктерінің өзгеруіне (кіріспе, қайырма, аспаптық үзіліс) сәйкес қимылдарды жылдам ауыстырып отыруға баулу. Ритмикалық тапсырмалар арқылы дене бітімінің икемділігі мен қимылдардың нақтылығын жетілдіру. **Билер:** «Наурыз» мерекесіне дайындық барысында қазақ биінің күрделірек элементтерін (қол саусақтарының иірімі, иық қағу, айналу тәсілдері) меңгерту. Би композицияларындағы сызбаларды (шеңбер, иірек, қатар) бұзбай сақтауды және сахнада еркін қозғалуды үйрету.

		Ұлттық киімнің ерекшелігін ескере отырып, қыздардың биіндегі нәзіктік пен биязылықты, ұлдардың биіндегі батылдық пен қайраттылықты көрсету дағдыларын қалыптастыру. Би арқылы ұлттық дәстүрлер мен салт-жоралғыларды (сәлем салу, шашу) бейнелеу мәдениетін дамыту. **Би шығармашылығы:** Халықтық әуендер мен күйлердің желісінде өз бетінше би бейнелерін ойлап табуға жағдай жасау. Балаларды импровизацияға, яғни музыканың мазмұнына сай еркін қозғалуға және өзіндік «қолтаңбасын» қалыптастыруға ынталандыру. «Көктем гүлдері», «Жайлаудағы көрініс» сияқты тақырыптық этюдтер арқылы шығармашылық қиялды ұштау. Би қимылдары арқылы табиғат құбылыстарын немесе жан-жануарлардың іс-әрекетін мәнерлі жеткізе білу қабілетін шыңдау. **Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау**: Ұлттық аспаптардың (домбыра, шаңқобыз, жетіген) дыбысталу ерекшеліктерімен таныстыруды тереңдету. Оркестр немесе ансамбль құрамында қарапайым ұлттық аспаптарды (асатаяқ, тұяқ, қоңырау) қолдана отырып, халық әуендерін сүйемелдеу дағдыларын жетілдіру. Музыканың ырғақтық суретін дәл қайталау, динамикалық белгілерді (форте, пиано) аспапта ойнау кезінде сақтау қабілетін дамыту. Бірлесіп орындау барысында ұжымдық жауапкершілік пен музыкалық есту қабілетін қалыптастыру.
	Қоршаған әлеммен таныстыру	**Бала, оның отбасы, үйі** Өзінің жасына сәйкес өмірінде болатын өзгерістерді, балабақшаға баруы, мектепке баруы, ересек азамат болып ер жетуі мен еңбек етуі, болашақта табысты болуы үшін білімнің қажеттігін түсінуіне, болашақта мектепте оқуға ынтасын арттыруға жалғастыру, жаңаны тануға, өз өміріне қажетті дағдыларды игеруге ықпал етуге жалғастыру. Өзінің болашағына, біліміне, денсаулығына, қызметіне, жетістіктеріне сенімді болуға, қоғамға пайдасын тигізуге машықтандыру. Еңбекқорлық пен жауапкершіліктің маңызын түсіну, өзін-өзі құрметтеу, өз күші мен мүмкіндіктеріне деген сенімділікті арттыру. **Заттық әлем, кеңістікті бағдарлау** Заттар, олардың белгілерін нақтылау және бейтаныс заттардың қолданылуын машықтандыру. Заттардың қандай материалдардан жасалғанын өз бетінше анықтау және талдау, олардың сапалары мен қасиеттерін сипаттауға үйретуді жалғастыру. Үй-жайларда, балабақша ауласында, жақын маңдағы шағын ауданда еркін бағдарлауларын машықтандыру. **Көлік, байланыс құралдары** Арнайы көлік құралдарының түрлерін, белгілі бір жұмыс түрін орындау үшін олардың жабдықталуын түсіндіруді жалғастыру. Ұялы телефон, смартфон, қолданылуын білу, оларды қолдануда қауіпсіздікті сақтауға үйрету **Еңбекке баулу** Әртүрлі мамандықтар, балабақша қызметкерлерінің еңбегі туралы түсініктерін пысықтау, еңбектің мазмұны, сипаты және нәтижесінің маңызын, түсінуге және бағалауға машықтандыру.

		Ата-ана еңбегін түсіндіру, адамдардың еңбектеріндегі өзара байланыстарды байқау. Еңбек ардагерлерін, қарттарды құрметтеу, үлкенді сыйлау, олардың еңбегін бағалауға үйретуді жалғастыру Шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, дербестік пен жауапкершілікке баулу. **Адамгершілік және патриоттық тәрбие** Балаларды адамгершілік құндылықтарға, өз іс-әрекеттері мен басқа адамдардың іс-әрекеттерін бағалай білуге, өзінің іс-әрекетіне басқалар пікірін білдірген жағдайда ол пікірді дұрыс қабылдауға, өз ісіне адал болуға, еңбек етуде, шығармашылық әрекеттерде нәтижеге жетуге ұмтылуға үйретуді жалғастыру. Айналасындағыларға әрқашан әділ болуға, оларға қолдау көрсетуге, көмек беруге, жалған сөйлемеуге, өзінің педагогтерін, үлкендерді сыйлауға, кішіге қамқор болуға баулу. Өз құрдастарын тарта отырып, ұлттық ойындар ойнау, Қазақстан мемлекетінің рәміздеріне құрмет көрсетуге үйрету. Туған өлке, ел, Отан, мемлекеттік және халықтық мерекелер, еліміздің рәміздері, оның маңызы туралы білімдерін кеңейту. Қазақстан Республикасының Президенті, оның халық үшін атқаратын қызметінің маңыздылығын түсіндіруді жалғастыру. Қазақстан Республикасының бас қаласы – Астана, республикадағы қалалар мен ауылдардың атаулары, олардың көрікті жерлері, ауыл мен қала өмірінің ерекшеліктері туралы ұғымдарын байыту. **Жол қозғалысы ережелері** Жолда қауіпсіздік ережелерін сақтауға машықтандыру. Жол белгілерін (жүру бөлігі, жаяу жүргіншілер өткелі, тротуар, велосипед, электросамокат, гироскутер, сигвейге арналған жол) білу, бағдаршамның белгілеріне сәйкес жолдан өтуге машықтандыру. Жол қозғалысының қарапайым ережелерін, жаяу жүргіншілер мен велосипедшілердің қозғалыс ережелерін сақтауға үйрету. **Табиғатпен таныстыру** Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту. "Өлі табиғат" ұғымымен таныстыру (су, ауа, күн, бұлт, тастар, жел, жаңбыр); өлі табиғат заттарын адамның қолымен жасалған заттардан ажыратуға машықтандыру. Тірі және өлі табиғат, табиғат құбылыстары (маусым, адам еңбегі) арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және түсіндіру. Балалардың зерттеу әрекеті үшін жағдай жасау, табиғатпен таныстыру барысында заттар мен құбылыстардың өзіне тән, сипаттамалық белгілерін бақылау, талдау, салыстыру, ажырату. **Өсімдіктер әлемі** Туған өлкенің өсімдіктері (ағаштар, бұталар, гүлдер, шөпті өсімдіктер) туралы түсініктерін кеңейту, "орман", "шалғын" және "бақша" ұғымдарымен таныстыруды жалғастыру. Өсімдіктердің тірі тіршілік иесі екендігін бақылау және себеп-салдарлық байланыстарды ажырату: өсімдік жапырақтары, сабақтарының қозғалуы, гүлдердің күн шыққанда жапырақтарының ашылуы және кешке жабылуы,

		тамырдың суды сорып, сабағы арқылы су өткізіп, басқа бөліктерін қоректендіруі туралы түсіндіру. Өсімдіктердің өсуі үшін ылғалдың, жарықтың, жылу мен тыңайтқыштың қажеттігі олардың жылуды, суықты, күнді немесе бұлтты ауа-райын сезуі, олардың өсуі және көбеюі. **Жануарлар әлемі** Қазақстан аумағын мекендейтін жануарлар мен олардың төлдерін атау және олардың өздеріне тән белгілері бойынша ажыратуға үйретуді жалғастыру. Бақылау арқылы төрт түліктің пайдасын білу, оларды күтіп-баптау, жылдың әр мезгілінде олардың сыртқы түрі мен тіршілік ету ерекшеліктерін сипаттау, жыл құстары мен қыстайтын құстарды ажырата білу, құстардың пайдасы туралы білу, оларға қамқорлық жасау. Жануарлардың тірі тіршілік иесі екендігін бақылау және себеп-салдарлық байланыстарды ажырату: жануарлар қозғалады (жүреді, жүгіреді, секіреді, ұшады, қозғалады); қоректенеді (өсімдіктердің жапырақтары, сабағы, бұтақтары, қабығы, шырыны, тұқымдарымен, етпен, жәндіктермен); өседі және көбейеді, қоршаған ортаны көз, мұрын, тіл, құлақ, тері көмегімен сезе білуге үйрету. **Қарапайым экологиялық ұғымдарды,** адамның табиғаттың бір бөлігі екенін және оны қорғау, сақтау керек екенін, күн мен ауаның адам, жануарлар мен өсімдіктер өміріндегі маңызы туралы, табиғатпен қарым-қатынас барысында денсаулықты нығайтуды, табиғатты сақтауда жауапкершілікті сезіне білуге үйретуді жалғастыру **Қоғамдық орындарда мінез-құлық ережелері** туралы; үйдегі, балабақша тобындағы міндеттері туралы түсініктерін кеңейту. Ненің "дұрыс" немесе "дұрыс емес", "жақсы" немесе "жаман" екенін түсінуге және ажыратуларын машықтандыру. Балаларды жалпы қабылданған нормалар мен ережелерді саналы түрде орындауға баулуды жалғастыру. Ережелер барлығына жақсы болуы (қарапайым, жайлы, қауіпсіз) үшін жасалатынын балалардың түсінуі маңыздылығын түсіндіру.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының негізінде 2025-2026 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Мектепке дейінгі ұйым: «Алпамыс» бөбекжай-бақшасы» МКҚК
Топ: «Ботақан» мектепалды тобы
Балалардың жасы: 5 жастағы балалар
Қандай кезеңге жасалды: 2025-2026 оқу жылы, сәуір айы

Ай	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
сәуір	**Дене тәрбиесі**	**Жүру:** Ересектің белгісімен тоқтап, қозғалыс бағытын өзгертіп, шашырап жүруге; заттардың, кегльдердің арасымен, жіптерден аттап жүруге; қосалқы қадаммен алға қарай жүруге машықтандыру. **Тепе-теңдікті сақтау:** Әр қадам сайын допты алдынан немесе артынан қолдан-қолға ауыстыра отырып, кедір-бұдыр тақтай, гимнастикалық скамейка бойымен жүруге; гимнастикалық скамейканың бойымен екі қадам қашықтықта орналасқан іші толтырылған доптардан аттап өтуге; қолдарынан ұстап, жұптарымен айналуға машықтандыру. **Жүгіру:** Шашырап, жұппен, қатармен бір-бірден, екеуден, үшеуден тізені жоғары көтеріп жүгіруге; бір сызыққа қойылған заттардың арасымен, кедергілердің арасымен өту арқылы «жыланша» жүгіруге, кедергілерден өту арқылы әртүрлі жылдамдықпен (баяу, жылдам, орташа қарқынмен) 1,5–2 минут тоқтамай жүгіруге машықтандыру. **Еңбектеу, өрмелеу:** Бірнеше заттардан еңбектеп өтуге, әртүрлі тәсілдермен құрсаудың ішіне еңбектеп өтуге, гимнастикалық қабырғамен өрмелеуге және бір гимнастикалық қабырғадан екіншісіне ауысып өрмелеуге машықтандыру. **Секіру:** Бір аяқпен және қос аяқпен құрсаудан құрсауға секіруге (арақашықтығы 40 сантиметр), алға айналдыра отырып, ұзын және қысқа секіргіштен секіруге, оң және сол аяқты алмастыра отырып, арқаннан, сызықтан секіруге, тұрған орнында айналып секіруге; 20 сантиметрге дейінгі биіктіктен секіруге машықтандыру. **Лақтыру:** 2–2,5 метр арақашықтықтағы нысанаға құм салынған қапшықты, асықты лақтыруға, допты екі қолымен бір-біріне (арақашықтығы 1,5–2 метр) басынан асыра лақтыруға, допты екі қолымен заттардың арасымен (арақашықтығы 4 метр) жүргізуге, допты лақтыруға және алға қарай жылжып, екі қолымен қағып алуға (арақашықтығы 4–5 метр) машықтандыру. **Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру:** Сапқа бір, екі, үш қатармен тұруға, бір-бірінің жанына және бір-бірінің артынан сапқа тұруға, орнында айналуға, оңға, солға бұрылуға, сап түзеп, бір, екі, үш қатармен қайта тұруға машықтандыру. **Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** Қимылдардың ырғағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіруге, түзу бағытта адымдап жүруге машықтандыру. **Жалпы дамыту жаттығулары (Кеудеге арналған жаттығулар):** Допты жоғарыдан (алға және артқа) бір-біріне беруге үйрету

		Қолды алға көтеріп оңға, солға бұрылуға машықтандыру. Гимнастикалық қабырғаға қарап тұрып, белінің тұсындағы тақтайшаны ұстап, алға еңкеюге үйрету **Спорттық жаттығулар мен ойындар:** **Велосипед, самокат тебу:** Шеңбер бойымен және тура жолмен өз бетінше екі дөңгелекті велосипед тебуге машықтандыру. **Баскетбол элементтері:** Кеуде тұсынан екі қолымен допты бір-біріне лақтыруға, допты оң және сол қолмен алып жүруге машықтандыру. **Бадминтон:** Воланды ракеткамен белгілі бір жаққа бағыттай отырып лақтыруға машықтандыру. **Футбол элементтері:** Берілген бағытқа допты оң және сол аяқпен тебуге, допты заттарды айналдыра жүргізуге және бірнеше рет аяқпен қабырғаға тебуге машықтандыру. **Қимылды ойындар:** Ұлттық қимылды ойындарды ойнауға үйрету **Дербес қимыл белсенділігі:** Велосипед тебуге, футбол, бадминтон, баскетбол ойындарына жағдай жасау. **Салауатты өмір салтын қалыптастыру:** Адамның денсаулығы дұрыс тамақтануға байланысты екені туралы түсініктерді жетілдіруді жалғастыру. Адамның денсаулығына гигиена мен күн тәртібінің ықпалы туралы түсініктерді кеңейтуді жалғастыру. Науқасқа күтім жасау дағдыларын қалыптастыру: оған қамқорлық жасауға, шуламауға, оның өтініштері мен тапсырмаларын орындауға машықтандыру. Науқастарға жанашырлық танытуға тәрбиелеуді жалғастыру. **Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру:** Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдауға, өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіруге машықтандыру. **Сауықтыру-шынықтыру шаралары:** Су температурасын біртіндеп төмендете отырып, қарапайым шараларды өз бетінше жүргізуге; балалардың денсаулығын, шынықтыру құралдарының әсерлеріне бейімделу деңгейін ескеріп, қарама-қарсы температурадағы сумен шайынуға, таңертеңгі жаттығуды орындауға машықтандыру. Қызығушылық тудыру, дене бітімін қалыптастыруды және өкшелерді (табанды) нығайтуды жалғастыру.
	Тіл дамыту	**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті** Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз б-п, г-ғ, к-қ, ж-ш, з-с, н-ң, р-л дыбыстарды дұрыс, анық айтуға машықтандыру. Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтауға машықтандыру (басы, ортасы, соңы). Артикуляциялық жаттығулар жасауға машықтандыру. Сөйлеуде интонациялық мәнерлілік құралдарын қолдану: дауыс қарқынын, логикалық үзіліс пен екпінді реттеуге машықтандыру **Сөздік қор** Балалардың сөздік қорын тұрмыстық заттарды білдіретін зат есімдермен, заттардың қасиеттері мен сапасын сипаттайтын сын есімдермен, адамдардың қарым-қатынасын, олардың еңбекке қатынасын білдіретін үстеулермен байытуды жалғастыру.

		Сөйлегенде көп мағыналы сөздерді, синонимдер мен антонимдерді қолдану, белгілі бір затқа белгілерді, әрекеттерді және берілген әрекетке заттарды таңдай білуге машықтандыру. Алуан түрлі заттарды сипаттауға машықтандыру, қарым-қатынас жасауға қажетті сөздерді қолдану және түсіну, оларды сөйлегенде белсенді қолдану дағдыларын қалыптастыруға жалғастыру. Зат есімдер мен жалпылаушы сөздерді дұрыс қолдануға машықтандыру. Балаларға сөздерді мағынасына сәйкес қолдануға машықтандыру. Қазақ халқының салт-дәстүрлерімен таныстыруды жалғастыру, "Асар", "Сүйінші сұрау" дәстүрлерінің мәнін түсіндіруді жалғастыру, балаларды бір-біріне көмек қолын созуға, бірлесіп, келісіп ойнауға, тапсырманы орындауға, бір-бірінің қуанышына ортақтаса білуге, бір-біріне қамқор болуға баулуды жалғастыру **Тілдің грамматикалық құрылымы** Сөйлемдердегі сөздерді: зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен үйлестіруге машықтандыру. Түбірлес сөздерді жасау және қолдана білу, етістіктерді жалғаулармен қолдану, сөйлеу әдебін, жай және жайылма сөйлемдерді қолдануға машықтандыру. Интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдануға машықтандыру **Байланыстырып сөйлеу:** Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру, әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге машықтандыру, әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстауға, әдепті және сабырлы болуға үйретуді жалғастыру. Негізгі ойды дұрыс жеткізуге машықтандыру, монологты байланыстырып құра білуге, әңгімені бірізді айтуға, шағын логикалық және хабарлау сипатындағы әңгімелерді құрастыруға машықтандыру. Ойыншықтарды, заттарды, сюжеттік суреттерді, табиғат құбылыстарын сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдауға, сын есімдер мен үстеулерді қолдануды машықтандыру. **Шығармашылықпен сөйлеу қызметі** Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығару, бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау және хабарлау әңгімелерін құрастыру, өзара байланысты бірізді сюжет құрастыруға, сөйлегенде бейнелі сөздерді, эпитеттерді, салыстыруларды қолдануға машықтандыру.
	Көркем әдебиет	**Кітап мәдениетіне және театрға қызығушылығын қалыптастыру** Балаларды қол жетімді көркем шығармалар мен фольклорға, театр әлеміне баулу, кітапқа деген қызығушылығын дамытуды жалғастыру. **Шығарманы қабылдау және әдеби талдау дағдылары** Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету, олардың мазмұнын түсіну, себеп-салдарлық байланыстарды

		ажырату, тілдің көркемдігін сезіну (эпитеттер, сипаттамалар, образды сөздер), шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалауға машықтандыру. **Мазмұндау және диалогтік сөйлеуді дамыту** Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, эмоциямен, қисынды қайталап айтып беру, диалогтік сөйлеуді дамыту, кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіруге машықтандыру. Әдеби кейіпкердің белгілі бір әрекетін өзінің қалай қабылдағаны туралы айтуға машықтандыру, кейіпкерлердің жасырын әрекетін түсіндіруді жалғастыру. **Мәнерлеп оқу және сахналық бейнелеу өнері** Өленді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айтуға машықтандыру. Көркем шығарманы рөлдерге бөліп, сахналау, рөлдерде кейіпкердің көңіл күйі мен мінезін, бейненің қимылын, интонациясы мен мимикасын беруге машықтандыру. **Эстетикалық қабылдау (иллюстрациямен жұмыс)** Балалардың назарын кітаптың безендірілуіне, иллюстрацияларына аударуға жалғастыру. **Коммуникативтік дағдылар және ақпаратпен алмасу** Баланың басқа құрдастарымен және ересектермен түрлі дереккөздерден: ғаламтордан, теледидардан, жақындарының әңгімесінен алған ақпараттарымен, әсерлерімен бөлісуіне мүмкіндік беру, Айналасында болып жатқан оқиғаларға өзінің көзқарасын білдіруге құлшынысын дамыту, сөйлегенде мақал-мәтелдерді қолдануға машықтандыру. **Ауыз әдебиеті және шешендік өнерге баулу** Шешендікке, сөз өнеріне баулу, санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулуға жалғастыру. **Шығармашылық дербестік пен актерлік шеберлік** Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу, онда рөлді, сюжетті таңдауда бастамашылық пен дербестік танытуға ынталандыру, белгілі образды сомдауда эксперимент жасауға, түрлендіруге машықтандыру.
	Сауат ашу негіздері	**Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру,** сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу. Сөздерді дыбыстық талдауға үйретуді жалғастыру: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтауға машықтандыру. **Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру,** сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтауға машықтандыру. Буындардан сөздер құрастыруға (ауызша) машықтандыру. **Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру** (грамматикалық анықтамасыз), сөйлем сөздерден тұратынын түсіндіруді жалғастыру. Сөйлемді ауызша талдауға үйретуді жалғастыру: жай сөйлемдерді сөздерге бөлуге, сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтауға. берілген сөзге сөйлем құрастыруға машықтандыру. **Қолды жазуға дайындау.** Жазу кезінде арқаны дұрыс ұстау ережелерімен таныстыруды жалғастыру. Жазу парағында бағдарлай білуге машықтандыру, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуге машықтандыру.

		Геометриялық фигуралардың, көгөністер, жеміс-жидектердің дайын суреттерінің сыртын шетке шығармай бастыруды, бояуды машықтандыру. Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа, ұзын, толқынды, ирек сызықтарды, нүктелерді, тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі бойынша және кейіннен өз бетінше жазуға мүмкіндік беру. Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарындашты дұрыс, еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салуға машықтандыру.
	Қазақ тілі	**Тілдік дамытушы орта** Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамытуды жалғастыру. Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен, киім-кешегімен, азық-түлік өндірудегі тұрмыстық кәсібімен, тұрмыста, аң аулауда, мал өсіруде және егіншілікке қажетті құрал жабдықтары, туған өлкенің көрнекі жерлері, әсем табиғаты, тарихи орындары туралы суреттер, фотолар, альбомдармен жабдықталған орта құруды жалғастыру. Балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге машықтандыру, ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді, көркем сөздерді қолдануына қолдау көрсету, ынталандыруға жалғастыру. **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті** Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, ң, h дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға машықтандыру. Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтауға машықтандыру (басы, ортасы, соңы). **Сөздік қор** Қазақ халқы қолөнер шеберлерімен жасалған киіз үйдің заттарын және тұрмыстық заттарды білдіретін (ши, бау, басқұр, арқан, жіп), азық-түлік атауларын (жент, құрт, сүзбе, шұбат, қымыз, айран) сөздерді қолдануға машықтандыру. аңшылық кәсіпті (аң, аңшы, орманшы, қорықшы), мал өсіруге байланысты (қора, жайлау, қыстау, жем, астау, соғым, сыбаға), егіншілік кәсіпке байланысты (дән, тұқым, суару, отау, ору, диірмен, орақ, кетпен, шалғы, айыр, күрек, тырма, соқа) сөздерді қолдануға машықтандыру. Туыстық қарым-қатынасты ("бауыр", "немере", "шөбере", "ағайын", "туысқан", "жеті ата") білдіретін сөздерді үйрету. Өзінің бауырлары, туыстары, ағайындары, татулық, жақындық, отбасылық мерекелер, салт-дәстүрлер туралы айтуға машықтандыру. Шағын өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтар жаттату, жұмбақтар шешуге машықтандыру. Балаларды шешендік өнерге, айтыс өнеріне баулуды жалғастыру. **Тілдің грамматикалық құрылымы** Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуге машықтандыру. Интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді машықтандыру. Өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру.

		Байланыстырып сөйлеу Өз бетінше қарым-қатынас жасауға, әңгімелесуге, әңгімелесушінің сөзін мұқият тыңдауға, сұрақтарды дұрыс қоюға, оған қысқа және толық нақты жауап беруге машықтандыру. Таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға машықтандыру, тыңдалған көркем шығарма мазмұнын ретімен жүйелі түрде жеткізуге, кейіпкерлердің диалогын мәнерлі интонациямен беруге, шығарманы рөлдерге бөліп сомдауға, кейіпкерлердің мінез-құлқын жеткізуге машықтандыру, шығарманы еркін талқылауға мүмкіндік беру Балалардың түрлі әрекеттерінде бір-бірімен еркін диалог құруға мүмкіндік беру, өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыруға, ойыншықтар мен заттарды 5-6 сөйлеммен сипаттауға, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға машықтандыру. Заттар мен ойыншықтар, сюжетті суреттерді зат, сын, сан есімдерді қолдана отырып, сипаттауда сөздерді дәл және дұрыс қолдануға, берілген мәтіннің басталуын және соңын ойдан құрастыруға машықтандыру
	Математика негіздері	**Жиын** Жиынды сапасы бойынша әртүрлі элементтерден (түсі, өлшемі, пішіні, дыбысы, қимылы, қолданылуы бойынша заттардан) құруға үйретуді жалғастыру, жиындарды бөліктерге бөлуге және оларды қайта біріктіруге үйретуді жалғастыру, бүтін жиын мен оның әр бөлігі арасында байланыс орнатуға үйретуді жалғастыру, жиынның бөліктен үлкен екенін, бөліктің жиыннан кіші екенін, жиынның бөліктерін санау және элементтердің (заттардың) бір-біріне қатынасы негізінде салыстыруды машықтандыру "Бір" сөзінің мағынасы, ол тек бір затты ғана емес, сондай-ақ жиынның бір бөлігі ретінде заттардың тобын білдіретінін түсіндіруді жалғастыру. **Сан және санау** 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға машықтандыру. Көрнекілік арқылы 6, 7, 8, 9, 10 сандарының пайда болуымен, 0 ден 9-ға дейінгі цифр туралы білімдерін пысықтау. "Қанша?", "Нешінші?" сұрақтарын ажырату, оларға дұрыс жауап беруге үйретуді жалғастыру. 10 көлеміндегі сандарды салыстыруға машықтандыру, саны кем затқа бір зат қосу арқылы теңсіздіктен теңдік немесе саны көп заттан біреуін алып тастау арқылы теңдіктен теңсіздік шығаруға машықтандыру. Теңдік туралы түсінік қалыптастыру, әртүрлі заттардан тұратын топтардың санын анықтауға машықтандыру, топтарды санау және салыстыру негізінде сандық мәндерді дұрыс жалпылауға машықтандыру **Шама.** Заттардың (5 және одан артық) ұзындығын, биіктігін, ені мен жуандығын анықтауға машықтандыру, заттарды шамасына қарай өсу және кему ретімен орналастыруға машықтандыру. Шамасы бойынша заттардың арасындағы қатынастарды білдіретін математикалық терминдерді қолдануға үйретуді жалғастыру. Заттарды әртүрлі белгілері бойынша (түсі,

		пішіні, өлшемі, материалы, қолданылуы) салыстыруға машықтандыру **Геометриялық фигуралар** Шеңбермен және тіктөртбұрышпен салыстыру арқылы сопақша пішінмен таныстыруды жалғастыру. Геометриялық фигуралар (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) мен денелерді (шар, текше, цилиндр) дұрыс атап, оларды ажыратуға машықтандыру. Танымдық-зерттеушілік қызығушылықты, ойлауды, алдына қойылған міндетті шешуде не істеу, қалай істеу керек екенін түсінуге, күрделі формадағы заттарды өз бетінше зерттеуге мүмкіндік беру, қоршаған ортадан геометриялық фигураларға ұқсас заттарды табу, олардың пішіндерін анықтауға машықтандару Пішіннің бір формасынан екіншісін қалай жасау керектігі туралы ұғымдарды дамытуды жалғастыру. Қағаз парағын тең және тең емес бөліктерге бөлу, бүтін мен бөлікті салыстыру, 8-10 бөліктерден пішіндерді жинап, құрастыруға үйрету. **Кеңістікті бағдарлау** Кеңістік туралы түсініктерді бекітуді жалғастыру: Сөйлеуде белгілі бір заттың өзіне немесе басқа затқа қатысты орнын көрсетуге машықтандыру. Берілген бағытта, оны белгі бойынша өзгерте отырып, бағдарлауын қалыптастыруды жалғастыру. Қағаз парағын бағдарлауға машықтандыру. Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: заттарды кеңістікте орналастыруға машықтандыру (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде); қозғалыс бағыттарын: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға, артқа. пысықтау **Уақытты бағдарлау** Әртүрлі оқиғалардың, апта күндерінің, тәулік бөліктерінің реті туралы білімді бекітуді жалғастыру. Айлар, жыл мезгілдері туралы түсініктерді қалыптастыруды жалғастыру, олардың ретін білуге және атауға машықтандыру, циферблат бойынша уақытты анықтауға машықтандыру. Тәулік бөліктерінің ауысуын ("кеше", "бүгін", "ертең"), оқиғалардың ретін ("алдымен – содан кейін", "бұрын – кейінірек") анықтауға машықтандыру**.** Танымдық-зерттеушілік қызығушылықты, ойлауды, алдына қойылған міндетті шешуде не істеу, қалай істеу керек екенін түсінуге, күрделі формадағы заттарды өз бетінше зерттеуге мүмкіндік беру. Заттар мен құбылыстардың математикалық мәнін тануға қызығушылық пен эмоционалды көзқарасты, ойлау мәдениетін, таным процесін ерікті реттеу, шыдамдылық, ұқыптылық, өзіне деген сенімділікті қалыптастыруға баулу Нүктелерді, өрнектерді салуға, тік және көлбеу таяқшаларды, қисық және қиғаш сызықтарды дәптердің тор көзінде сызуға үйрету.
	Сурет салу	**Заттық және сюжеттік сурет салу** Заттардың, ертегі кейіпкерлерінің бейнесін өзіне тән ерекшеліктерімен салуды дағдыландыру. Қазақ ертегілерінің желісі бойынша сурет салуға үйрету. **Ұлттық мәдениет, сюжет және ұжымдық әрекет** Қазақ халқының өмірін, еңбегін, тұрмысын көрсете отырып сурет салуға үйрету.

		Ұжыммен бірге жұмыс істеуді, міндеттерді өзара келісіп орындауды дағдыландыру. Салынған суретпен түрлі ойындар ойнауды дағдыландыру. **Техникалық дағдылар** Бояумен сурет салу кезінде қылқаламды тігінен және көлденең ұстап, жіңішке және жуан сызықтарды салуды дағдыландыру. Бейнелеу әдістерін (штрихтар, бояуларды араластырып) қолдану шеберлігін дағдыландыру.
	Мүсіндеу	**Заттық мүсіндеу** Туған өлкедегі мәдени мұра ескерткіштерімен (мавзолей, монументтер) таныстыру және олардың пішінін мүсіндеуге үйрету. Заттардың ұзын-қысқа, жуан-жіңішке бөліктерінің салыстырмалы көлемдерін дәл беруді дағдыландыру. **Сюжеттік мүсіндеу** Қазақ халық ертегілерінің мазмұны бойынша сюжеттік композициялар құру дағдыларын бекіту. **Декоративті мүсіндеу** Зергерлік бұйымдарды (тұмар, шашбау, сырға) ойдан мүсіндеп, қосымша материалдармен (моншақтармен) көркемдеу. **Техникалық дағдылар** Күрделі пішіндердің бөліктерін бір-біріне тығыз қосып, біріккен жерлерін білінбейтіндей тегістеуді пысықтау. Жұмыс орнын өз бетінше дайындау, тазалау және қауіпсіздік ережелерін сақтауды дағдыландыру.
	Жапсыру	**Композициялық еркіндік** **Қайшымен жұмыс және қию тәсілдері** Бұрыштарды қию арқылы дөңгелек, сопақша пішіндерді және симметриялы заттарды қиюды толық машықтандыру. Қайшы мен желімді өте ұқыпты, таза, қауіпсіздік ережелерін сақтай отырып қолдану дағдысын бекіту. **Ұлттық бұйымдар және материалдармен жұмыс** Өткен барлық ұлттық бұйымдарды (кілем, сырмақ, киіз үй) еске түсіру, оларды оюлаудың жаңа шығармашылық тәсілдерін қолдану. Түрлі материалдардан (мата, флористика, қағаз) өзіне ұнаған ұлттық жабдықты еркін таңдап, қиып жапсыруға дағдыландыру. **Сюжеттік композиция және кеңістік** Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, пропорцияларын еш қатесіз дәл беруді бекіту. Шаблондарсыз, тек өз қиялы мен ойлауы бойынша дербес күрделі композициялар
	Құрастыру	**Шығармашылық дербестік пен сюжеттер** **Құрылыс материалдары мен конструкторлар** Ұсынылған күрделі тақырыптарға («Болашақ қаласы», «Ғарыш айлағы») өз бетінше ойдан құрастыру дағдыларын жетілдіру. Құрастырылған үлкен макеттер мен шынайы өмірдегі нысандар арасындағы логикалық байланысты тереңдету. **Қағаздан құрастыру** Жазық қағазды қиып, бүктеу, желімдеу арқылы көп фигуралы күрделі сюжетті композицияларды құрастыруды бекіту.

		Дайын үлгісіз, тек қарапайым сызба мен қиялға сүйене отырып, көлемді пішіндер жасауды дағдыландыру. **Табиғи және қалдық материалдар** Түрлі қалдық заттарды (картон, құтылар) араластыра отырып, күрделі техникалық немесе ертегілік бейнелерді құрастыру. Шығармашылық қиялды, елестетуді дамыту арқылы дербес мақсатты бұйымдар жасауға машықтандыру.
	Музыка	**Музыка тыңдау:** Балалардың музыкалық қабылдау көкжиегін кеңейту мақсатында бағдарламалық музыканың (белгілі бір сюжеті бар шығармалардың) қыр-сырын меңгерту. Көктемгі табиғаттың дыбыстарын (тамшы дауысы, құстардың сайрауы, күннің күркіреуі) музыкалық аспаптардың көмегімен қалай бейнеленетінін талдауға үйрету. Классикалық шығармалар мен заманауи композицияларды тыңдату арқылы музыкалық бейненің дамуын, әуеннің өрлеуі мен төмендеуін, фразалардың аяқталуын сезінуге баулу. Сондай-ақ, ғарыш тақырыбына арналған футуристік немесе электронды музыканың ерекшеліктерімен таныстырып, оның «беймәлім», «кеңістік» сипатын ажырату қабілетін дамыту. **Ән айту:** Көктемнің жарқын бейнесін және Отанға деген сүйіспеншілікті дәріптейтін әндерді орындау арқылы вокалдық дағдыларды жоғары деңгейге көтеру. Әнді жеңіл, таза интонациямен, дыбыс аралығындағы секірістерді (интервалдарды) нақты сақтай отырып айтуға машықтандыру. Көп бөлімді немесе екі дауыстылықтың қарапайым элементтері бар әндерде өз партиясын жоғалтпай орындауға үйрету. Артикуляциялық аппаратты жетілдіру мақсатында жаңылтпаш-әндерді қолдану, ән айту кезіндегі дұрыс қалыпты (отыру, тұру ережелері) автоматты түрде сақтауды қалыптастыру. **Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** Музыканың қарқыны мен екпініне (ритм) сәйкес күрделі қимыл-қозғалыстарды үйлестіруді жалғастыру. Балалардың пластикасын, икемділігін және дене тепе-теңдігін сақтау қабілеттерін дамыту. Музыкадағы «фраза» ұғымын қимылмен көрсетуді (фраза басталғанда қимылды бастап, аяқталғанда тоқтау немесе бағытты өзгерту) үйрету. Құстардың ұшуын, табиғаттағы нәзік қозғалыстарды бейнелейтін жаттығулар арқылы қимыл-қозғалыс мәдениетін қалыптастыру. **Билер:** Би өнеріндегі композициялық құрылымдарды (шеңбердің ішіне шеңбер жасау, «ирек» жүрістер, жұппен орын ауыстыру) меңгерту. Қазақ биінің «өрнек» салу элементтерін және классикалық бидің жеңіл қадамдарын (шаг польки, боковой галоп) үйлестіруге баулу. Сахналық кеңістікті еркін пайдалану, би кезіндегі бет-әлпет мимикасының музыка сипатына сәйкес келуін (көңілді, сыпайы, мақтанышпен) қадағалау. Ұжымдық билерде әр баланың өз орнын білуін және басқалармен синхронды қозғалу жауапкершілігін арттыру. **Би шығармашылығы:** «Көктемгі жаңбыр», «Ғарышқа саяхат», «Алғашқы гүлдер» тақырыптарына арналған еркін импровизациялық тапсырмалар арқылы шығармашылық ойлауды дамыту. Балаларды музыкалық үзіндіні есті отырып, оған сәйкес келетін сюжеттік би желісін құрастыруға

		ынталандыру. Қиял арқылы кеңістікте түрлі бейнелерді (ұшу, қалықтау, бүршік жару) көрсетуге және өзіндік ерекше қимылдарды табуға қолдау көрсету. **Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау:** Музыкалық аспаптар ансамблінде ойнау кезіндегі «дирижер» мен «орындаушы» арасындағы байланысты түсіндіру. Аспаптардың тембрлік үндестігін ескере отырып, шығарманы дыбыстық бояулармен байытуды (мысалы, құстардың үніне — ысқырық немесе қоңырау, күн күркіріне — дауылпаз) үйрету. Ритмикалық партитураларды оқу және оларды аспапта қатесіз орындау дағдыларын қалыптастыру. Жеке орындаушылық шеберлікті және топтық үйлесімділікті арттыру.
	Қоршаған әлеммен таныстыру	**Бала, оның отбасы, үйі** Өзінің жасына сәйкес өмірінде болатын өзгерістерді, балабақшаға баруы, мектепке баруы, ересек азамат болып ер жетуі мен еңбек етуі, болашақта табысты болуы үшін білімнің қажеттігін түсінуіне, болашақта мектепте оқуға ынтасын арттыруға жалғастыру, жаңаны тануға, өз өміріне қажетті дағдыларды игеруге ықпал етуге жалғастыру. Өзінің болашағына, біліміне, денсаулығына, қызметіне, жетістіктеріне сенімді болуға, қоғамға пайдасын тигізуге машықтандыру. Еңбекқорлық пен жауапкершіліктің маңызын түсіну, өзін-өзі құрметтеу, өз күші мен мүмкіндіктеріне деген сенімділікті арттыруға жалғастыру.Туыстық байланыстарды түсіну (өз жұрты, атасы мен әжесі, жақын туыстары, нағашы жұрты), өзінің жеті атасын білу. Үйде отбасы мүшелеріне қамқорлық жасау, үлкендерді сыйлау, кішіге ізет көрсету, үй шаруасына көмектесу, отбасы мүшелеріне жақсы көретінін білдіру, алғыс айту, сыпайы сөйлеуге үйрету. **Заттық әлем, кеңістікті бағдарлау** Заттар, олардың белгілерін нақтылау және бейтаныс заттардың қолданылуын машықтандыру. Заттардың қандай материалдардан жасалғанын өз бетінше анықтау және талдау, олардың сапалары мен қасиеттерін сипаттауға үйретуді жалғастыру. Үй-жайларда, балабақша ауласында, жақын маңдағы шағын ауданда еркін бағдарлауларын машықтандыру. **Көлік, байланыс құралдары** Арнайы көлік құралдарының түрлерін, белгілі бір жұмыс түрін орындау үшін олардың жабдықталуын түсіндіруді жалғастыру. Ұялы телефон, смартфон, қолданылуын білу, оларды қолдануда қауіпсіздікті сақтауға үйрету **Еңбекке баулу** Әртүрлі мамандықтар, балабақша қызметкерлерінің еңбегі туралы түсініктерін пысықтау, еңбектің мазмұны, сипаты және нәтижесінің маңызын, түсінуге және бағалауға машықтандыру. Ата-ана еңбегін түсіндіру, адамдардың еңбектеріндегі өзара байланыстарды байқау. Еңбек ардагерлерін, қарттарды құрметтеу, үлкенді сыйлау, олардың еңбегін бағалауға үйретуді жалғастыру

		Шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, дербестік пен жауапкершілікке баулуға жалғастыру Өзі мен құрдастарының еңбегінің, шығармашылық әрекеттерінің нәтижелерін бағалауға және құрметпен қарауға, кішілерге көмек көрсетуге, қажет болған жағдайда оларға жүгінуге баулу. Айналадағы заттар, ойыншықтар адамның еңбегімен жасалғанын түсіну және оларға ұқыпты қарауға үйрету. **Адамгершілік және патриоттық тәрбие** Балаларды адамгершілік құндылықтарға, өз іс-әрекеттері мен басқа адамдардың іс-әрекеттерін бағалай білуге, өзінің іс-әрекетіне басқалар пікірін білдірген жағдайда ол пікірді дұрыс қабылдауға, өз ісіне адал болуға, еңбек етуде, шығармашылық әрекеттерде нәтижеге жетуге ұмтылуға үйретуді жалғастыру. Айналасындағыларға әрқашан әділ болуға, оларға қолдау көрсетуге, көмек беруге, жалған сөйлемеуге, өзінің педагогтерін, үлкендерді сыйлауға, кішіге қамқор болуға баулу. Өз құрдастарын тарта отырып, ұлттық ойындар ойнау, Қазақстан мемлекетінің рәміздеріне құрмет көрсетуге үйрету. Туған өлке, ел, Отан, мемлекеттік және халықтық мерекелер, еліміздің рәміздері, оның маңызы туралы білімдерін кеңейту. Қазақстан Республикасының Президенті, оның халық үшін атқаратын қызметінің маңыздылығын түсіндіруді жалғастыру. Қазақстан Республикасының бас қаласы – Астана, республикадағы қалалар мен ауылдардың атаулары, олардың көрікті жерлері, ауыл мен қала өмірінің ерекшеліктері туралы ұғымдарын байытуға жалғастыру. Қазақстанның тұңғыш ғарышкерлері Тоқтар Әубәкіров, Талғат Мұсабаевті білу, оларды құрметтеуге үйрету. **Жол қозғалысы ережелері** Жолда қауіпсіздік ережелерін сақтауға машықтандыру. Жол белгілерін (жүру бөлігі, жаяу жүргіншілер өткелі, тротуар, велосипед, электросамокат, гироскутер, сигвейге арналған жол) білу, бағдаршамның белгілеріне сәйкес жолдан өтуге машықтандыру. Жол қозғалысының қарапайым ережелерін, жаяу жүргіншілер мен велосипедшілердің қозғалыс ережелерін сақтауға үйрету. **Табиғатпен таныстыру** Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту. "Өлі табиғат" ұғымымен таныстыру (су, ауа, күн, бұлт, тастар, жел, жаңбыр); өлі табиғат заттарын адамның қолымен жасалған заттардан ажыратуға машықтандыру. Тірі және өлі табиғат, табиғат құбылыстары (маусым, адам еңбегі) арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және түсіндіру. Балалардың зерттеу әрекеті үшін жағдай жасау, табиғатпен таныстыру барысында заттар мен құбылыстардың өзіне тән, сипаттамалық белгілерін бақылау, талдау, салыстыру, ажыратуға үйретуді жалғастыру. Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту. "Өлі табиғат" ұғымымен таныстыру (мұз сүңгілері, жаңбыр); Адам өмірі үшін судың, құмның, күн, ай сәулесінің, саздың, тастардың маңызын түсіну.

		Өсімдіктер әлемі Туған өлкенің өсімдіктері (ағаштар, бұталар, гүлдер, шөпті өсімдіктер) туралы түсініктерін кеңейту, "орман", "шалғын" және "бақша" ұғымдарымен таныстыруды жалғастыру. Өсімдіктердің тірі тіршілік иесі екендігін бақылау және себеп-салдарлық байланыстарды ажырату: өсімдік жапырақтары, сабақтарының қозғалуы, гүлдердің күн шыққанда жапырақтарының ашылуы және кешке жабылуы, тамырдың суды сорып, сабағы арқылы су өткізіп, басқа бөліктерін қоректендіруі туралы түсіндіру. Өсімдіктердің өсуі үшін ылғалдың, жарықтың, жылу мен тыңайтқыштың қажеттігі олардың жылуды, суықты, күнді немесе бұлтты ауа-райын сезуі, олардың өсуі және көбеюі. Өсімдіктерге қажеттіліктеріне сәйкес күтім жасау әдістерін білу: оларды суару, түбін қопсыту, жапырақтың шаңын сүрту **Жануарлар әлемі** Қазақстан аумағын мекендейтін жануарлар мен олардың төлдерін атау және олардың өздеріне тән белгілері бойынша ажыратуға үйретуді жалғастыру. Бақылау арқылы төрт түліктің пайдасын білу, оларды күтіп-баптау, жылдың әр мезгілінде олардың сыртқы түрі мен тіршілік ету ерекшеліктерін сипаттау, жыл құстары мен қыстайтын құстарды ажырата білу, құстардың пайдасы туралы білу, оларға қамқорлық жасау. Жануарлардың тірі тіршілік иесі екендігін бақылау және себеп-салдарлық байланыстарды ажырату: жануарлар қозғалады (жүреді, жүгіреді, секіреді, ұшады, қозғалады); қоректенеді (өсімдіктердің жапырақтары, сабағы, бұтақтары, қабығы, шырыны, тұқымдарымен, етпен, жәндіктермен); өседі және көбейеді, қоршаған ортаны көз, мұрын, тіл, құлақ, тері көмегімен сезе білуге үйрету. Жануарларды әртүрлі белгілері бойынша: құстар, балықтар, жануарлар, аңдар, жәндіктер, мекендеу орны (орман, шалғын, су айдыны, бақша, бақ, алаң); қозғалу тәсілі (жүгіру, ұшу, секіру, жүзу); табиғи-климаттық аймақтар (ақ аю, итбалық, пингвин, жираф, піл, маймыл) бойынша топтастыру. **Қарапайым экологиялық ұғымдарды,** адамның табиғаттың бір бөлігі екенін және оны қорғау, сақтау керек екенін, күн мен ауаның адам, жануарлар мен өсімдіктер өміріндегі маңызы туралы, табиғатпен қарым-қатынас барысында денсаулықты нығайтуды, табиғатты сақтауда жауапкершілікті сезіне білуге үйретуді жалғастыру **Қоғамдық орындарда мінез-құлық ережелері** туралы; үйдегі, балабақша тобындағы міндеттері туралы түсініктерін кеңейту. Ненің "дұрыс" немесе "дұрыс емес", "жақсы" немесе "жаман" екенін түсінуге және ажыратуларын машықтандыру. Балаларды жалпы қабылданған нормалар мен ережелерді саналы түрде орындауға баулуды жалғастыру. Ережелер барлығына жақсы болуы (қарапайым, жайлы, қауіпсіз) үшін жасалатынын балалардың түсінуі маңыздылығын түсіндіру. Қоршаған ортада, табиғатта тәртіп ережелерін білуге; өз өмірінің қауіпсіздігін сақтауға (бейтаныс адамдармен сөйлеспеу, ойнамау, бөтен машиналарға отырмау, бейтаныс адамдардың өтініштерін орындамау, олардың соңынан ермеу) үйрету.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының негізінде 2025-2026 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Мектепке дейінгі ұйым: «Алпамыс» бөбекжай-бақшасы» МКҚК
Топ: «Ботақан» мектепалды тобы
Балалардың жасы: 5 жастағы балалар
Қандай кезеңге жасалды: 2025-2026 оқу жылы, мамыр айы

Ай	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
мамыр	**Дене тәрбиесі**	**Негізгі қимылдар:** **Жүру:** Сапта бір-бірден, екеуден, үшеуден жүруге; аяқтың ұшымен, аяқтың ішкі және сыртқы қырымен жүруге; тізені жоғары көтеріп жүруге, заттардан бір қырымен аттап жүруге; белгі бойынша басқа бағытқа бұрылып жүруге, қолдың бастапқы қалыптарын өзгерте отырып, әртүрлі қарқында секіргіштен аттап жүруге машықтандыру. **Тепе-теңдікті сақтау:** Заттардан аттап жүруге, шектелген жазықтықтың үстімен қосалқы қадаммен, аяқтың ұшымен жүруге; скамейканың үстіне қойылған текшелерден аттап жүруге, арқан бойымен бір қырымен, қосалқы қадаммен (өкшені арқанға, аяқ ұшын еденге қою) жүруге машықтандыру. **Жүгіру:** Шашырап, жұппен, қатармен бір-бірден, екеуден, үшеуден тізені жоғары көтеріп жүгіруге; бір сызыққа қойылған заттардың арасымен, кедергілердің арасымен өту арқылы «жыланша» жүгіруге, кедергілерден өту арқылы әртүрлі жылдамдықпен (баяу, жылдам, орташа қарқынмен) 1,5–2 минут тоқтамай жүгіруге машықтандыру. **Еңбектеу, өрмелеу:** Жүру мен жүгіруді алмастырып, заттардың арасымен «жыланша» төрттағандап еңбектеуге, кедергілер арасынан еңбектеуге; допты басымен итеріп, төрттағандап еңбектеуге (арақашықтығы 3–4 метр); гимнастикалық скамейка бойымен қолымен тартылып, иықтары мен тізелеріне сүйене отырып, етпетімен өрмелеуге машықтандыру. **Секіру:** Бір орында тұрып, алға қарай 3–4 метр қашықтыққа жылжу арқылы секіруге, екі тізенің арасына қапшықты қысып алып, түзу бағытта (арақашықтығы 6 метр) қос аяқпен секіруге; қос аяқпен заттардың арасымен (арақашықтығы 4 метр), оң және сол аяқты алмастырып заттардың арасымен (арақашықтығы 3 метр), бір орында тұрып биіктікке (6–8 сантиметр) секіруге машықтандыру. **Лақтыру, қағып алу, домалату:** Допты жоғары, жіптің үстінен лақтыруға және екі қолымен, бір қолымен (оң және сол қолын алмастыру) қағып алуға; допты бір қатарға қойылған заттардың арасымен домалатуға, допты қабырғаға лақтыруға және екі қолымен қағып алуға машықтандыру. **Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру:** Сапқа бір, екі, үш қатармен тұруға, бір-бірінің жанына және бір-бірінің артынан сапқа тұруға, орнында айналуға, оңға, солға бұрылуға, сап түзеп, бір, екі, үш қатармен қайта тұруға машықтандыру. **Музыкалық-ырғақтық қимылдар:**

		Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындауға, қимылдардың ырғағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіруге, түзу бағытта адымдап жүруге және жұбымен шеңбер бойымен жүруге машықтандыру. **Жалпы дамыту жаттығулары:** **Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар:** Қолды кеуде тұсына қою, екі жаққа созу; қолды жоғары көтеру және екі жаққа созу, қолды желкеге қоюға машықтандыру. Саусақтарды айқастырып, алға-жоғары көтеру (қолды сыртқы жағымен ішке қарай бұру), қолды кезекпен жоғары-артқа көтеруге машықтандыру. **Спорттық жаттығулар мен ойындар:** Спорт залында және спорт алаңында қауіпсіздікті сақтауға баулуды жалғастыру. **Велосипед, самокат тебу:** Шеңбер бойымен және тура жолмен өз бетінше екі дөңгелекті велосипед тебуге, оңға және солға бұрылуға машықтандыру. **Баскетбол элементтері:** Кеуде тұсынан екі қолымен допты бір-біріне лақтыруға машықтандыру, допты оң және сол қолмен алып жүруге жаттықтыруды жалғастыру. **Бадминтон:** Воланды ракеткамен белгілі бір жаққа бағыттай отырып лақтыруға машықтандыру. **Футбол элементтері:** Берілген бағытқа допты оң және сол аяқпен тебуге, допты заттарды айналдыра жүргізуге, допты қақпаға тебуге және бірнеше рет аяқпен қабырғаға тебуге машықтандыру. **Қимылды ойындар:** Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу **Салауатты өмір салтын қалыптастыру:** Салауатты өмір салтын қалыптастыруды жалғастыру. Өзінің көңіл-күйін сипаттай білуге машықтандыру. Балаларды дені сау адамның мүмкіндіктерімен таныстыру, олардың салауатты өмір салтына деген қажеттілігін қалыптастыруды жалғастыру. **Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру:** Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға үйретуді жалғастыру, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыруды жалғастыру. **Сауықтыру-шынықтыру шаралары:** Су температурасын біртіндеп төмендете отырып, қарапайым шараларды өз бетінше жүргізуге машықтандыру. Балалардың денсаулығын, шынықтыру құралдарының әсерлеріне бейімделу деңгейін ескеріп, қарама-қарсы температурадағы сумен шайынуға, таңертеңгі жаттығуды орындауға машықтандыру. Қызығушылық тудыруды, дене бітімін қалыптастыруды және өкшелерді (табанды) нығайтуды жалғастыру.
	Тіл дамыту	**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті** Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз б-п, г-ғ, к-қ, ж-ш, з-с, н-ң, р-л дыбыстарды дұрыс, анық айту дағдыларын пысықтау. Фонематикалық есту дағдыларын, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау

		дағдыларын пысықтау (басы, ортасы, соңы). Артикуляциялық жаттығулар жасау дағдыларын пысықтау мәнерлілік құралдарын қолдану: дауыс қарқынын, логикалық үзіліс пен екпінді реттеу дағдыларын пысықтау. **Сөздік қор** Балалардың сөздік қорын тұрмыстық заттарды білдіретін зат есімдермен, заттардың қасиеттері мен сапасын сипаттайтын сын есімдермен, адамдардың қарым-қатынасын, олардың еңбекке қатынасын білдіретін үстеулермен байытуды жалғастыру. Сөйлегенде көп мағыналы сөздерді, синонимдер мен антонимдерді қолдану дағдыларын пысықтау, белгілі бір затқа белгілерді, әрекеттерді және берілген әрекетке заттарды таңдай білу дағдыларын пысықтау. Алуан түрлі заттарды сипаттау дағдыларын, қарым-қатынас жасауға қажетті сөздерді қолдану және түсіну дағдыларын, оларды сөйлегенде белсенді қолдану дағдыларын пысықтау Зат есімдер мен жалпылаушы сөздерді дұрыс қолдану дағдыларын пысықтау Балалардың сөздерді мағынасына сәйкес қолдануларын пысықтау. Қазақ халқының салт-дәстүрлерімен таныстыруды жалғастыру, "Асар", "Сүйінші сұрау" дәстүрлерінің мәнін түсіндіру, балаларды бір-біріне көмек қолын созуға, бірлесіп, келісіп ойнауға, тапсырманы орындауға, бір-бірінің қуанышына ортақтаса білуге, бір-біріне қамқор болуға баулуды жалғастыру. **Тілдің грамматикалық құрылымы** Сөйлемдердегі сөздерді: зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен үйлестірулерін пысықтау. Түбірлес сөздерді жасау және қолдана білулерін, етістіктерді жалғаулармен қолдануларын, сөйлеу әдебін, жай және жайылма сөйлемдерді қолдануларын пысықтау. Интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдануларын пысықтау. **Байланыстырып сөйлеу:** Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру, әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап берулерін пысықтау, әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстауға, әдепті және сабырлы болуға үйретуді жалғастыру. Негізгі ойды дұрыс жеткізулерін , монологты байланыстырып құра білулерін, әңгімені бірізді айтуға, шағын логикалық және хабарлау сипатындағы әңгімелерді құрастыруларын пысықтау. Ойыншықтарды, заттарды, сюжеттік суреттерді, табиғат құбылыстарын сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдауға, сын есімдер мен үстеулерді қолдануларын пысықтау. **Шығармашылықпен сөйлеу қызметі** Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығару, бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау және хабарлау әңгімелерін құрастыру, өзара байланысты бірізді сюжет құрастыруларын, сөйлегенде бейнелі сөздерді, эпитеттерді, салыстыруларды қолдануларын пысықтау.

	Көркем әдебиет	**Кітап мәдениетіне және театрға қызығушылығын қалыптастыру** Балаларды қол жетімді көркем шығармалар мен фольклорға, театр әлеміне баулу, кітапқа деген қызығушылығын дамытуды жалғастыру. **Шығарманы қабылдау және әдеби талдау дағдылары** Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету, олардың мазмұнын түсіну, себеп-салдарлық байланыстарды ажыратуларын, тілдің көркемдігін сезінулерін (эпитеттер, сипаттамалар, образды сөздер), шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалау дағдыларын пысықтау **Мазмұндау және диалогтік сөйлеуді дамыту** Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, эмоциямен, қисынды қайталап айтып беру, диалогтік сөйлеуді дамыту, кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне Өз көзқарасын білдіру дағдыларын пысықтау. Әдеби кейіпкердің белгілі бір әрекетін өзінің қалай қабылдағаны туралы айтуға машықтандыру, Кейіпкерлердің астарлы іс-әрекетін түсіну деңгейін пысықтау **Мәнерлеп оқу және сахналық бейнелеу өнері** Өленді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту дағдыларын пысықтау. Көркем шығарманы рөлдерге бөліп, сахналау, рөлдерде кейіпкердің көңіл күйі мен мінезін, бейненің қимылын, интонациясы мен мимикасын беру дағдыларын пысықтау. **Эстетикалық қабылдау (иллюстрациямен жұмыс)** Балалардың назарын кітаптың безендірілуіне, иллюстрацияларына аударуға жалғастыру. **Коммуникативтік дағдылар және ақпаратпен алмасу** Баланың басқа құрдастарымен және ересектермен түрлі дереккөздерден: ғаламтордан, теледидардан, жақындарының әңгімесінен алған ақпараттарымен, әсерлерімен бөлісуіне мүмкіндік беруді жалғастыру Айналасында болып жатқан оқиғаларға өзінің көзқарасын білдіруге құлшынысын дамыту, сөйлегенде мақал-мәтелдерді қолдану дағдыларын пысықтау **Ауыз әдебиеті және шешендік өнерге баулу** Шешендікке, сөз өнеріне баулу, санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулуға жалғастыру. **Шығармашылық дербестік пен актерлік шеберлік** Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу, онда рөлді, сюжетті таңдауда бастамашылық пен дербестік танытуға ынталандыру, белгілі образды сомдауда эксперимент жасау, түрлендіру дағдыларын пысықтау.
	Сауат ашу негіздері	**Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру,** сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу. Сөздерді дыбыстық талдау дағдыларын пысықтау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау дағдыларын пысықтау. **Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру,** сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтаудағдыларын пысықтау. Буындардан сөздер құрастыру дағдыларын (ауызша) пысықтау. **Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру** (грамматикалық анықтамасыз), сөйлем сөздерден тұратынын

		түсіндіруді жалғастыру. Сөйлемді ауызша талдау дағдыларын пысықтау, жай сөйлемдерді сөздерге бөлуге, сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтауға. берілген сөзге сөйлем құрастыру дағдыларын пысықтау. **Қолды жазуға дайындау.** Жазу кезінде арқаны дұрыс ұстау дағдыларын пысықтау. Жазу парағында бағдарлай білу дағдыларын пысықтау, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білу дағдыларын пысықтау. Геометриялық фигуралардың, көгөністер, жеміс-жидектердің дайын суреттерінің сыртын шетке шығармай бастыру, бояу дағдыларын пысықтау. Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа, ұзын, толқынды, ирек сызықтарды, нүктелерді, тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі бойынша және кейіннен өз бетінше жазу дағдыларын пысықтау. Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарындашты дұрыс, еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салу дағдыларын пысықтау.
	Қазақ тілі	**Тілдік дамытушы орта** Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамытуды жалғастыру. Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен, киім-кешегімен, азық-түлік өндірудегі тұрмыстық кәсібімен, тұрмыста, аң аулауда, мал өсіруде және егіншілікке қажетті құрал жабдықтары, туған өлкенің көрнекі жерлері, әсем табиғаты, тарихи орындары туралы суреттер, фотолар, альбомдармен жабдықталған орта құруды жалғастыру. Балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге дағдыларын пысықтау, ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді, көркем сөздерді қолдану дағдыларын пысықтау. **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті** Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, ң, h дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айту дағдыларын пысықтау. Фонематикалық есту дағдыларын дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау дағдыларын пысықтау **Сөздік қор** Қазақ халқы қолөнер шеберлерімен жасалған киіз үйдің заттарын және тұрмыстық заттарды білдіретін (ши, бау, басқұр, арқан, жіп), азық-түлік атауларын (жент, құрт, сүзбе, шұбат, қымыз, айран) сөздерді қолдануға машықтандыру. аңшылық кәсіпті (аң, аңшы, орманшы, қорықшы), мал өсіруге байланысты (қора, жайлау, қыстау, жем, астау, соғым, сыбаға), егіншілік кәсіпке байланысты (дән, тұқым, суару, отау, ору, диірмен, орақ, кетпен, шалғы, айыр, күрек, тырма, соқа) сөздерді қолдануға машықтандыру. Туыстық қарым-қатынасты ("бауыр", "немере", "шөбере", "ағайын", "туысқан", "жеті ата") білдіретін сөздерді үйрету. Өзінің бауырлары, туыстары, ағайындары, татулық, жақындық, отбасылық мерекелер, салт-дәстүрлер туралы айтуға машықтандыру.

		Шағын өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтар жаттату, жұмбақтар шешу дағдыларын пысықтау. Балаларды шешендік өнерге, айтыс өнеріне баулуды жалғастыру. **Тілдің грамматикалық құрылымы** Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуге машықтандыру. Интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді машықтандыру. Өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізу дағдыларын пысықтау. **Байланыстырып сөйлеу** Өз бетінше қарым-қатынас жасауға, әңгімелесуге, әңгімелесушінің сөзін мұқият тыңдауға, сұрақтарды дұрыс қою, оған қысқа және толық нақты жауап беру дағдыларын пысықтау. Таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға машықтандыру, тыңдалған көркем шығарма мазмұнын ретімен жүйелі түрде жеткізу, кейіпкерлердің диалогын мәнерлі интонациямен беру, шығарманы рөлдерге бөліп сомдау, кейіпкерлердің мінез-құлқын жеткізу дағдыларын пысықтау, шығарманы еркін талқылауға мүмкіндік беру Балалардың түрлі әрекеттерінде бір-бірімен еркін диалог құруға мүмкіндік беру, өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыру, ойыншықтар мен заттарды 5-6 сөйлеммен сипаттау, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табу дағдыларын пысықтау. Заттар мен ойыншықтар, сюжетті суреттерді зат, сын, сан есімдерді қолдана отырып, сипаттауда сөздерді дәл және дұрыс қолдану, берілген мәтіннің басталуын және соңын ойдан құрастыру дағдыларын пысықтау.
	Математика негіздері	**Жиын** Жиынды сапасы бойынша әртүрлі элементтерден (түсі, өлшемі, пішіні, дыбысы, қимылы, қолданылуы бойынша заттардан) құру дағдыларын пысықтау, жиындарды бөліктерге бөлуге және оларды қайта біріктіру дағдылырын пысықтау, бүтін жиын мен оның әр бөлігі арасында байланыс орнату дағдыларын пысықтау, жиынның бөліктен үлкен екенін, бөліктің жиыннан кіші екенін, жиынның бөліктерін санау және элементтердің (заттардың) бір-біріне қатынасы негізінде салыстыру дағдыларын пысықтау. "Бір" сөзінің мағынасы, ол тек бір затты ғана емес, сондай-ақ жиынның бір бөлігі ретінде заттардың тобын білдіретінін түсіндіруді жалғастыру. **Сан және санау** 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санау дағдыларын пысықтау. Көрнекілік арқылы 6, 7, 8, 9, 10 сандарының пайда болуымен, 0 ден 9-ға дейінгі цифр туралы білімдерін пысықтау. "Қанша?", "Нешінші?" сұрақтарын ажырату, оларға дұрыс жауап беру дағдыларын пысықтау. 10 көлеміндегі сандарды салыстыруға машықтандыру, саны кем затқа бір зат қосу арқылы теңсіздіктен теңдік немесе саны көп заттан біреуін алып тастау арқылы теңдіктен теңсіздік шығару дағдыларын пысықтау. Теңдік туралы түсінік қалыптастыру, әртүрлі заттардан тұратын топтардың санын

		анықтау дағдыларын пысықтау, топтарды санау және салыстыру негізінде сандық мәндерді дұрыс жалпылау дағдыларын пысықтау. Заттардың саны олардың көлеміне, арасындағы қашықтыққа, пішінге, орналасуына, сондай-ақ санау бағытына байланысты емес екенін түсіндіру. **Шама.** Заттардың (5 және одан артық) ұзындығын, биіктігін, ені мен жуандығын анықтау дағдыларын пысықтау, заттарды шамасына қарай өсу және кему ретімен орналастыру дағдыларын пысықтау. Шамасы бойынша заттардың арасындағы қатынастарды білдіретін математикалық терминдерді қолдану дағдыларын пысықьау. Заттарды әртүрлі белгілері бойынша (түсі, пішіні, өлшемі, материалы, қолданылуы) салыстыру дағдыларын пысықтау. Салыстыру тәсілдерін қолдана отырып, заттарды салыстыру, заттар тобынан 2-3 белгілері бойынша сәйкес келмейтін затты бөліп алуға үйрету. **Геометриялық фигуралар** Шеңбермен және тіктөртбұрышпен салыстыру арқылы сопақша пішінмен таныстыруды жалғастыру. Геометриялық фигуралар (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) мен денелерді (шар, текше, цилиндр) дұрыс атап, оларды ажырату дағдыларын пысықтау. Танымдық-зерттеушілік қызығушылықты, ойлауды, алдына қойылған міндетті шешуде не істеу, қалай істеу керек екенін түсінуге, күрделі формадағы заттарды өз бетінше зерттеуге мүмкіндік беру, қоршаған ортадан геометриялық фигураларға ұқсас заттарды табу, олардың пішіндерін анықтауға машықтандару Пішіннің бір формасынан екіншісін қалай жасау керектігі туралы ұғымдарды дамытуды жалғастыру. Қағаз парағын тең және тең емес бөліктерге бөлу, бүтін мен бөлікті салыстыру, 8-10 бөліктерден пішіндерді жинап, құрастыруға үйрету. **Кеңістікті бағдарлау** Кеңістік туралы түсініктерді бекітуді жалғастыру: Сөйлеуде белгілі бір заттың өзіне немесе басқа затқа қатысты орнын көрсетуін пысықтау. Берілген бағытта, оны белгі бойынша өзгерте отырып, бағдарлауын қалыптастыруды жалғастыру. Қағаз парағын бағдарлау дағдыларын пысықтау. Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: заттарды кеңістікте орналастыруға дағдыларын пысықтау (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде); қозғалыс бағыттарын: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға, артқа) пысықтау **Уақытты бағдарлау** Әртүрлі оқиғалардың, апта күндерінің, тәулік бөліктерінің реті туралы білімді бекітуді жалғастыру. Айлар, жыл мезгілдері туралы түсініктерді қалыптастыруды жалғастыру, олардың ретін білуге және атауға машықтандыру, циферблат бойынша уақытты анықтау дағдыларын пысықтау. Тәулік бөліктерінің ауысуын ("кеше", "бүгін", "ертең"), оқиғалардың ретін ("алдымен – содан кейін", "бұрын – кейінірек") анықтау дағдыларын пысақтау**.** Заттар мен құбылыстардың математикалық мәнін тануға қызығушылық пен эмоционалды көзқарасты, ойлау

		мәдениетін, таным процесін ерікті реттеу, шыдамдылық, ұқыптылық, өзіне деген сенімділікті қалыптастыруға баулу Нүктелерді, өрнектерді салуға, тік және көлбеу таяқшаларды, қисық және қиғаш сызықтарды дәптердің тор көзінде сызуға үйретуді жалғастыру.
	Сурет салу	**Заттық және сюжеттік сурет салу**: Балалардың суретте қарапайым сюжеттерді: әлеуметтік оқиғаларды, қоршаған өмірдегі оқиғаларды, мерекелерді жеткізе білуін дағдыландыру. Өз бетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік бере отырып, шығармашылықпен бейнелеуге дағдыландыру. **Ұлттық мәдениет, сюжет және ұжымдық әрекет** Ұжымдық жұмыстарға қатыса отырып, күрделі сюжеттерді салуға дағдыландыру. Балалардың өзара қарым-қатынасын, бірлесіп әрекет етуін және өз ісі мен жолдастарының еңбегін (өз жұмысының нәтижелерін) бағалай алу қабілеттерін дамыту мақсатында дағдыландыру. **Техникалық дағдылар** Сюжеттерде қарапайым мағыналы байланыстарымен ондағы заттардың арасындағы кеңістіктік қатынастарды жеткізе білуге дағдыландыру.
	Мүсіндеу	**Заттық мүсіндеу** Жыл бойы үйренген заттарды (жемістер, ойыншықтар, жануарлар) ойдан өз бетінше еркін мүсіндеуге баулу. Адам мен жануар бейнесін, қол-аяқ қалыптарын шынайы дәрежеде мүсіндеу дағдыларын бекіту. **Сюжеттік мүсіндеу** Мүсінделген кейіпкерлер мен заттарды пайдалана отырып, шығармашылық сюжеттер құру және түрлі ойындар ойнауға баулу. **Декоративті мүсіндеу** Ұлттық бұйымдар мен тұрмыстық заттарды қалауы бойынша таңдап, оларды өрнектермен безендіру дағдыларын қорытындылау. **Техникалық дағдылар** Әртүрлі пішінді кескіштерді еркін қолдану, бетін дымқыл шүберекпен мінсіз тегістеу дағдыларын жетілдіру. Жұмысты басынан аяғына дейін ұқыпты орындау, құралдарды күтіп ұстау және қауіпсіздікті әдетке айналдыру.
	Жапсыру	**Қорытындылау және шығармашылық есеп** **Қайшымен жұмыс және қию тәсілдері** Жыл бойы меңгерген қиюдың барлық түрлерін (тура, қисық қию, ою, симметриялы, сұлбалы) еркін қолдануды қорытындылау. Ойдан әртүрлі бейнелерді екіге немесе қатпарлап бүктелген қағаздан жылдам әрі шебер қию дағдыларын бекіту. **Ұлттық бұйымдар және материалдармен жұмыс** Қазақ халқының тұрмыстық заттары мен киіз үй жабдықтарының үлкен панорамалық макетін (аралас материалдардан) жасау. Бұйымдарды ою-өрнектермен безендірудегі дербестікті, шығармашылық бастаманы тұрақты дағдыға айналдыру. **Сюжеттік композиция және кеңістік**

		Әлеуметтік оқиғаларды, балалар өміріндегі маңызды сәттерді («Қоштасу ертеңгілігі», «Жазғы демалыс») сюжеттік жапсыруда толық бейнелеу. Топпен бірлесе отырып композиция ережелеріне, сәйкес күрделі бейнелерді құрастыру және мақсатты жұмыс істеу дағдысын бекіту.
	Құрастыру	**Қорытындылау және еркін құрастыру** **Құрылыс материалдары мен конструкторлар** Жыл бойы алған дағдыларды қорытындылау құрдастарымен бірлесіп, үлкен сюжетті ойын алаңдарын еркін құрастыру. Ойынға қажетті құрылысты бірге жоспарлап, бір-бірімен толық келісіп орындау және дайын құрылыспен еркін ойнау дағдысын бекіту. **Қағаздан құрастыру** Өзінің құрастырған барлық қағаз бұйымдарын (бас киімдер, ыдыстар) талдау, тиімді конструктивті шешімдерді дербес қолдана білу. Қағаздан көлемді пішіндерді жасаудың барлық тәсілдерін еркін және шығармашылықпен қолдануды пысықтау. **Табиғи және қалдық материалдар** Табиғи және қалдық материалдардың барлық түрлерін (ағаш, жүн, асық, дән, мата) үйлестіріп, қорытынды шығармашылық көрме бұйымдарын жасау. Материалдармен жұмыс жасау кезіндегі толық дербестікті, шығармашылық бастаманы және мақсаттылықты тұрақты дағдыға айналдыру.
	Музыка	**Музыка тыңдау:** Балалардың патриоттық сезімін ояту мақсатында салтанатты марштарды, батырлықты дәріптейтін күйлер мен әндерді тыңдату. Музыкалық шығарманың мазмұнындағы тарихи оқиғалар мен жеңіс рухын сезінуге, оны музыкалық тілмен (мажорлық лад, нық ырғақ, үрмелі аспаптардың үні) сипаттауға үйрету. Қазақстанды мекендейтін түрлі ұлттардың музыкалық фольклорымен таныстыру арқылы толеранттылық пен мәдениеттілікті қалыптастыру. Шығарманың жанрын, формасын (екі немесе үш бөлімді) және негізгі тақырыбын өз бетінше анықтау қабілетін жетілдіру. **Ән айту:** Жыл бойы алған вокалдық дағдыларды қорытындылау: әуенді таза, мәнерлі және жауапкершілікпен орындау. Салтанатты мерекелік әндерді (Гимн, Жеңіс әндері) айту кезінде дауыстың күшін реттеу, асқақ әрі ашық дыбыспен айту машықтарын бекіту. Көпшілік алдында, үлкен сахнада ән айту мәдениетін, артистік қабілет пен эмоционалды ашықтықты дамыту. Ансамбльде орындау кезінде басқа дауыстармен үйлесімділікте болуды, музыкалық фразаларды логикалық нүктесіне дейін жеткізуді және демді үнемді пайдалануды соңғы сатыға дейін жетілдіру. **Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** Мерекелік шерулерге тән салтанатты қадамдарды, саппен жүруді және бағытты жылдам өзгертуді нақты орындауға баулу. Музыкалық ырғақтың ең күрделі суреттерін қимылмен көрсету, дене координациясын мінсіз деңгейге жеткізу. Ойын-жаттығулар арқылы балалардың төзімділігін, зейінін және топтық жұмыстағы ұйымшылдығын арттыру. Би қимылдары мен

		спорттық элементтердің ұштасуын (мысалы, жалаушалармен немесе гүлдермен жасалатын жаттығулар) музыкамен үйлестіруді қалыптастыру. **Билер:** Әлем халықтарының билерін («Достық биі») және әскери-патриоттық тақырыптағы би композицияларын меңгерту. Бидегі сюжеттің дамуын, кейіпкерлердің өзара іс-қимылын және сахналық суреттердің («жұлдызша», «күн сәулесі», «аллея») күрделі түрлерін орындауды үйрету. Ұлдардың биіндегі нықтық пен қайсарлықты, қыздардың биіндегі нәзіктік пен жеңілдікті шеберлік деңгейіне жеткізу. Сахналық костюммен жұмыс істеу, би атрибуттарын (жалаулар, шарлар, ленталар) орынды пайдалану мәдениетін бекіту. **Би шығармашылығы:** «Бейбітшілік құсы», «Мерекелік отшашу» немесе «Қош бол, балабақша» тақырыптарына еркін композициялар құрастыруға ынталандыру. Баланың жеке шығармашылық ерекшелігін көрсететін жеке (соло) импровизацияларға мүмкіндік беру. Музыканың екпіні мен көңіл-күйіне қарай қимылдарды өздігінен таңдау, сахналық образды соңына дейін ұстап тұру және эстетикалық ләззат алу қабілеттерін шыңдау. **Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау**: Үлкен мерекелік оркестр құрамында күрделі шығармаларды орындау дағдыларын бекіту. Темп пен динамиканың кенет өзгеруіне дирижердің нұсқауымен ілесу, өз партиясын нақты және сенімді орындау. Түрлі музыкалық аспаптардың (соқпалы, шулы, әуенді) дыбысын үйлестіріп, «Достық оркестрін» құру арқылы ұжымдық орындаушылық шеберлікті қорытындылау. Балалардың музыкалық есте сақтау қабілеті мен ырғақ сезімін ең жоғарғы көрсеткішке жеткізу.
	Қоршаған әлеммен таныстыру	**Бала, оның отбасы, үйі** Өзінің жасына сәйкес өмірінде болатын өзгерістерді, балабақшаға баруы, мектепке баруы, ересек азамат болып ер жетуі мен еңбек етуі, болашақта табысты болуы үшін білімнің қажеттігін түсінуіне, болашақта мектепте оқуға ынтасын арттыруға жалғастыру, жаңаны тануға, өз өміріне қажетті дағдыларды игеруге ықпал етуге жалғастыру. Өзінің болашағына, біліміне, денсаулығына, қызметіне, жетістіктеріне сенімді болуға, қоғамға пайдасын тигізуге машықтандыру. Еңбеккорлық пен жауапкершіліктің маңызын түсіну, өзін-өзі құрметтеу, өз күші мен мүмкіндіктеріне деген сенімділікті арттыруға жалғастыру.Туыстық байланыстарды түсіну (өз жұрты, атасы мен әжесі, жақын туыстары, нағашы жұрты), өзінің жеті атасын туралы білімдерін пысықтау. Үйде отбасы мүшелеріне қамқорлық жасау, үлкендерді сыйлау, кішіге ізет көрсету, үй шаруасына көмектесу, отбасы мүшелеріне жақсы көретінін білдіру, алғыс айту, сыпайы сөйлеуге үйретуді пысықтау. **Заттық әлем, кеңістікті бағдарлау** Заттар, олардың белгілерін нақтылау және бейтаныс заттардың қолданылуын пысықтау. Заттардың қандай материалдардан жасалғанын өз бетінше анықтау және талдау, олардың сапалары мен қасиеттерін сипаттауға үйретуді

		жалғастыру. Үй-жайларда, балабақша ауласында, жақын маңдағы шағын ауданда еркін бағдарлауларын пысықтау.. **Көлік, байланыс құралдары** Арнайы көлік құралдарының түрлерін, белгілі бір жұмыс түрін орындау үшін олардың жабдықталуын түсіндіруді жалғастыру. Ұялы телефон, смартфон, қолданылуын білу, оларды қолдануда қауіпсіздікті сақтауға үйрету **Еңбекке баулу** Әртүрлі мамандықтар, балабақша қызметкерлерінің еңбегі туралы түсініктерін пысықтау, еңбектің мазмұны, сипаты және нәтижесінің маңызын, түсінуге және бағалауға машықтандыру. Ата-ана еңбегін түсіндіру, адамдардың еңбектеріндегі өзара байланыстарды байқау. Еңбек ардагерлерін, карттарды құрметтеу, үлкенді сыйлау, олардың еңбегін бағалауға үйретуді жалғастыру Шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, дербестік пен жауапкершілікке баулуға жалғастыру Өзі мен құрдастарының еңбегінің, шығармашылық әрекеттерінің нәтижелерін бағалауға және құрметпен қарауға, кішілерге көмек көрсетуге, қажет болған жағдайда оларға жүгінуге баулу. Айналадағы заттар, ойыншықтар адамның еңбегімен жасалғанын түсіну және оларға ұқыпты қарауға үйретуді жалғастыру. **Адамгершілік және патриоттық тәрбие** Балаларды адамгершілік құндылықтарға, өз іс-әрекеттері мен басқа адамдардың іс-әрекеттерін бағалай білуге, өзінің іс-әрекетіне басқалар пікірін білдірген жағдайда ол пікірді дұрыс қабылдауға, өз ісіне адал болуға, еңбек етуде, шығармашылық әрекеттерде нәтижеге жетуге ұмтылуға үйретуді жалғастыру. Айналасындағыларға әрқашан әділ болуға, оларға қолдау көрсетуге, көмек беруге, жалған сөйлемеуге, өзінің педагогтерін, үлкендерді сыйлауға, кішіге қамқор болуға баулуды жалғастыру. Өз құрдастарын тарта отырып, ұлттық ойындар ойнау, Қазақстан мемлекетінің рәміздеріне құрмет көрсетуге үйретуді жалғастыру. Туған өлке, ел, Отан, мемлекеттік және халықтық мерекелер, еліміздің рәміздері, оның маңызы туралы білімдерін пысықтау. Қазақстан Республикасының Президенті, оның халық үшін атқаратын қызметінің маңыздылығын түсіндіруді жалғастыру. Қазақстан Республикасының бас қаласы – Астана, республикадағы қалалар мен ауылдардың атаулары, олардың көрікті жерлері, ауыл мен қала өмірінің ерекшеліктері туралы ұғымдарын пысықтау. Мемлекеттік мерекелердің (Қазақстан халқының бірлігі мерекесі, Отан қорғаушы күні, Жеңіс күні, Астана күні, Қазақстан Республикасының Конституциясы күні), оларға белсенді қатыстыру. Өз Отанын жақсы көру, оны қорғаудың, Қазақстан әскерінің маңыздылығын түсіну. Ұлы Отан соғысы жылдарында Отанын қорғаған қазақстандық жауынгерлердің - Кеңес Одағының батырлары Бауыржан Момышұлының, Әлия Молдағұлованың, Мәншүк Мәметованың, Халық

		қаһарманы Рахымжан Қошқарбаевтың ерліктері туралы білу, оларды құрметтеуге тәрбиелеу. **Жол қозғалысы ережелері** Жолда қауіпсіздік ережелерін пысықтау. Жол белгілерін (жүру бөлігі, жаяу жүргіншілер өткелі, тротуар, велосипед, электросамокат, гироскутер, сигвейге арналған жол) білу, бағдаршамның белгілеріне сәйкес жолдан өтуге ережелерін пысықтау. Жол қозғалысының қарапайым ережелерін, жаяу жүргіншілер мен велосипедшілердің қозғалыс ережелерін пысықтау.. **Табиғатпен таныстыру** Өлі табиғат заттарын адамның қолымен жасалған заттардан ажыратуға машықтандыру. Тірі және өлі табиғат, табиғат құбылыстары (маусым, адам еңбегі) арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және түсіндіру. Балалардың зерттеу әрекеті үшін жағдай жасау, табиғатпен таныстыру барысында заттар мен құбылыстардың өзіне тән, сипаттамалық белгілерін бақылау, талдау, салыстыру, ажыратуды пысықтау. Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту. "Өлі табиғат" ұғымымен таныстыру (мұз сүңгілері, жаңбыр); Адам өмірі үшін судың, құмның, күн, ай сәулесінің, саздың, тастардың маңызы туралы білімдерін пысықтау.. **Өсімдіктер әлемі** Туған өлкенің өсімдіктері (ағаштар, бұталар, гүлдер, шөпті өсімдіктер) туралы түсініктерін кеңейту, "орман", "шалғын" және "бақша" ұғымдарымен таныстыруды жалғастыру. Өсімдіктердің тірі тіршілік иесі екендігін бақылау және себеп-салдарлық байланыстарды ажырату: өсімдік жапырақтары, сабақтарының қозғалуы, гүлдердің күн шыққанда жапырақтарының ашылуы және кешке жабылуы, тамырдың суды сорып, сабағы арқылы су өткізіп, басқа бөліктерін қоректендіруі туралы түсіндіруді жалғастыру. Өсімдіктердің өсуі үшін ылғалдың, жарықтың, жылу мен тыңайтқыштың қажеттігі олардың жылуды, суықты, күнді немесе бұлтты ауа-райын сезуі, олардың өсуі және көбеюі. Өсімдіктерге қажеттіліктеріне сәйкес күтім жасау әдістерін білу: оларды суару, түбін қопсыту, жапырақтың шаңын сүртуге үйретуді жалғастыру.. Нанға ұқыпты қарауға, бидайды өсіруге және өндіруге қатысатын адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. **Жануарлар әлемі** Қазақстан аумағын мекендейтін жануарлар мен олардың төлдерін атау және олардың өздеріне тән белгілері бойынша ажыратуға үйретуді жалғастыру. Бақылау арқылы төрт түліктің пайдасын білу, оларды күтіп-баптау, жылдың әр мезгілінде олардың сыртқы түрі мен тіршілік ету ерекшеліктерін сипаттау, жыл құстары мен қыстайтын құстарды ажырата білуге, құстардың пайдасы туралы білімдерін пысықтау, оларға қамқорлық жасау. Жануарлардың тірі тіршілік иесі екендігін бақылау және себеп-салдарлық байланыстарды ажырату: жануарлар қозғалады (жүреді, жүгіреді, секіреді, ұшады, қозғалады); қоректенеді (өсімдіктердің жапырақтары, сабағы, бұтақтары,

		қабығы, шырыны, тұқымдарымен, етпен, жәндіктермен); өседі және көбейеді, қоршаған ортаны көз, мұрын, тіл, құлақ, тері көмегімен сезе білуге үйретуді жалғастыру. Жануарларды әртүрлі белгілері бойынша: құстар, балықтар, жануарлар, аңдар, жәндіктер, мекендеу орны (орман, шалғын, су айдыны, бақша, бақ, алаң); қозғалу тәсілі (жүгіру, ұшу, секіру, жүзу); табиғи-климаттық аймақтар (ақ аю, итбалық, пингвин, жираф, піл, маймыл) бойынша топтастыруға үйрету. **Қарапайым экологиялық ұғымдарды,** адамның табиғаттың бір бөлігі екенін және оны қорғау, сақтау керек екенін, күн мен ауаның адам, жануарлар мен өсімдіктер өміріндегі маңызы туралы, табиғатпен қарым-қатынас барысында денсаулықты нығайтуды, табиғатты сақтауда жауапкершілікті сезіне білуге үйретуді жалғастыру **Қоғамдық орындарда мінез-құлық ережелері** туралы; үйдегі, балабақша тобындағы міндеттері туралы түсініктерін кеңейту. Ненің "дұрыс" немесе "дұрыс емес", "жақсы" немесе "жаман" екенін түсінуге және ажыратуларын машықтандыру. Балаларды жалпы қабылданған нормалар мен ережелерді саналы түрде орындауға баулуды жалғастыру. Ережелер барлығына жақсы болуы (қарапайым, жайлы, қауіпсіз) үшін жасалатынын балалардың түсінуі маңыздылығын пысықтау Қоршаған ортада, табиғатта тәртіп ережелерін білуге; өз өмірінің қауіпсіздігін сақтауға (бейтаныс адамдармен сөйлеспеу, ойнамау, бөтен машиналарға отырмау, бейтаныс адамдардың өтініштерін орындамау, олардың соңынан ермеу) үйрету. Мобильді құрылғыларды қолдану кезінде қарапайым қауіпсіздік ережелерімен таныстыру. (күніне ата-аналардың рұқсатымен 30 минуттан артық емес мобильді құрылғыларды қолдану)